По запросам производства на кафедре под научным руководством Надирова Н.К. начались исследования по направлениям: "Каталитический крекинг керосино-газойлевых фракций Мангышлакских нефтей", "Разработка буровых растворов для нефтяных скважин", "Регенерация отхода сернокислотного алкилирования". Этот период явился началом плодотворной работы кафедры не только в учебно-воспитательном, но и в научном плане. В это время научные исследования начали активно проводить аспиранты, сотрудники, ППС кафедры, появились первые научные публикации по нефтепереработке, переработке полимеров.

В те годы была огромной нехватка преподавательских кадров. Лучших выпускников института стали направлять в аспирантуры Москвы, в частности, в Московский химико-технологический институт имени Менделеева, Новосибирска, Томска. Именно они потом составляли костяк профессорско-преподавательского состава вуза. Благодаря ему вуз вскоре получил много молодых талантливых преподавателей, которые создавали свои школы.

В 1997 году в связи с реорганизацией структуры университета кафедры "Технология переработки пластмасс" и "Технология переработки нефти и газа" были объединены в одну кафедру "Технология нефти, газа и полимеров".

В начале своего пути развития с 1970 годов кафедра в соответствии с запросами нефтеперерабатывающих предприятий Республики Казахстан расширила тематику исследований и начала заниматься комплексным исследованием новых нефтей Западного Казахстана. В результате таких широкомасштабных исследований в этот период аспиранты, научные сотрудники и преподаватели под научным руководством д.х.н., профессоров Надирова Н.К., Омаралиева Т.О. и Мирфаизова Х.М. защитили кандидатские диссертации: Пусурманова Г.Ж., Калдыгозов Е.К., Мадыханова К.С., Джалилов К.А., Керимбеков С.К., Евдокимов Ю.В., Палачев В.Н., Галеев Р.Г., Белоусов А.Н., Еркебаева Г.Ш., Абубакиров Р.Ш., Шалбаев Б.Б., Танашев С.Т., Хлебова С.В., Долгополова В.А., Даутбаев М.Т., Сулейменов Т.С., Сырманова К.К., Бейсебаев М.Ж., Яковлева Е.И., Ривкина Т.В., Абзалова Д.А., Сакибаева С.А. продолживших трудовую деятельность в ведущих университетах и производственных объединениях Казахстана и других стран



Коллектив кафедры «Нефтепереработка и нефтехимия» ЮКУ им.М.Ауэзова

В дальнейшем обобщая свои теоретические и практические научные исследования защитили докторские диссертации в ведущих университетах Москвы, Ленинграда, Алматы, Ташкента: Мирфаизов Х.М., Омаралиев Т.О., Калдыгзов Е.К., Сырманова К.К., Галеев Р.Г., Айтымбетов Н.Ш., Кедельбаев Б.Ш.; кандидатские диссертации - Алимбаев К.Р., Махашов Е.Ж., Дауренбек Н.М., Туребекова Г.З, Тауасаров Ш.У., Бимбетова Г.Ж., Идрисов М.Дж., Надилова Ж.К., Суйгенбаева А.Ж., Орынбасаров А.К., Тортбаева Д.Р.

Результаты научно-исследовательских работ были внедрены на нефтеперерабатывающих заводах Атырау, Павлодара, Куйбышева, Красноводска, "Шымкентский шинный завод", завод "Электроаппарат".

Профессорско-преподавательским составом кафедры "Технология нефти, газа и полимеров" опубликованы более 1000 научных трудов, получено более 50 авторских свидетельств и патентов СССР и РК, выпущены монографии, учебники и учебные пособия.

Наше прошлое - часть нас самих. Это наш опыт, наше развитие, наши знания, чувства. Но самое главное вот что: наше прошлое может стать бесценным ресурсом. Великий ученый М.В. Ломоносов утверждал, что «народ, не знающий своего прошлого, не имеет будущего». Простая и точная мудрость наших предков, которая позволяла жить и развиваться, используя накопленный веками опыт.

Повсеместный призыв к инновациям, который можно услышать из каждой передачи новостей, сводится к тому, что нужно в нашу страну привозить новые технологии и разрабатывать ноу-хау. Мне кажется, это правильные примеры, которыми мы можем гордиться и на которые должны равняться.

Мы очень хотим, чтобы наши студенты изучали работы наших ученых, проникались тем бережным и духовным отношением, с которым они вели свои исследования. Смотрели на их лица на потемневших портретах и помнили, что каждый из них был велик тем, что думал сначала о своей стране, а потом о себе. Чувствовали, что раньше государство уважало, было заинтересованно и гордилось такими людьми! Такое

прошлое важно и нужно помнить, если мы хотим построить правильное будущее. Смогли же эти выдающиеся люди открыть специальности, готовить будущих инженеров-руководителей нефтяной и полимерной отраслей, вести научные исследования. внести свой вклад, чтобы сделать Казахстан развитой и культурной страной – значит, и мы сможем!

Студенты проводят научно-исследовательскую работу.
Научный руководитель-профессор Сырманова К.К

Сегодня кафедра "Нефтепереработка и нефтехимия" ведет подготовку бакалавров, магистров и докторов PhD по образовательным программам: Химическая технология органических веществ, Нефтехимия, Технология переработки нефти и газа «Технология производства и переработки полимеров», «Технология фармацевтических и парфюмерно-косметических средств». За последние пять на кафедре подготовлено более 100 магистрантов и 12 докторов PhD.

На кафедре функционируют: курсы повышения квалификации для преподавателей колледжей, вузов, инженерно-технических работников предприятий и организаций; научно-исследовательский центр «Нефтехимия, органический синтез и катализ»; УНПК на базах: ТОО «Экошина», ТОО «ПетроКазахстанОйлПродуктс», ТОО «Hill- corporation»; филиал кафедры на базе ТОО «Hill-corporation»; летняя школа нефтяного инжиниринга, секция Республиканского учебно-методического совета (РУМС) МОН РК «Химическая инженерия и процессы».

В 2019 году образовательные программы «Химическая технология органических веществ» (ХТОВ) бакалавриата и магистратуры прошли реаккредитацию в международном аккредитационном агентстве ASIIN (Германия). Образовательные программы ХТОВ (докторантура), Нефтехимия (магистратура) реаккредитованы в НАОКО. Одним из показателей эффективности работы кафедры является место в рейтинге образовательных программ. По результатам рейтинга среди ВУЗов Казахстана образовательные программы кафедры занимают лидирующие позиции.

Профессорско – преподавательский состав является главным ресурсом обеспечения учебного процесса, передачи полноценных знаний, умений и навыков обучающимся. 7 преподавателей кафедры являются обладателями звания «Лучший преподаватель вуза» МОН РК.

Учебная и научно-исследовательская работа подчинена главной задаче-обеспечению тесной связи с промышленными предприятиями нефтегазового комплекса, отраслевой наукой РК. На кафедре созданы все необходимые условия для проведения фундаментальных, прикладных, научно-исследовательских, опытно-конструкторских работ, а также для инновационной деятельности. Материально-техническая база кафедры «Нефтепереработка и нефтехимия» включает 7 профильных лабораторий кафедры оснащенных современным оборудованием и приборами.

Приоритетными темами научных изысканий, проводимых на кафедре, являются исследования в области нефтепереработки и нефтехимии. В настоящее время на кафедре выполняется 4 госбюджетных НИР и выполнены 5 научных проектов в рамках грантового финансирования и 1 работа в рамках программно-целевого финансирования МОН РК. Результаты НИР внедряются в производство и учебный процесс, оформляют в виде статей, докладов и т.д.

. Студенты кафедры являются победителями конкурсов и конференций международного, республиканского и регионального значений: Республиканской предметной олимпиады по специальности «Химическая технология органических веществ» республиканского конкурса дипломных работ и проектов, конкурса НИРС МОН РК и т.д.

Постоянно расширяется инновационная учебно-научно-производственная деятельность на базе предприятий и организаций. Так, на базах УНПК ТОО «ЛКОП», ТОО «ЭКО-Шина» и филиала кафедры на ТОО «Hill- corporation» проводятся занятия по профилирующим дисциплинам.

Производственная практика студентов и научная стажировка магистрантов, докторантов проводится на базе нефтеперерабатывающих и нефтехимических предприятий и вузов РК и СНГ: ТОО «ПетроКазахстанОйлПродактс»; ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод»; ТОО «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.»; ТОО «Шымкентский завод полипропиленовых изделий», ТОО «Экошина», ТОО «Триумф», ТОО «Нефтехимстрой-Юг»; ТОО «Hillcorporation»; РГУ нефти и газа им.И.М. Губкина; ГУП Институт нефтехимпереработки; Казанский национальный исследовательский технологический университет; Международный государственный экологический институт им.А.Д.Сахарова; Самарский государственный технический университет.

. В рамках Сетевого Университета СНГ о ведется совместная подготовка магистров по направлению «Химическая технология органических веществ» по магистерской программе «Технология переработки нефти» с Российским государственным университетом нефти и газа им. И.М.Губкина, Самарским государственным техническим университетом и Кубанским государственным технологическим университетом.

Кафедра большое внимание уделяет работе по укреплению международной связи и академической мобильности студентов. На кафедре «Нефтепереработка и нефтехимия» функционирует Летняя школа нефтяного инжиниринга. Образовательная программа в Летней школе осуществляется профессорско-преподавательским составом кафедры, приглашаются специалисты из СНГ и стран дальнего зарубежья, включая руководителей из ведущих компаний нефтегазовой сферы Казахстана.

Обсуждение диссертационной работы докторанта Алипбековой Ж.К. на расширенном заседании кафедры «Нефтепереработка и нефтехимия»

Отрадным является то, что профессорско-преподавательский состав кафедры внес свой вклад во всемирное достижение Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова, достойно вошедшего в топ-500 ежегодного мирового рейтинга университетов QS WorldUniversity Rankings2021/2022.

Действительно, когда наука достигает какой-либо вершины, с нее открывается обширная перспектива дальнейшего пути к новым вершинам, открываются новые дороги, по которым наука пойдет дальше.(С.И. Вавилов).

На современном этапе жизни развитие современной науки научный подход к миру приобрели новую остроту и актуальность. Прежде всего, они касаются того положения, в котором находится нынешнее общество. Сегодня в мире наступил информационный этап развития. Всеобщая компьютеризация дала возможность использовать цифровые технологии во многих сферах жизни. Их применение требует новых знаний, навыков и умений, приобретение которых и должна обеспечить современная наука. Невозможно переоценить роль науки в современном обществе, ведь сегодня она оказывает огромное влияние на многие сферы жизни и деятельности людей. Не вызывает сомнений и то, что от степени развития науки зависят все показатели развития общества -экономические, культурные, образовательные.

Наука развивает не только человека, который ей занимается, но и служит просвещением для всего общества. Именно она помогает нам сотрудничать между собой. Именно благодаря науке человек пытается создать, идеальное и самое главное, человеческое общество. «Задача предстоящего четвёртого десятилетия – стать могучей страной и зрелой нацией. Попутно нам необходимо продолжить процесс политических и экономических реформ и модернизации сознания, сформировать новую идентичность нации, адаптированную к современным требованиям», – отметил Президент Республики Казахстан.

Прошлый век принес технологические, экономические и социальные изменения в жизнь людей. В условиях развертывающегося научно-технического прогресса она

оказывает огромное влияние на подъем производительных сил, на развитие народного хозяйства, особенно в создании материалов, которые не может дать природа, и разрабатывает принципиально новые методы воздействия на природные вещества для преобразования их в продукты, необходимые человечеству.

Химическая наука в нашей стране по-прежнему сильна и стоит на передовых позициях. А это значит, что молодежь может уверенно сделать свой выбор и идти с наукой в ногу. Ориентируясь на мировые процессы глобализации, молодое прогрессивное поколение Казахстана испытывает потребность в получении глубоких научно - интегрированных знаний, т.к. современный рынок труда требует высокой конкурентоспособной образовательной квалификации специалистов, умений вести научно обоснованную профессиональную работу на промышленных предприятиях.

Поэтому подготовка высококвалифицированных специалистов для нефтехимической отрасли востребованных в мировом пространстве, является первостепенной и насущной задачей всего коллектива кафедры «Нефтепереработка и нефтехимия» Южно-Казахстанского университета им.М.Ауэзова.

ӨОЖ 37.091.3:004

¹Калкабаев А.М., ²Калкабаева С.А.

¹Шымкент қаласының туризм және сыртқы байланыстар басқармасы туризм саласын дамыту бөлімінің басшысы, экономика ғылымдарының магистрі, Шымкент, Қазақстан

²медицина ғ.д., профессор, М.Ауезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУДА ЦИФРЛЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАҢА ДАМУ БАҒЫТЫ

Түйін: Бұл мақалада педагогиканың трансформациясының өзекті мәселелері қарастырылып, қоғамның цифрлық экономикаға көшу жағдайында қазіргі білім берудегі өзгерістердің ерекшеліктері қарастырылып, цифрлық педагогиканың мәні нақты айқындалған. Цифрлық түрлендіру құралын пайдалану бойынша зерттеу нәтижелері интерактивті дәріс мысалында берілген, мұнда онлайн-прокторинг жүйесіне, білімді бағалау және студенттердің сабаққа қатысуын бақылау құралдарына ерекше көңіл бөлінеді.

Кілт сөздер: білім беруді цифрландыру, рефлексия, прокторинг, цифрлық педагогика, транспаренттік, интерактивті дәріс, педагогиканың трансформациясы, модернизация.

Елбасының Қазақстан халқына арнаған 2012 жылғы «Қазақстан – 2050 стратегиясы» –қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында «Білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарларын» атап өтті [1].

Аталған міндеттерді жүзеге асыруда Қазақстанда болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың қазіргі кезеңдегі жай-күйіне талдау жасауда жоғары оқу орындарының алдына әлеуметтік этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық, кәсіби құзіретті, сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отырғандығы анықталды.

Педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұның өзі оларды жаңа ғылыми педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқыту теориясы мен әдістемесін игерген кәсіби-педагогикалық құзіреттіліктің жоғары деңгейін меңгерген маман ретінде даярлау мәселесін шешу көзделуде. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу,

білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері атап көрсетілген [2].

Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың заманауи технологияларын енгізу арқылы және оларды тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Қазақстанда білім беруді жаңғырту - бүгінгі заманның талабы. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жолға қойылып келеді. Оған мамандарды қайта оқыту, заманауи білім беру, түрлі жаңа технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру сынды мысалдарды айтуға болады. Еліміздегі білім беру жүйесін жетілдірудің басты мақсаты - еліміздегі білімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Білім мен ғылымның дамуы - адамзат өркениетінің өлшемі. Білім саласы үнемі жетіліп, жаңарып отыруды қажет етеді [3].

Біз өмір сүріп отырған қазіргі кезең - бұл жаңа дәуір, жаңа көзқарасты, жаңашылдықты талап ететін кезең. Соның ішінде, білім саласында болып жатқан жаңа өзгерістердің мәні мен маңызы зор. Сондықтан бүгінгі таңда педагогтардың алдында білім беруде түйінді құзыреттілікті меңгеру қажеттілігі туындап отыр. Екінші жағынан, еліміздің халықаралық экономикалық қауымдастыққа енуі білім беру саласындағы өзгерістерге байланысты жаңа жағдайда жұмыс істеуге қабілетті педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

XXI ғасыр - технологиялар ғасыры. Мобильдік құрылғылар, интернет желілері өмір сүрудің қарапайым күнделікті дағдысына айналып, ақпараттық технология адам өмірінің маңызды бөлшегі болып кірігіп кетті. Сандық қоғам, сандық орта қалыптасты. Дамыған мемлекеттер технологияларды адам игілігіне пайдалану мүмкіндіктерін мейлінше арттырып жатыр. Интернет желілері адамның әр түрлі бағытта дамуына мол мүмкіндік береді. Адам үйде отырып- ақ, кәсіпкерлікпен де, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де, шығармашылықпен де айналыса алады. Әлеуметтік желілер арқылы адамның өзінің барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жол ашылды. Ақпараттық қоғамда адамның өзіндік ойлауы, әрекетке шығармашылық тұрғыдан қарап, ыңғайлы жол таба білуі маңызды болып табылады. Соның нәтижесінде интеллектуалды экономика қалыптасып, технологияның қарқынды дамуына мүмкіндік туады.

Бұл өзгерістер алдымен, білім саласына тікелей байланысты. Соған орай білім берудің жаңа философиясы қалыптасып, модернизация қарқынды жүріп келеді. Заманауи технологияларды пайдалану педагогикалық процестің ажырамас атрибуты болып отыр [4].

Заманауи тез өзгертін орта бізді қоршап тұрған барлық нәрсеге түбегейлі жаңа көзқараспен қарауды талап етеді. Өзгеріс пен реформа ұғымының өзі қалыптасқанды трансформациялау немесе қайта құру ретінде жаңа мағынаға ие болады.

Барлық елдер оқытудың жаңа мазмұнына, жаңа формалары мен әдістеріне шығармашылық ізденіс үстінде. Бұл ізденіс әртүрлі елдердің пионерлері жүзеге асырған эксперименттер мен инновациялық білім беру жобаларында көрінеді.

Олар бірге заманауи білім берудің даму тенденцияларын қалыптастырады.

Біз оларды біліп, түсініп, жұмысымызда ескеруіміз керек. Жалпы, мынадай әлемдік білім беру тенденцияларын бөліп көрсетуге болады:

Пәнаралық. Тақырыпты әртүрлі пәндік салалар тұрғысынан зерделеу тереңірек және тұтас түсінуді қамтамасыз етеді, сыни ойлауды дамытады және ғылымның жаңа көкжиектерін ашады.

Оқытудың белсенді әдістері. Заманауи мұғалімнің негізгі қызметі – тек білім беру емес, білім алуға жағдай жасау және бағыт-бағдар көрсету. Сонымен қатар, профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби деңгейіне қойылатын талаптар да артып келеді.

Еркіндік пен жауапкершілік. Жаһандық білім беру үрдісі- студенттерге қандай пәндерді және қалай оқығысы келетінін таңдау мүмкіндігін беру әрекеті болып табылады. Студенттер өздерін қызықтыратын пәндердің комбинациясын және олардың әрқайсысын терең ұғыну дәрежесін таңдай отырып, жеке траектория бойынша қозғалуға мүмкіндік алады.

Диджитализация (цифрландыру) өміріміздің барлық саласы ұстануға тиісті үрдіс. Цифрландырудың мәні – ақпараттық технологияларды қолдану арқылы өміріміздің әртүрлі процестерін жақсарту.

Оффлайн сабақтарды толықтыру үшін онлайн платформаларды пайдалану процесті жеңілдетеді және мұғалімдерге түсетін жүктемені азайтады.

Аралас білім беру. Студенттер платформада теорияны өз бетінше оқып, сабақ уақыты тікелей пікір алмасуға, тәжірибеге, топтық жұмысқа, шығармашылық ізденіске және адамдардың өзара әрекеттестігіне арналған кезде, әлемде көбірек университеттер аралас білім беру форматтарына ауысуда.

Геймификация – ойыннан тыс мақсаттарға жету үшін ойын элементтері мен механикасын қолдану. Ойын техникасы әсіресе қашықтықтан оқытуда танымал.

Сонымен, цифрлық және технологиялық мүмкіндіктер әлемінде технологияны пайдалана білу жеткіліксіз, технология сіздің жұмысыңызды жақсы орындауға қалай көмектесетінін түсіну маңызды. Бұл білімді қажет етеді.

Цифрлық білім беру үдерісінің ретсіз болмауы және ғылыми-әдістемелік негізде жүзеге асырылуы өте маңызды, ол цифрлық педагогика.

Цифрлық педагогика – сандық білім берудің мәні мен заңдылықтарын ашатын педагогика ғылымының саласы. Сандық педагогиканың қазіргі көзқарасы әдістемелік тұрғыдан дайын болуы керек мұғалімнің маңызды рөлін қамтиды.

Пандемия дәстүрлі білім беру технологиялары бұрынғыдай тиімді жұмыс істемейтінін көрсетті. Ал цифрлық технологиялар әлі біз қалағандай тиімді жұмыс істеп тұрған жоқ.

Заманауи технологияларды пайдалану педагогикалық процестің ажырамас атрибутына айналғанда, оқушыларды қалай тарту керек, олардың зейінін қалай ұстау керек, қашықтықтан өзара әрекеттесу процесін қалай тиімді, пайдалы және қызықты ету керек деген тағы бір өзекті мәселе туындайды.

Цифрлық педагогиканың міндеті – мұғалімдерді жаңа техникалық құралдармен қамтамасыз ету және онымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Дегенмен, цифрлық педагогика жоғары білімнің мақсаттары мен міндеттеріне әсер етпеуі керек [5]. Цифрлық педагогика феномені білімді интеграциялау, білім беру стандарттарын модернизациялау, оқыту мен бақылау әдістерін әзірлеу, құзыреттіліктерді жаңартудың жаңа мүмкіндіктері арқылы талданады.

Сандық педагогиканың ерекшелігін анықтау қажет. Осы мақсатта біз онлайн-проктинг жүйесіне, білімді бағалау құралдарына және студенттердің сабаққа қатысуын бақылауға ерекше назар аударылатын интерактивті дәріс мысалында цифрлық түрлендіру құралын қолдану бойынша зерттеу нәтижелерін назарларыңызға ұсынамыз.

Біз зерттеуіміз үшін АҚШ-тағы ең кең тараған дәріс түрін таңдадық: Zoom бағдарламасында студенттер тест тапсырмаларын шеше алатын және чатта немесе дауыстап сұрақтар қоя алатын тікелей дәріс. Google Forms қосымшасы қолданылды. Интерактивті дәрістің құрылымы мыналардан тұрады: теориялық бөлім; дәріс тақырыбы бойынша 5 тест сұрақтарын шешу арқылы студенттермен кері байланыс; шығу картасы (рефлексия). Маңыздысы визуалды логика, материалды беру ырғағын, мөлшерлеу және

қарым-қатынас стилін ұстану.

Интерактивті дәрісте пайдаланатын дайын құралдардың бірі фреймворк болып табылады, ол студенттердің сабаққа қатысуын бақылауға және кері байланыс арқылы білімін бағалауға жақсы көмектеседі.

Мысалы, дәрістің теориялық бөлімін аяқтағаннан кейін студентке чат арқылы сілтемені жібереміз, онда ол ұсынылған 5 тест сұрағын ашып және бірден шешеді, алған ұпайларының нәтижесімен танысады, содан кейін «жіберу» түймесін басу арқылы оны лекторға қайтарады.

Оқытушы қадамдық жүйе арқылы толық ашық түрде өңделген әрбір тест сұрағының нәтижелерін зерттейді және сабаққа қатысқандарды уақыты, тегі, топтары, ұпайлары бойынша «Қатысудың жиынтық статистикасы» кестесінен көре алады. Одан кейін лектор диаграммалар түрінде берілген әрбір тест сұрағы бойынша дұрыс жауаптарды талдай алады.

Бұл ақпараттық ашықтықты, ақпараттың қолжетімділігіне негізделген айқындылығын көрсетеді.

Дәріс соңында университет диспетчеріне «қатысудың жиынтық статистикасы» түріндегі қорытынды кесте жіберіледі.

Бұл ретте сканерленген көшірмелер, скриншоттар, фотосуреттер және сабаққа қатысуды бақылау түрінде тексеру үшін орындалған тапсырмаларды міндетті түрде жүктеп салу қажеттілігі жойылады.

Келесі кезекте шығу картасы (рефлексия) арқылы ынтымақтастық технологиясын пысықтау. Рефлексия оқушыларды шығармашылыққа, сыни тұрғыдан ойлауға, топпен жұмыс жасай отырып, шешімін таппаған мәселелерді шешуге, оқытуды ұйымдастырудың тиімді және кемшіліктерін көруге, нәтижені бағалауға үйретеді.

Осы зерттеу нәтижесінде цифрлық педагогиканың ерекшелігі білім беру қызметінің сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі ретінде анықталды.

Ол, біріншіден, білім беру қызметі сапасының негізгі көрсеткіштерін құрайтын әртүрлі аспектілерді тарту арқылы бүкіл оқу процесіне абсолютті әсер етуден тұрды.

Екіншіден, цифрлық мұғалім ішінара өзі үйренуші болып табылады, өйткені ол үнемі жаңа білімді игереді, бұл осы тәсілді қолданудың прогрессивтілігін көрсетеді.

Ал үшіншіден, педагогиканың бұл түрі жабық мәліметтер базасы арқылы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орнында қашықтықтан оқытуды жетілдірудің негізгі бағыты интерактивті білім беру технологияларын іздестіру және енгізу болып табылады: кейстер, проблемалық және ситуациялық тапсырмалар, семинарлар, оларды жүзеге асыру барысында оқытушы мен студенттің өзара әрекеті ғана емес, сонымен қатар студенттік топ ішінде де.

Оқытушы мен студенттердің бір-бірімен кері байланысын біріктіретін қашықтықтан оқыту курстары аясында тапсырмаларды әзірлеу стандартты емес кәсіби мәселелердің шешімін іздеу кезінде өте пайдалы және нәтижелі.

Осылайша, цифрлық білім беру педагогика мен оқу процесін кеңейтуге, түрлендіруге жағдай жасайды, сонымен қатар мұғалімнің мүмкіндіктерін кеңейтетін, бірақ оны алмастырмайтын ыңғайлы құрал ғана болып қала береді. Цифрландыру жағдайында жаңа технологиялық платформаларды, мұғалімнің жаңа рөлін және білім беру дизайнын қамтитын жаңа білім беру экожүйесі қалыптасады [6].

Қорыта келе, қазіргі талаптың басты міндеті - педагог мамандардың кәсіби құзырлығын қалыптастыру мен біліктілігін үздіксіз арттыруды, ғылыми- әдістемелік қызметтің жаңашылдығын, түрлері мен әдістерін іздестіруді қамтамасыз ету, оны үйлестіре білу болып отыр. Сондықтан қазіргі заманауи білім беруде әр оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа

тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуда. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Адамның жақсы білім алуын, табысты оқуын, ақыл-ойының дамуын жоғары дәрежеде ұйымдастыру егеменді елімізді одан әрі дамытатын азаматтарды тәрбиелеуде маңызды қадам болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.А. «Қазақстан – 2050 стратегиясы». – Астана, 2012.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007ж.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011ж.
4. Тұрғынбаева Б.А. «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе». – Алматы, 2005.
5. Калкабаева С. А., Сейдахмет Г., Дауленов О. Оқытудың интерактивті әдістемесін оқу үрдісінде тиімді қолдану IV International Scientific and Practical Conference «Science and education in the modern world: challenges of the XXI century» Nur-Sultan, 2019 –83-85 pp.
6. Калкабаева С.А., Алшынбаев О.А., Джамбаева Л.С. Білім саласындағы рухани жаңғыру мәселелері аясында жаңа педагогикалық технологияларды қолдану үлгісі. Республикалық «ДАМУ» педагогикалық-психологиялық дамыту орталығы «Жаңа әлем дамуындағы инновациялық технологиялардың рөлі» атты III дәстүрлі Халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференциясының материалдары. I бөлім/Алматы, 2019. – 21-25 бет.

ӘОЖ 37.091.3

¹Адырбекова Г.М., ¹Кулбаева А.О., ²Әбдіғали П.Қ.

¹химия ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ., Қазақстан

¹МЕР -20-4нр тобының магистранты, ОҚУ, Шымкент қ., Қазақстан

²химия пәнінің мұғалімі, физ.-мат.бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Шымкент, Қазақстан

БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Түйін: Мақалада авторлар орта білім мазмұнын жаңартудың алғышарттары мен себептеріне талдау жасады. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында "Химия" пәнінің оқу бағдарламасының ерекшеліктері қарастырылды: пән мазмұнының спиральды қағидаты; таным заңдылықтарына негізделген және пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша жіктелетін оқыту мақсаттарының иерархиясы; пәннің ішкі пәндік байланыстарын ескере отырып, білім беру деңгейлері бойынша және бүкіл оқу курсы бойы пәнді Мұқият мақсатты тұжырымдау.

Кілттік сөздер: орта білім берудің жаңартылған мазмұны, сабақтастық, химия

XX ғасырдың соңғы ширегі және XXI ғасыр ғылым мен техника жетістіктері негізіндегі адамзат қызметінің барлық салаларының қарқынды дамуымен сипатталады. Адамзат ақпараттық қоғамға енді, экологиялық талаптар мен энергия шығындарын үнемдеуді ескере отырып, қолданыстағы технологиялар мен технологиялар тез өзгеруде. Бұл жағдайлар адамнан ізгілендіруге, ақпараттандыруға, экологияландыруға негізделген терең жан-жақты білімді талап етеді. Өзгермелі жағдайларға тез бейімделу үшін білімге, дағдыларға және шеберліктерге ие болып, қосымша кәсіби қызметте де сәтті бола білу

қажет. Білім алушыларды сапалы біліммен қамтамасыз етудің іргетасы - білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі оқыту сабақтастығын сақтау болып табылады. Үздіксіз білім алу, яғни "өмір бойы білім алу" тұжырымдамасын іске асыру барған сайын өзекті бола түсуде [1].

Оқытудағы сабақтастық оқу материалының реттілігінің бірізділігі мен жүйелілігін, білім беру деңгейлері мен оқу-тәрбие қызметі кезеңдерінің байланысы мен үйлесімділігін білдіреді. Сабақтастықтың мәні - алдыңғы білім деңгейінде алған білімді сақтай отырып, оларды білім берудің келесі деңгейлерінде біртіндеп арттыру және тереңдету болып табылады [2].

Сабақтастық мәселелерін зерттеу білім беру саласындағы зерттеулердің өзекті бағыты болып табылады, көптеген танымал ғалымдардың ғылыми еңбектері осы мәселеге арналған: Базылева Н.В.[3], Окулова Л.П.[4] және т. б.

Практикалық тұрғыдан алғанда, сабақтастық әдістемелік құралдар жүйесін қолданумен, оқулықтардың, оқу құралдары мен бағдарламалардың мазмұнымен, оқу материалдарын қарапайымнан күрделендіре отырып жүйелі түрде ұсынумен, оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырумен қамтамасыз етіледі. Оқытудағы сабақтастықты қамтамасыз ету білім алушылардың даму аймақтарының заңды және бірқалыпты ауысуын қамтамасыз ететін сандық өзгерістердің (ақпараттың) сапалық (психикалық дамуға) үздіксіз ауысуын болжайды, бұл оқу міндеттерінің дәйекті күрделенуінен және білім берудің әрбір деңгейінің іс-шарасының мақсатты өзгеруінен көрінеді. Сонымен қатар, осы аймақтардың өзгеруі жеке даму кезеңдерінің өзгеруі болып табылады және оны келесі деңгейдегі педагогикалық процеске белсенді қосудың алғышарты болып табылады [5].

Орта білім беру мазмұнын жаңарту барысында оқу бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету кезінде педагогикалық корпусының кәсіптік-педагогикалық даярлығына негізделген, осы өзгерістерге дайындығы маңызды орын алады. Мектептегі білім берудің сабақтастығын жүзеге асыруға дайындық, бұл - білім беру қызметінің субъектісімен, яғни, білім алушымен өзара әрекеттесудің әртүрлі деңгейлерінде жұмыс істейтін, мұғалімнің жеке басының жалпы бағытын, оның ішкі ұстанымы негізінде көрсететін, мұғалімнің тұлғалық қасиеттерінің жиынтығын көрсететін күрделі интегративті динамикалық жүйелік білім беру [7]. ҚР"Білім туралы" Заңына сәйкес білім беретін оқу бағдарламаларының үздіксіздігі мен сабақтастығы қағидаты негізінде білім беру жүйесі жеті деңгейді қамтиды: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту; бастауыш білім беру; негізгі орта білім беру; орта білім беру (Жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру); орта білімнен кейінгі білім беру; жоғары білім беру; жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру [7].

Білім беру мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленетін оқу бағдарламаларымен айқындалады. Оқу бағдарламалары мазмұны мен бағытына (мақсатына) байланысты жалпы білім беретін (үлгілік, жұмыс); кәсіптік (үлгілік, жұмыс) және қосымша[8,9] болып бөлінеді.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, ол оқу материалының белгілі бір көлемін беруге ғана емес, сонымен бірге күтілетін нәтижелер жүйесіне де бағытталған. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында жаратылыстану пәндерінің оқу пәндері, оның ішінде "Химия" пәні 7 сыныптан бастап оқытыла бастайды. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында химияны оқыту қазіргі заманғы материалдар, полимерлер, қорытпалар, дәрі-дәрмектер, жабдықтар алынатын химиялық заттардың алуан түрлілігін түсінуге және оқушылардың эксперименттік және практикалық дағдыларды дамыта отырып, химиялық заңдарға негізделген химиялық реакциялардың себептері мен салдарын игеруіне, оларды күнделікті өмірде қауіпсіз қолдана алу шеберлігін үйретуге бағытталған.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында "Химия" пәнінің оқу бағдарламасының

ерекшеліктері: пән мазмұнының спиралды қағидасы; таным заңдылықтарына негізделген және пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша жіктелетін оқыту мақсаттарының иерархиясы (нәтижелердің өлшенуі, репродуктивті қызметтен шығармашылыққа дейін оқу қызметінің барлық түрлерін есепке алу); пәннің білім беру деңгейлері және бүкіл оқу курсы бойынша мұқият мақсат қою, бұл пәнішілік байланыстарды барынша нақты ескеруге мүмкіндік береді; пәндердің бөлімдері мен тақырыптар мазмұнының заманауи сәйкестігі, әлеуметтендіру дағдыларын қалыптастыруға ден қою [10].

Химиялық ұғымдар мен терминдер туралы бастапқы білімді оқушылар бастауыш сыныптарда алады және "жаратылыстану" пәнін (сурет) оқу кезінде 5-6 сыныптарда тереңдетеді. "Жаратылыстану" пәні - бұл негізгі мектептегі "Биология", "География", "Химия", "Физика" пәндерін оқытудың сабақтастығына, алынған білімді күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғатта) байқалатын табиғи құбылыстар мен процестерді түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған пропедевтикалық курс. "Жаратылыстану" пәнін оқытудың мақсаты білім алушыларда жаратылыстану-ғылыми білімді, табиғат пен қоғамның өзара байланысы, заңдылықтары туралы ұғымдар мен тұтас түсінікті қалыптастыру болып табылады. "Жаратылыстану" және "химия" пәндерінің сабақтастығы төменде "су" тақырыбының мысалында көрсетілген.

Бұл ретте, 2-ден 11-сыныпқа дейін әрбір келесі сыныпта "жаратылыстану" және "химия" пәндерін оқытудың бүкіл курсы бойында білім мен дағдыларды дәйекті дамыту және тереңдету қамтамасыз етіледі, сабақтастық және тереңдету қағидаты сақталады (1-сызба).



1-сызба. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында білім беру деңгейлері бойынша "Химия" пәнінің оқу бағдарламасының сабақтастығы.

Бастауыш сыныптарда білім алушылар "Заттардың құрылысы мен қасиеттері",

"Заттардың жіктелуі", "Заттардың пайда болуы және алынуы", "Жансыз табиғаттағы процестер", "Тірі табиғаттағы процестер" деген алғашқы ұғымдармен танысады, білім алушыларда табиғаттағы және зертханадағы химиялық құбылыстарды бақылау әдістерінің бастапқы дағдылары және химиялық эксперименттің қарапайым әдістерін қолдану дағдылары қалыптасады [10].

"Жаратылыстану" (5-6 сыныптар) оқу пәнінде келесі бөлімдер оқытылады: "Заттар мен материалдар", "Тірі және жансыз табиғаттағы процестер". "Жаратылыстану" оқу пәнін оқыған кездегі алынған білім химияның кіріспе курсына 7-сыныпта тереңдетіліп, 8-9-сыныптарда бекітіледі. Оқу пәнінің мазмұны 5 бөлімнен тұрады: зат бөлшектері, химиялық реакциялар заңдылықтары, химиядағы энергетика, айналамыздағы химия, химия және өмір [10].

"Адам ағзасындағы химиялық элементтер мен қосылыстар" жаңа тарауында: қоректік заттар, адам ағзасындағы химиялық элементтер (O, C, H, N, Ca, P, K), тірі және жансыз табиғаттағы химиялық элементтердің таралуы, адам ағзасындағы микро-макроэлементтердің биологиялық рөлі, тыныс алу процесі, тамақтану балансы зерттеледі. Осы жаңа бөлімнің негізгі танымдық міндеттері студенттерді нақты өмірдегі кейбір маңызды биологиялық процестердің химиялық жағымен таныстыру болып табылады. Алдыңғы биология курсынан алынған білімді қолдана отырып, оқушылар адам ағзасының химиялық құрамын зерттейді.

«Геологиялық химиялық қосылыстар» жаңа тарауында: пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар, табиғи ресурстар, кен орындары, кен құрамы, минералдар, табиғи ресурстарды өндіру, Қазақстанның пайдалы қазбалары, минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері зерделенеді.

Білім алушылар "Жаратылыстану" және "География" курстарынан Қазақстан бай минералдық ресурстар мен жанармай қорлары туралы өз білімдерін жинақтауға мүмкіндік алады. Жер қыртысының химиялық құрамы, рудадан металдарды өндіру негіздері қарастырылады. Бұл тақырыпты игеру жансыз табиғатта болып жатқан процестер туралы білімді тереңдетуге, сондай-ақ патриоттық сезімдерді тәрбиелеуге ықпал етеді [11].

8-сыныптың оқу бағдарламасына "Химиялық реакциялардағы энергиямен танысу" атты жаңа бөлім енгізілді. Тиісінше, отынның жануы және энергияның шығуы, экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар, термохимиялық реакциялар, бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан энергияның өзгеруі сияқты жаңа ұғымдар зерттелуде. Жаңартылған бағдарламада білім алушылардың практикалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру едәуір дәрежеде көзделген. Бұл орайда практикалық және зертханалық жұмыстар ерекше рөл атқарады. 8-сыныпта 3 жаңа зертханалық тәжірибе бар: "Реакцияға түсетін заттар массаларының арақатынасы"; "Энергияның өзгеруімен бірге жүретін химиялық реакциялар"; "Судың қаттылығын анықтау" [1].

Жаратылыстану пәндерін оқыту кезінде қазіргі орта мектепте, сондай-ақ университет қабырғасында білім алушылардың оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыру маңызды орын алады, бұл олардың тұрақты танымдық қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған.

10-11 сыныптарда жаңартылған бағдарлама бойынша "Химия" курсына оқуға бөлінген сағат көлемі екі есеге артты. Жаңа бағдарламада бейорганикалық және органикалық химия бөлімдері қолданыстағы бағдарламадағыдай емес, бірыңғай жүйеде зерттеледі. Бұл білім алушылардың тірі және жансыз табиғатта болып жатқан процестердің мәні туралы тұжырымдамалық түсінігін қалыптастыруға мүмкіндік береді [1].

Мысалы, химиялық байланыс → алкандар → термодинамикаға кіріспе → алкендер → тотығу функциялары → спирттер → аналитикалық әдістер.

Бағдарламада Блум таксономиясында қарастырылған барлық дағдыларды дамыту қарастырылған. Таксономиялық тәсілге сәйкес дағдылардың қарапайымнан күрделіге

қарай дамуы оқыту мақсаттарының өзін тұжырымдаумен көзделген және білім алушылардың сабақтағы қызметі арқылы іске асырылады [12]. "Химиялық байланыс" тарауынан мысал: коваленттік байланыстың қасиеттерін сипаттау; металл байланысының табиғатын және оның металдардың физикалық қасиеттеріне әсерін түсіндіру; әртүрлі байланыс түрлерімен және кристалдық тор түрлерімен қосылыстардың қасиеттерін болжау.

Химиялық экспериментке оқу бағдарламасының мазмұнынан маңызды орын беріледі. Білім алушылар практикалық жұмыс арқылы жаңа білім алып, дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, оқу бағдарламасына "Бейтараптандыру реакциясының жылу әсерін анықтау"; "Әр түрлі отын түрлерінің тиімділігін салыстыру"; "Металл кернеулерінің электрохимиялық қатарын құру"; "Қағаз хроматографиясы"; "Ауыз су мен көкөністердегі нитраттарды анықтау"; "Металл заттардың гальваникалық жабыны" сияқты қызықты зертханалық және практикалық жұмыстар енгізілген. Химияны оқу барысында білім алушылар алынған мәліметтер негізінде жаңалық ашады, табиғаттағы құбылыстар мен процестердің заңдылықтарын өз бетінше табады [11].

Орта мектептің жоғары сыныптарындағы бейіндік оқу пәндерінің сабақтастығы білім алушыларға жоғары оқу орындарында жаратылыстану және техникалық бағыттар бойынша оқуға дайындалуға мүмкіндік береді. Сондықтан оқыту процесі тек пәндік білімді қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге білім алушылардың білімді дамыту процесін, оның логикасы мен құрылымын, метабілімдерді ғылыми дүниетанымның негізі ретінде қалыптастыруға бағытталуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шуиншина Ш.М. Альпеисов Е.А. Ахметова Б.С. Туяков Е.А. Адамова М.Е. Преемственность учебных программ по уровням образования // Международный журнал экспериментального образования. 2019. № 2. С. 23-28.
2. Близначенко А.В. Реализация преемственности обучения на этапах преподавания физики в общеобразовательном учебном заведении. [Электронный ресурс]. URL: <https://kopilkaurokov.ru/fizika/>
3. Базылева Н.В. Преемственность общего среднего и высшего образования на этапе школа – вуз: материалы II Международной научно-практической конференции (Минск, 22–23 февраля 2018 г.). Минск: БНТУ, 2018. С. 22–24.
4. Окулова Л.П. Согласованность образовательных программ как условие преемственности образовательных стандартов в системе «школа – вуз»: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. Ижевск, 2006. 212 с.
5. Сманцер А.П. Теория и практика реализации преемственности в обучении школьников и студентов. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.dissercat.com/content/teoriya-i-praktika-realizatsii-preemstvennosti-v-obuchenii-shkolnikov-i-studentov#ixzz>
6. Горчакова А.Ю. К вопросу о значении научно-исследовательской деятельности в педагогическом вузе в подготовке будущих учителей // Современные проблемы науки и образования. 2015. № 5. [Электронный ресурс]. URL: <https://science-education.ru/ru/article/viewid=27775>
7. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2019 г.) [Электронный ресурс]. URL: https://online.zakon.kz/Document/doc_id=30118747#pos=4;-243
8. Шуиншина Ш.М., Альпеисов Е.А., Бурунбетова К.К., Жакупов А.А. Преемственность содержания учебных программ при изучении естественнонаучных дисциплин // Всероссийский научный журнал «Профессиональное образование в современном мире». 2018. Т. 8. № 4. С. 2265–2275.,
9. Shuinshina Sh., Tuyakov Y., Alpeissov Y., Zhanseitova L., Ardabayeva A. Modernization of the system of continuous natural science education in the Republic of Kazakhstan AD ALTA: Journal of Interdisciplinary Research. Czech Republic. 2018. Vol. 8. Issue 1. Special Issue IV. P. 86–92.

10.Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам, курсам по выбору и факультативам для общеобразовательных организаций Приказ МОН РК №51 от 05.02.2020г.

11.Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Химия» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,2020. 120б.

12.Таксономия Блума в ДОУ. Методические рекомендации. Казань, Информационно-методический отдел Управления образования ИКМО г.Казани, 2019, С.102.

ӘОЖ: 37.026.8

Адырбекова Г.М., Мамасалиева Б.А., Жұрқабаева Л.Ә.

химия ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

МЕР -20-4нр тобының магистранты, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘМБЕБАП ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІ

Түйін: Мақалада авторлар «оқу іс-әрекеті» ұғымын анықтау бойынша педагогикалық және психологиялық әдебиеттерге талдау жасап, оқу іс-әрекеті шеберлік арқылы дағдыға айналатынын анықтаған. Жұмыста химия пәні бойынша зияткерлік және пәндік-ерекшелік дағдылар берілген. Әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру кезеңдеріне тоқталып, оны жүзеге асыру алгоритмі оқу іс-әрекетінің индикативті негізі болып табылатыны туралы айтылған.

Кілт сөздер: әмбебап оқу іс-әрекеті, химия, шеберлік, дағды.

Қазақстандық білім беруді жаңғырту білім алушылардың білім нәтижелерін анықтауда қайта бағдарлану ұғымын алып келді. Орта білім берудің жаңартылған бағдарламасы оқушылардың жеке, әлеуметтік, танымдық және коммуникативтік қабілеттерін қалыптастырудан тұрады. Бұл қабілеттер оқу қабілеті дағдыларын қамтамасыз етеді. Оқу дағдысын дамыту - оқу іс-әрекеті мәселелерінің бірі болып табылады, ал «оқи білу» дегеніміз - оқу іс-әрекетін өз бетінше тиімді жүзеге асыру.

«Оқу іс-әрекеті» ұғымы бірнеше түсіндірмелерде берілген, демек, «оқу» дегеніміздің не екенін түсіну тәсілдері де бар. Педагогикалық ғылым тұрғысынан оқу дегеніміз - оқу процесінде білім беру мекемесі көздеген барлық нәрсені орындау [1].

Д.Б.Элькониннің көзқарасы бойынша «оқу қызметі - бұл ғылыми ұғымдар саласындағы жалпыланған іс-қимыл тәсілдерін игерумен бағытталған қызмет. Оқу қызметінің нәтижесі болып, өту барысында ғылыми ұғымдар игерілетін оқушының өзгеруі және дамуы болып табылады...» [2]. Демек, оқу қызметі - бұл білім алу, тиісті шеберліктер мен дағдыларды игеру, білім алу тәсілдері, белгілі бір жеке қасиеттерді қалыптастыру болып табылатын мақсатты жүзеге асыратын субъектінің қызметі.

Қазіргі жағдайда «оқи білу» деген тіркес «өз оқу түрін таңдай білу, өз жұмысын белгілі бір уақыт кезеңіне жоспарлай алу, ақпарат алудың түрлі құралдарын пайдалана алу, өз пікірін қалыптастыра алу және оны дәлелдей алу» дегенді білдіреді [3].

А.Н.Леонтьева [4] қызмет - бұл оқу қажеттілігінен туындаған белсенділіктің бір түрі деп санайды. Оқу қызметінің мотивациядан, әдістері мен тәсілдерінен, мақсаттары мен нәтижелерінен тұратын өзіндік құрылымы бар. Психологияда мотивация адам өмірінің күрделі көп деңгейлі реттеушісі, оның мінез-құлқы, адамды бір нәрсе жасауға мәжбүр ететін ішкі ынталандыру күштері ретінде қарастырылады. [5]. Қызметтің әдістері мен тәсілдері - бұл адамның мақсатына жету жолындағы жасайтын іс-әрекеттері. Мақсат - адам үшін маңызды объектілер, құбылыстар, міндеттер, оларға қол жеткізу адам

қызметінің мәні болып табылады. Нәтиже - бұл адамның қызмет барысында қол жеткізетін дүниелері [4].

Оқу міндеттерін шешуге бағытталған оқу іс-әрекеттері ерекше қызығушылық тудырады. И. Е. Сюсюкинаның еңбектерінде оқу іс-әрекеті «саналы, мақсатты, нәтижелі аяқталған танымдық акт, оқу тапсырмаларын орындау барысында оқу материалын түрлендірудің нақты тәсілі» деп берілген [6]. Оқу іс-әрекетінің өз мақсаты бар және іс-әрекет барысымен сәкес келеді. Осылайша, іс-әрекет шешілетін оқу міндеттерінің мазмұнымен байланысты.

Ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясы тұрғысынан дағдыларды қалыптастыру мәселелерімен айналысатын зерттеушілердің еңбектерінде «дағды» және «іс-әрекет» ұғымдары анықталған. Сонымен, В.В. Давыдов өз еңбектерінде, дағдыны «қандай да бір ережеге (білімге) негізделген іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін игерудің аралық кезеңі» ретінде қарастырады [7]. П.И.Пидкасистый дағдыны «іс-әрекеттегі білім, іс-әрекет тәсілін меңгеру, білімді қолдану қабілеті» деп түсінеді [8]. М.А.Данилов, М.Н.Скаткин және т. б. дағдыларды әртүрлі іс-әрекет әдістерінің жинақталған тәжірибесі ретінде қарастырады, қорытындысында бұл тәжірибені құрайды [9]. Егер оқушы оқу процесінде қандай-да бір іс-әрекетті орындауға қабілеттілік танытса, ең алдымен оқушыда шеберліктер қалыптасып, осыдан кейін ол дағдыға айналады. Осылайша, дағды дегеніміз - белгілі бір іс-әрекеттерді, операцияларды қайталау және жаттықтыру нәтижесінде жетілдірілген шеберлік деп айтуға болады [10].

Әдебиеттерді талдау кезінде [4,11,12] біз дағдылардың бірнеше классификациясын анықтадық: практикалық сипаттағы дағдылар (өлшеу, есептеу және т.б.); танымдық сипаттағы дағдылар (байқау, тәжірибе, әдебиетпен жұмыс), ал қолдану сипаты бойынша жеке және жалпы дағдылар. Күрделілік дәрежесі бойынша дағдыларды жіктеу де бар. Осы айтылған классификацияға сәйкес, педагогикада барынша көп таралған дағдылар екі үлкен топқа бөлінеді: бастапқы немесе қарапайым дағдылар және жоғары деңгейлі немесе күрделі және жалпыланған дағдылар. Бірінші топ орындаушылық әрекеттермен, екіншісі – зерттеу әрекеттерімен байланысты [11,13].

Осылайша, дағдының барлық түрін қалыптастыру, оқушылардың түрлі оқу іс-әрекетінде мұғалімнің жүзеге асыратын арнайы жұмысын талап етеді.

Енді біз оқу барысында қалыптасқан оқу дағдыларына талдау жасаймыз. Оқу дағдылары дегеніміз - пәндерді оқу процесінде қалыптасатын және оларды сәтті игеру үшін қажет дағдылар. Оқушы қоршаған әлемді тануда оқу дағдыларын дамытады. Сондықтан олар оқу іс-әрекетінде жетекші рөлге ие.

Көп жағдайда оқу дағдылары жалпы (жалпы білім беру) және арнайы (пәндік) болып бөлінеді (Ю.К.Бабанский, И.Я.Лернер, Н.И.Лопшарева, Т.И.Шамова және т. б.) [11, 14, 15].

Е.Я.Аршанскийдің пікірінше, жоғары сынып оқушыларының химияны оқу барысында жалпы зияткерлік және пәнге тән (химиялық) дағдылар қалыптасады [16].

Жалпы зияткерлік дағдыларына жататындар:

- өз ойын логикалық реттілікпен және ықшам жеткізу;
- білімді біріктіру;
- пәнаралық санаттармен жұмыс істеу және білім беруді жүзеге асыру;
- фактілерді түсіндіру және қорытындыларды негіздеу үшін білімді қолдану [16].

Химияның өзіндік дағдыларына жататындар:

пәндік-ұйымдастырушылық - зертханада жұмыс орнын дайындай білу, химия бойынша түрлі тапсырмаларға дайындалу және орындау;

зияткерлік-мазмұндық – химия ғылымының өзіндік әдістерін қолдану дағдысы, химиялық заңдар мен теорияларды пайдалану;

ақпараттық-коммуникативтік – формулаларды, сызбаларды, мәтіндердерді оқу

кезінде химиялық ақпаратты ала білу, химия ғылымы тілінде сөлесе алу, ақпаратты химия тіліне қайта кодтау;

химиялық-эксперименттік - химиялық экспериментті жоспарлау және орындау, химиялық құрылғыларды жинау және бөлшектеу, заттарды алу және олардың бар екенін дәлелдеу, химиялық эксперименттің салдарын жоя білу;

есептеушілік - есептеу техникасын пайдалана отырып, әртүрлі тәсілдермен сапалы және есептік химиялық есептерді шеше білу;

бағалаушылық - қоршаған әлем объектілеріне және оларды пайдалану салдарларына химия тұрғысынан баға бере білу;

бейнелеу-графикалық - түрлі формулаларды, сызбаларды, ұқсас нұсқаларын, кестелерді және басқа да суреттерді пайдалана отырып, химиялық объектілерді және олар туралы білімді көрсете білу;

конструктивтік-модельдеушілік - химиялық объектілердің жаңа аспаптарын, аппараттарын, қондырғыларын, модельдерін, макеттерін жасай білу;

Зорлық-зомбылықтың кез-келген түрін бастан кешіріп жатқан балалар әлеуметтенуде қиындықтарға тап болады: олар ересектермен байланысты үзген, құрдастарымен тиісті коммуникативтік дағдыларды меңгермеген, мектепте беделге ие болу үшін жеткілікті білімі мен эрудициясы жоқ және т.б. қылмыстық, қоғамдық ортада жиі кездесетін зорлық-зомбылық құрбандары болып табылады және бұл көбінесе олардың алкогольге, есірткіге тәуелділігінің қалыптасуымен байланысты, олар ұрлай бастайды және басқа қылмыстық жазаланатын әрекеттерді жасай бастайды.

Жоғарыда айтылғандай, зорлық-зомбылықтың кез-келген түрі балалар мен жасөспірімдерде осындай жеке және мінез-құлық ерекшеліктерін қалыптастырады, бұл оларды жағымсыз және тіпті қоғамға қауіпті етеді.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың әлеуметтік шығындары қандай? Бұл, ең алдымен, балалар мен жасөспірімдерді өлтіру немесе олардың өзін-өзі өлтіруі нәтижесінде адам өмірін жоғалту, бұл олардың психикалық және физикалық денсаулығының бұзылуынан қоғамның өнімді мүшелерінің адамдағы жоғалуы, төмен білім беру және кәсіби деңгейі, және қылмыстық мінез-құлық. Бұл физикалық және моральдық жағынан сау балаларды тәрбиелей алатын ата-аналардың алдында жоғалту. Ақыр соңында, бұл қоғамдағы зорлық-зомбылықтың көбеюі, өйткені бұрынғы құрбандар өздері зорлаушыларға айналады.

Отбасында сіңірілген зорлық-зомбылық моделі әлеуметтік институттарда: мектепте, армияда, отбасыда, мемлекетте жаңғыртылады. Бұл мәселені мұғалімдердің, ата-аналардың, барлық ересектердің балалар тәрбиесі үшін қандай-да бір жолмен жауап беретін бірлескен жұмысының арқасында ғана шешуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Холостова Е.И. Справочник: Семья и социальная работа. М.; Тула, 2006 ж.
2. Біз Монтессоримен бірге дамимыз («Балалар» журналы №6 (16) 2004 ж.) 15 -20б.
3. <http://eadaily.com/ru/news/2019/11/19/v-kazahstane-uchastilis-fakty-nasiliya-nad-detmi>
4. Жестокое обращение с детьми / Т.Я. Сафонова, Е.И. Цымбал, Л.Я. Олиференко и другие. - Москва. 1993 г.-85с.
5. Как бороться с домашним насилием. Методическое пособие / Нестерова Ю.С., Родионова С.С., Саклакова С.С., Середа Н.С., Сковоронская Л.Г., Шитова Е.Н. Барнаул, 2004. С.23.
6. <http://365info.kz/2020/02/alyans-zhenskih-sil-predlagaet-kriminalizirovat-bytovoe-nasilie-v-kazahstane>
7. Шайхова М. Жастардың әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселелері // Ұлағат. 2004. № 1. 49-51 б.
8. Ананьева Г. Где тонко, там и рвется // Социальная защита. 2000. №5.С. 65-79.
9. Абрамова Г.С. Возрастная психология: Учеб.пос. для студ. Вузов.М.:Академия, 1999. - 672 с.
10. Агафанов А.Н., Менлибаев К.Н. Социальная работа с молодежью: Учебное пособие. Караганда: Издательство КарГУ, 2003. 121 с.
11. <http://www.caravan.kz/gazeta/shnur-remen-kulak-otchego-v-kazahstane-nad-detmi-izdevayutsya-vse-chashhe-484239/>

ӘОЖ 37.013.77

Дарибаева Р.Д., Туткабаева М.А.

педагогика ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДАҒЫ АҚЫЛ – ЕСІНДЕ КЕМІСТІГІ БАР
БАЛАЛАРДЫ ТҮЗЕТУ –
ТӘРБИЕЛЕУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ
МАҢЫЗЫ**

Түйін: Ақыл – есінде кемістігі бар балаларға арналған дидактикалық ойындарды таңдау кезінде түзету жұмыстарының мақсаты көзделеді және балалардың жасы мен мінезінің ерекшеліктері назарға алынады. Ақыл – есінде кемістігі бар бала үнемі отбасында өмір сүрмейтінін айтып өтсек, белгілі бір уақыт пен жағдайлар анық болғаннан кейін ата – ана баласын арнайы мекемеге жіберуге мәжбүр болады, арнайы мекемеге түскен бала ересектермен, құрдастарымен қарым – қатынас жасауда қиындықтарға тап болады. Егер қалыпты дамып өсіп келе жатқан бала ересектерге еліктеу арқылы, үлгіге қарап, қарапайым сөздік нұсқаулар арқылы іс - әрекеттерді орындай білсе, ақыл – есінде кемістігі бар баланы осы әрекеттерге үйрету қажет. Ақыл – есінде кемістігі бар баланы ата – аналарға балаларын тәрбиелеуде, оларға күтім жасауда қолдау көрсететін әлеуметтік жобаларға дидактикалық ойындар арнайы іріктеп алынады. Ол ойындар ересектермен ынтымақтастықты дамытуға бағытталған.

Кілт сөздер: әлеуметтік жоба, дидактика, ойын, тәрбие, әлеуметтік топ, ақыл – есі кеміс, қоғам, ережелер, оқыту, тапсырма, психомоторика, даму.

Дамуында ерекшелік болғандықтан ақыл – есінде кемістігі бар балалар мақсатты түрде үлкендердің ықпал етуіне тәуелді. Ол қоғамдық тәжірибені өз бетінше мүлдем игере алмайды. Ақыл – есінде кемістігі бар баланы тәрбиелеу үшін оның қоршаған ортаға деген қызығушылығын ояту қажет, ал ақыл – есінде кемістігі бар балалардың қызығушылығы өте төмен. Бұл жерде дидактикалық ойындардың орны ерекше, ол балалардың назарын аударады және қызықтырады. Ата – аналар, ересектер үнемі баланың бойында іс - әрекетке деген жағымды эмоционалдық қатынас орнатып отыруы керек. Ақыл – есінде кемістігі бар бала қоршаған ортада бағдар алуда, заттар мен әрекеттердің мағынасын түсінуде денісау құрдастарына қарағанда көп күш жұмсап, көп қайталауына тура келеді. Дидактикалық ойындар мен түзету жұмыстарының басты міндеті балалардың бойында бағдар қабілетін қалыптастыру, заттар мен құбылыстарға қызығушылығын ояту болып табылады. Ақыл – есінде кемістігі бар балалар мен олардың ата – аналарына арналған әлеуметтік жобалардың өзекті бағыттарының бірі ретінде дидактикалық ойындарды алуымызға осы жоғарыда аталған жағдайлар себеп болды.

Дидактикалық ойындар жүйесін алғашқы рет (Ф.Фребель, М. Монтессори) мектепке дейінгі тәрбие жұмыстары үшін құрастырылған болатын. Отандық педагогика тәжірибесінде 1945-1950 жылдары дидактикалық ойындар мектепке дейінгі тәрбие жұмысының басым формасы ретінде қарастырылды; 1960 - 1970 жылдары оқу процессін белсендіру үшін ойын тәжірибесін тек бастауыш емес орта сыныптарда да пайдалана бастады; 1970-1980 жылдары дидактикалық ойындар оқу – тәрбие процессінде енгізілді; 1980 жылдары еңбек – әрекет ойындары кеңінен таралды. [1, 5б.]. Дидактикалық ойындарды қарапайым балалар ойынынан ажырата білу керек. Дидактикалық ойындардың ерекше сипаттамасы, олар алдын – ала жоспарланған, ұйымдасқан, оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижесінің болуы. Дидактикалық ойындар әдетте уақытпен шектелген. Көптеген жағдайда ойын әрекеті ережелермен белгіленген, (бірақ арнайы ақыл – ой,

сенсорлық қабілеттерді дамытуға бағытталған ойындарға ерекшелік қарастырылған) олардың педагогикалық нәтижесі оқу – ойын әрекеті барысында ойын материалдарын жасап шығраумен тығыз байланысты. Дидактикалық ойындар шеңбері негізінде ойын тапсырмасын орындау арқылы оқыту мақсаты орындалады. Дидактикалық ойындардың дамытушылық әсері өте маңызды: қозғалыс аппаратын дамыту, психомоторика, ережеге сай әрекет дағдыларын дамыту, жағдайға байланысты бағдар ала білу қабілетін дамыту, жоспарлай білу қабілетін қалыптастыру. Сондықтан балаларды ойын әрекеті барысында мақсатты оқыту маңызды болып табылады, оның ережелерін, мазмұнын, әрекет ету тәсілдерін ұғындыру. Дидактикалық ойын балалардың ақыл – ой белсенділігін дамытуда таптырмас тәсіл болып табылады, ол балалардың таным процесіне қызығушылығын оятады және психикалық процессті белсендіреді. Балалар қиындықтарды өткеріп, ерік – жігерін шындайды, қабілеті мен біліктілігін дамытады.

Ойынның маңыздылығын жоғары бағалап В.А. Сухомлинсий былай деп жазды «Ойынсыз ақыл – ой дамуы толыққанды болмаған және болмайды да. Ойын – бұл шуақты терезе ол арқылы баланың рухани әлеміне қоршаған орта жайында пікір мен көзқарастың шынайы толқыны енеді. Ойын – бұл ұшқын, ол құмарлық пен қызығушылық отын тұтатады».[2, 120б.].

Балаға ықпал етудің негізгі формасы ұйымдасқан іс - әрекет, сабақ болып табылады, бұл жерде маңызды орынды ересектер алады. Сабақтарды мұғалім – дефектолог, тәрбиешілер, яғни педагогикалық ұжымды құрайтын топ жүргізеді. Бұл әрине арнай мекемелерде жүргізілетін іс – шаралар мүмкіншілігі шектеулі балалардың барлық тобына арналған. Сол топтың ішінен ақыл – есінде кемістігі бар балаларға ықпал етудің бірден – бір формасы ол ойын. Әдетте, ақыл – есінде кемістігі бар балалар тұйық, жігерсіз болады. Сондықтан, әрбір баланы қызықтыратын, назарын аударатын методикалық тәсілдер қажет. Ақыл – есінде кемістігі бар балалар заттар мен ойыншықтармен белсенді түрде ойнауға ықылас білдірмейді. Ересектер іс - әрекетке баланың қызығушылығын үнемі оятып отыруы қажет. Дидактикалық ойындар осы мақсатты көздейді.

Дидактикалық ойындар – ересектердің балаға ықпал етуінің бір формасы. Сонымен қатар, ойын балалар іс - әрекетінің негізгі түрі. Осы себептен дидактикалық ойындар екі мақсатты көздейді: бірінші үйретуші, бұл ересек адамның мақсаты, екінші – ойын, бала осы үшін әрекет етеді. Аталған екі мақсат бір – бірін толықтырып тұруы өте маңызды, сол кезде ғана баланың болмысына өзгеріс енгізуге болады. Дидактикалық ойындар – оқыту тәсілі болып табылады, сондықтан ол кез – келген бағдарламаны меңгеруде қолданылады және мұғалім – дефектологтың және басқа да ересектердің көмегімен жүргізіледі. Дидактикалық ойындарда әрбір баланың арнайы жағдайда өз бетінше әрекет етуіне, заттарды анықтап танып білуіне арнайы жағдайлар жасалынады, балалар әрекет ету арқылы сезім тәжірибесін жинақтайды. Бұл заттар мен құбылыстарға қатысты тәжірибесі төмен, жинақы емес ақыл – есінде кемістігі бар балалар үшін өте маңызды. Дидактикалық ойындар ақыл – есінде кемістігі бар балаларға заттар мен құбылыстарға, қоршаған ортаға деген жағымда эмоционалды қатынас орнатуға қажетті қайталау әрекеттерімен қамтамасыз етеді.

Ақыл – есінде кемістігі бар балалардың көп бөлігінің ұсақ моторикасы мен қимыл координациясы дамымай қалған немесе ақауы болады. Қол қимылдары ебедейсіз, келісілмеген болады. Балалар кейде екі қолымен бір мезгілде әрекет етуге қабілетсіз болады. Мысалы, бір қолымен бір затты ұстап тұрып екіншісімен басқа затты орнынан көтеріп ала алмайды. Көру бағдарының бұзылғаны балалардың затты алуына кедергі келтіреді, себебі бағытын дұрыс анықтай алмайды, өз қолдарының қимылын көзімен бақылай алмайды.

Мектепке дейінгі жас бұл қоршаған ортаны сезім арқылы тану жасы болып табылады. осы кезеңде балаларда қабылдаудың барлық түрлері қалыптасады, көз, есту, тактильді – қимыл арқылы қабылдау, заттар мен қоршаған ортадағы құбылыстар жайында

пікір қалыптасады. Сезімдік тәжірибені балалар кең көлемдегі ізденіс – бағдарлау әрекеті процессі кезінде жинақтайды. Мектеп жасына дейінгі бала қоршаған ортаны танып білу кезінде бағдарлаудың ізденіс тәсілін қолданады, ал одан ерте даму кезеңінде сынап көру, қателесу тәсілдерін қолданады ол тәжірибелер көру – бағдарлауға ауысады. Сынақ әдісі ізденіс тәсілі ретінде баланың дұрыс әрекеттерді белгілеп, қате нұсқаларды шегеріп тастауға үйретуге негізделеді [3].

Ақыл – есінде кемістігі бар балаларда арнайы түзету жұмыстарынсыз сезім, таным түйсігі баяу дамиды. Ол негізгі әрекет деңгейіне жетпейді. Бала қандай да бір тапсырманы орындау барысында оның шарттарын қалай меңгеруді, заттың қандай қасиеттеріне назар аудау керек екенін білмейді, сондықтан да, тиісті нәтижеге қол жеткізе алмайды. Ақыл – есінде кемістігі бар балаларда қабылдау мен танымның дамуына кедергі келтіретін жағдай, олар іздестіру мен бағдар қабілетіне ие емес. Олар заттардың қасиетін есепке алмай әрекет етеді, нәтижеге күшпен жеткісі келеді немесе бар назарын үйреніп қалған ойыншығына және тұрмыстық жағдайға аударады, жаңа ойыншыққа, тұрмыстық жағдайға өз әрекеті мен назарын аудармайды. Кейде ақыл – есінде кемістігі бар бала сынақ тәсілін қолданып жатқандай көрінуі мүмкін, бірақ ол жай ғана нұсқалардың орнын ауыстыру болып табылады. Себебі, ізденіс тәжірибесі кезінде бала сәтсіз нұсқаларды шегеріп, нәтижесіз нұсқаларға қайта айналып келмейді. Ол сәтті нәтижелерді есте сақтап оны қайталауға тырысады. Жалпы алғанда сынақ – бұл оң нәтижеге қол жеткізуге бағытталған мақсатты іс - әрекет. Ақыл – есінде кемістігі бар балаларда жиі кездесетін жағдай нұсқалардың орнын ауыстыру бұл мақсатты сипатқа емес кездейсоқтық сипатқа ие және бала тәжірибесінде сақталып қалмайды. Бала көзбен бағдарлай алмайды, мысалы бала шеңберлерді жинастыру кезінде оларды көлемі бойынша жинамайды жай ғана оларды бірінен кейін бірін жинай береді. Жіберген қателігін түзетуге ол қабілетсіз. Сондықтан, күнделікті дидактикалық ойыншықтармен жатталып қалынған әрекеттер ақыл – есінде кемістігі бар баланы дамытпайды, оның ойы мен қабылдау қабілеті дамымайды [4].

Ақыл – есінде кемістігі бар баланы ата – аналар дидактикалық ойындарды тәрбие процесінде пайдаланудағы негізгі мақсаты баланың бойында ізденіс пен тапсырманы орындау барысындағы бағдар қабілетін қалыптастыру. Балалар қатысатын ойындар мен жаттығулар баланың бойында сынап көру, байқап көру тәсілдері арқылы заттар мен құбылыстарға назар аударуды үйретеді. Уақыт өте келе бұл көз арқылы қабылдау қабілетіне ұласады. Затты толық қабылдау баланың ойын, еңбек, ізденіс әрекеттерінің нешінде қалыптасады және баланың қоршаған ортада дұрыс бағдар ала білуінің негізгі шарты болып табылады. Ақыл – есінде кемістігі бар балалардың қабылдау сезімі олар қашан қоршаған ортаны бөлшектеп, жорамалдап емес, толығымен, көлемі мен үлгісіне қарай және заттың негізгі қасиетін анықтай алатын жағдайға жеткен кезде қалыптасады. Сондықтан, заттарды тани білу қабілеті мен оларды қабылдау қабілетімен шатастыруға болмайды, себебі заттарды тану оны толық қабылдауға жасалған алғашқы қадам. Денісау қалыпты дамып жатқан балаларда заттарды толық қабылдау ерте жастан бастап дамып жіті дамиды, ал мектеп жасындағы балалар ересектердің ықпалынсыз – ақ ойын және еңбек әрекеттерін өз бетінше орындай алатын және өзіне - өзі қызмет көрсете алатын деңгейге жетеді. Сонымен қатар олар заттардың бейнесін суреттей алады. Ақыл – есінде кемістігі бар балаларда қабылдау сезімі өте кеш дамиды тіпті арнайы түзету жұмыстарынсыз қалыптаспайды. Бұл өз кезегінде өзіне - өзі қызмет көрсету қабілеті мен ойын және еңбек әрекеттерінің кеш қалыптасуына, ауытқуына ықпал етеді.

Ойын толық қабылдау қасиетінің қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Ақыл – есінде кемістігі бар балалардың толық қабылдау қабілетін дамытуға арналған дидактикалық ойындарды шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады: бірінші – тану, бұл кезеңде ақыл – есінде кемістігі бар балалар қиындықтарға кезігеді; екінші – заттың барлық қасиеттерін ескеретін толық бейнені қалыптастыру (көлем, түс, үлгі) [5, 186.].

Баланың психикалық дамуы толық жүруі үшін оны қоршаған ортаны дұрыс

қабылдауға үйрету аздық етеді. Дидактикалық ойын – күрделі құбылыс, бірақ онда ойынды оқыту формасы ретінде және ойын әрекеті ретінде көрсететін негізгі элементтер мен құрылымдар бар. Ойынның негізгі элементтерінің бірі – дидактикалық тапсырма. Ол тәрбиеге ықпал ету мен оқытудың мақсатын анықтайды. Ойынның құрылымдық элементі ойын тапсырмасы болып табылады, ол балалардың ойын әрекеті барысында орындалады. Екі тапсырма – дидактикалық және ойын – оқыту мен ойынның өзара байланысының көрінісі.

Дидактикалық ойындардың түрі қолданылатын материалдарға байланысты ерекшеленеді.

1. Заттармен ойнау. Бұл ойында дидактикалық ойыншықтар, қолданылады (мозайка, кубик) шынайы заттар, түрлі иабиғи материалдар (жапырақ, жеміс., т.б.) Ақыл – есінде кемістігі бар балаларда қоршаған ортамен таныстыру үшін сюжетті (қуыршақтар, тұрмыстық заттар, көкеністер және т.б.) және сюжетті емес (шар, цилиндр, пирамида және т.б.) дидактикалық материалдар қолданылады. Сюжетті және сюжетті емес дидактикалық ойыншықтарды қолдану балаларға заттардың қасиеті мен олардың міндетін ұғындырудың бірден – бір жолы. Ойын әрекетінде (бөлшектеу, қосу, құрастыру) балалар дидактикалық тапсырмаларды орындауға, шыдамдылыққа үйренеді. Табиғи материалдармен ойын серуен кезінде ұйымдастырылады. Ол табиғат жайында пікір қалыптастыруға, ойлау процессінің дамуы мен қалыптасуына ықпал етеді [6].

2. Баспа ойындары. Олар заттармен емес олардың бейнесімен әрекет етуді көздейді. Олар жиі ұқсас бейнелерді табуға, бөлшек суреттерді құрастыруға негізделеді. Осындай ойындардың негізінде балалар өз білімдері мен пікірлерін және назарын жүйелеп үйренеді.

3. Ауызша, ауызекі ойындар. Олар күрделі болып табылады, себебі балалар жоқ зат жайында ойлауға және оны елестетуге міндетті. Ауызша ойындар сөйлеу қабілетін дамытуға бағытталған, ондықтан ақыл – есінде кемістігі бар балаларға 4 жастан асқаннан кейін қолданылады себебі ондай балалар кеш сөйлейді [7, 120-125б.].

Ойындардың материал бойынша классификациялануы олардың оқытуға, таным әрекетіне бағытталғанын белгілейді. Сонымен қатар ол балалардың ойын әрекетінің ерекшелігін анықтайды. Ойын әрекеті – дидактикалық ойындардың негізін қалайды, ойын әрекетінсіз ойынның болуы мүмкін емес. Олар ойын сюжетінің бейнесі болып табылады. Ойын әрекеті қаншалықты мазмұнды болса ол балалар үшін соншалықты қызықты болады және таным мен ойын тапсырмалары сәтті шешімін табады. Ойын әрекетіне балаларды үйрету керек, осы жағдайда ғана ол балалар үшін үйретуші және мазмұнды сипатқа ие болады. Ойын әрекетіне үйрету тікелей жүрмейді, ол сынап көру және рөлге ену арқылы жүзеге асады. Ойын әрекеті кезінде оның мотиві мен алға қойылған ойын тапсырмасын шешуге бағытталған іс - әрекеттер анықталады. Күрделілігі жағынан олар әр түрлі және ойын тапсырмасы мен таным мазмұнының күрделілігіне негізделген [8].

Ойын әрекеті – бұл үнемі сыртқы тәжірибелік әрекет емес. Бұл күрделі ақыл – ой әрекеті, мақсатты түрде бағытталған қабылдау, бақылау, салыстыру, бұрын меңгерген қабілеттерді еске түсіру және ойлау процесінен көрінеді.

Дидактикалық ойындар өз бетінше ойын әрекеті ретінде осы процесстің саналы түрде жүруімен байланысты. Ол ақыл – есінде кемістігі бар балалар ойынға және оның ережелері мен әрекеттеріне қызығушылық танытқанда жүзеге асады, егер балалар үшін ережелер түсінікті болған жағдайда. Дидактикалық ойын ақыл – есінде кемістігі бар баланың тұлғалық дамуын жан – жақты дамыту құралы болып табылады:

1. Ақыл – ой тәрбиесі. Дидактикалық ойындардың құрылымы балалардың өмірге және табиғатқа, заттарға, қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастырады, адамдар мен әрекеттер жайында білім қалыптастырып оларды жүйелейді. Ақыл – есінде кемістігі бар балаларға ықпал ету өте қиын, балаға ықпал етудің бірден – бір жолы ойын екенін жоғарыда айтып өттік, егер ата – аналар дидактикалық ойындар жайында оларды бала

тәрбиесінде қалай қолдану керек екенінен хабардар болса, бұл ақыл – есінде кемістігі бар балалы ата – аналарға үлкен көмек болатыны сөзсіз. Дидактикалық ойындар көмегімен балаларды өз бетінше ойлауға тәрбиелейді және алған білімдерін мақсатқа байланысты түрлі жағдайларда қолдануға үйретеді [9].

Көптеген дидактикалық ойындар ақыл – есінде кемістігі бар балалардың алдына ойлаумен тығыз байланысты бар білімдерін роционалды түрде қолданып шешуге тиісті міндеттерді қояды: қоршаған орта мен заттарға тәне қасиеттерді табу, нақты сипаты бойынша заттарды салыстыру, топтастыру, жүйелеу, дұрыс қортынды жасау және нақтылау. Сезіну және қабылдау процесстері ақыл – есінде кемістігі бар баланың қоршаған ортаны таным негізінде жатыр. Ақыл – есінде кемістігі бар балалардың заттың үлгі, түс, көлемімен танысуы сенсорлық тәрбиеге қажетті жаттығулар мен дидактикалық ойындар жүйесін құрастыруға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер тізімі

1. Леонтьев А.Н. // Психологические основы развития ребенка и обучения. Москва. Смысл, 2019, 423 с.
2. Комплексная реабилитация инвалидов [Текст]: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Под ред. Т.В. Зозули. Москва, Издат. Центр «Академия», 2005,396 с
3. Дивицына, Н. Ф. Социальная работа с неблагополучными детьми и подростками [Текст]: Конспект лекций/ Н.Ф. Дивицина. – Ростов н/Д : «Феникс», 2005. 285с.
4. Гоноболин Ф. Н. Внимание и его воспитание. Москва, 1972. . 182с.
5. Обучение и воспитание детей во вспомогательной школе: Пособие для учителей и студентов дефектолог. ф-тов пед. ин-тов/ Под ред. В. В. Воронковой Москва, Школа-Пресс, 1994. 135с.
6. Специальная дошкольная педагогика и психология. /Под ред.В.И. Селиверстова. Москва. Владос, 2001.
7. Миронова Р.М. Игра в развитии активности детей: Кн. для учителя. Р.М.Миронова. Минск, Нар.асвета, 1989. 485с.
8. Финкельштейн И.И. Представления и понятия о времени у детей-олигофренов /Известия АПН РСФСР, 1961. вып. 114.
9. Дефектология. Республикалық педагогикалық – психологиялық журнал//.№3.2010. С.11-19 б.

¹Стыбаева А.Ш., ²Мадалиева С.Л.

¹к.педагог.н., доцент, Таразский РУ им.М.Х.Дулата, Тараз, Казахстан

²учитель высшей категории начальных классов, «педагог-зерттеуші»,
сш. №23, Шымкент, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ В ДЕТСКОМ САДУ

Аннотация. В статье рассматривается проблема практического применения цифровых технологий обучения в детском саду на примере образовательного ресурса «Основы грамоты». Авторами раскрыта актуальность данной проблемы, сделан анализ положительных сторон цифровых ресурсов в обучении дошкольников, а также условия их эффективного использования на практике. Выделены цель, задачи и ожидаемые результаты цифрового образовательного ресурса «Основы грамоты».

Ключевые слова: дошкольный возраст, цифровые образовательные ресурсы, обучение

На современном этапе без цифровых технологий уже невозможно представить образовательный процесс, отвечающий требованиям современного информационного общества. Цифровые образовательные ресурсы (ЦОР) – это важнейшая составляющая всех направлений деятельности современного педагога, способствующая оптимизации, а также интеграции учебной и воспитательной деятельности. У детей дошкольного и младшего школьного возраста преобладает наглядно-образное мышление, с чем очень действенно справляются ЦОР. С помощью них можно продемонстрировать большое многообразие видео материала, предметных и сюжетных картинок, а также последовательное выполнение практических действий. Звуковое сопровождение, анимации, смена видов деятельности и элементов игры помогут поддерживать интерес ребенка на протяжении всей учебной деятельности и избежать переутомления.

В настоящее время в Казахстане и во всем мире в связи с пандемией, идет становление новой системы образования, ориентированной на вхождение в мировое информационно-образовательное пространство и дистанционное обучение. Поэтому цифровой образовательный ресурс «Основы грамоты» для детей 5-6 лет является актуальным и способствует оптимизации образовательного процесса в детском саду. Этот процесс вносит определенные коррективы в содержание технологий обучения, что способствует существенному повышению уровня и качества восприятия учебного материала в учебно-воспитательном процессе.

ЦОР должны быть адаптированы к современным техническим возможностям и способствовать гармоничному вхождению ребёнка в информационное общество.

Цифровые издания учебного назначения не только обладают всеми достоинствами бумажных изданий, но при этом имеют ряд положительных отличий и преимуществ. В частности: компактность хранения в памяти компьютера или на флэшке, мобильность, тиражируемость, возможность оперативного внесения изменений и дополнений, сочетаемость и смена различных видов деятельности за короткий промежуток времени, динамическая подача материала, способность показать длительные процессы в течении нескольких минут, возможность использования большой картотеки мультимедийного и иллюстративного материала, удобство пересылки по электронной почте или мессенджерам Ватсап, Телеграм и т.д.

В качестве примера рассмотрим цифровой образовательный ресурс «Сауағашунегіздері. Основы грамоты», разработанный нами, для детей подготовительной группы детского сада. Цель создания данной цифровой разработки – оказание методической помощи педагогам подготовительной группы и класса предшкольной подготовки в

ознакомлении детей 5-6 лет с основами грамоты казахского и русского языков.

Задачи ресурса:

- познакомить детей с буквами казахского и русского алфавита и основами грамоты;
- способствовать расширению словарного запаса и связной речи, развитию фонематического слуха, зрительной и двигательной памяти;
- воспитывать уверенность в своих силах, коммуникативные способности и познавательный интерес к обучению.

Согласно Типовой учебной программе дошкольного воспитания и обучения, в рамках использования данного проекта у детей формируются следующие знания, умения и навыки:

- представления о терминах «буква», «звук», «слог», «слово»;
- различение гласных и согласных звуков;
- определение позиции звука и буквы в слове;
- правильное произношение звуков и слов;
- различение твердых и мягких согласных звуков;
- различение звонких и глухих звуков;
- дифференциация парных звуков;
- запоминание графического образа печатной буквы и ее написание;
- развитие мелкой моторики рук [1, 98].

Использование разработанного нами цифрового издания «Сауат ашу негіздері. Основы грамоты» не требует дополнительного обучения педагогов. К воспитателю предъявляются обычные профессиональные требования: образование по специальности, опыт работы с детьми, начальный уровень работы с персональным компьютером и творческий подход к составлению плана организованной учебной деятельности (ОУД). Педагог должен четко понимать на каком этапе ОУД следует применить ЦОР и с какой целью.

Новизна ресурса заключается в том, что использование цифрового формата позволяет компоновать учебный материал, используя различные методы и приемы, одновременно воздействовать на все анализаторы восприятия: слух, зрение и осязание, как для демонстрации изучаемого материала, так и для выполнения заданий по образцу со стороны воспитуемого. Во время использования педагогом ЦОР, воспитуемый не только визуализирует и знакомится с новой темой, но и повторяет пройденный материал, получает инструкции к выполнению новых заданий, а также может выполнять практические действия: отвечать на вопросы, произносить отдельные звуки, слоги, слова, прописывать образ буквы в воздухе.

Учебный материал запоминается лучше, если его восприятие проходит в непринужденной форме. Рекомендованное нами использование игрового момента в воспитательно-образовательном процессе создает условия, при которых память неосознанно фиксирует информацию в подсознании, таким образом увеличивая объем и качество воспринимаемого материала.

Цифровой образовательный ресурс «Сауат ашу негіздері. Основы грамоты» – это обучающая система, которая включает в себя дидактические, методические и информационно-справочные материалы по основам грамоты, которые позволяют комплексно использовать их как для получения новых знаний, так и для углубления и закрепления пройденного материала. Изучение материала построено в соответствии с дидактическими принципами и закономерностями обучения.

В основу ЦОР «Сауат ашу негіздері. Основы грамоты» положены такие педагогические принципы, как: научность, доступность, связь педагогического процесса с жизнью и практикой, последовательность, систематичность, преемственность, подача материала от простого к сложному. В ЦОР «Сауат ашу негіздері. Основы грамоты» учебный материал подается в игровой форме с опорой на знания, умения и навыки детей данного возраста, а также их возрастные и психологические способности. При его

разработке мы также использовали достижения современных педагогов-практиков, их рекомендации по использованию разнообразных методов и приемов.

Следует отметить, что представленный цифровой материал можно использовать в ходе изучения основ грамоты, казахского и русского языков, художественной литературы, развития речи и интегрированных занятий.

Не отрицая достоинств других цифровых ресурсов и бумажных изданий, мы предлагаем использовать в работе по обучению детей 5-6 лет цифровое издание «Сауат ашу негіздері. Основы грамоты», учебно-методические комплексы «Сиқырлы әріптер мен сөздер әлемінде» [2], «В мире волшебных звуков и слов» [3], выпущенные издательством «Shuğylakitap». Указанные учебно-методические комплексы выпущены на казахском и русском языках и включают в себя методические пособия, демонстрационные материалы и рабочие тетради.

Грамотное сочетание цифровых и бумажных дидактических материалов поможет построить обучающую деятельность увлекательно и результативно, а смена видов подачи материала и заданий позволит избежать переутомления детей. Комплексное использование учебного материала на бумажных и цифровых носителях поможет сформировать не только основы грамоты, но и развить воображение, логику, интеллект, память, концентрацию внимания, расширить кругозор и развить интерес воспитанников к обучению.

Применение словесной похвалы и звуковых эффектов способствует поддержанию интереса воспитанников к изучению алфавита и основ грамоты, а использование движущихся элементов способствует снятию зрительного напряжения.

Словесное описание, доступное пониманию ребенка, сопровождающееся видео образцом поможет запоминанию не только графического образа буквы, но и ее элементов с последовательностью написания.

Предоставленный объем информации за короткий промежуток времени помогает не только усвоить новый материал или закрепить пройденный, но и направляет, побуждает воспитанника к выполнению дальнейших действий. Это написание печатных букв по пунктирным линиям в тетради, закрашивание звуковых схем слов, рисование бордюров и написание элементов букв, выполнение штриховок, раскрашивание картинок, в названии которых встречается изучаемый звук, буква, определение позиции звука в слове и т.д.

Речь педагога, сопровождающая показ изучаемого материала, поможет детям усвоить правильное произношение звуков и слов, развить фонематическое восприятие и память.

Непродолжительные по времени видеоролики (6-7 минут) помогут воспитателю самостоятельно построить организованную учебную деятельность, продумать последовательность изложения материала, учитывая знания, умения и навыки воспитанников данной группы.

Игровые сюжеты, чистоговорки, художественное слово, дидактические игры, смена элементов оформления помогут избежать отвлекания от излагаемого материала и поддержке интереса к обучению у детей.

Обучающий материал дает не только узко специализированные знания по изучаемому предмету, но и способствует интегрированной взаимосвязи материала с другими дисциплинами. Уделяется внимание формированию интереса к художественному слову. Развивается речь посредством расширения словарного запаса с использованием заданий, способствующих развитию логического мышления: обобщающие слова, группировка и исключение, концентрация внимания, взаимосвязи, соответствие, аналогии, узнай и назови и т.д.

В процессе обучения с ЦОР «Сауат ашу негіздері. Основы грамоты» дети не остаются пассивными наблюдателями. Они слышат, видят, говорят и выполняют различные задания в тетрадях, т.е. являются непосредственными участниками учебно-воспитательного процесса. Доступность предоставленного материала, его разнообразие и

задания разной сложности с возможностью дальнейшего его углубленного изучения, а также похвала и мотивирование на успех способствуют формированию успешной, уверенной в своих силах личности, не смотря на различный уровень восприятия и подготовки детей.

Применение на практике цифрового образовательного ресурса «Сауат ашу негіздері. Основы грамоты» позволит получить следующий ожидаемый результат:

–ребенок будет знать графическое обозначение букв казахского и русского алфавитов;

–правильно произносить звуки;

–различать гласные и согласные звуки;

– определять позицию звуков в слове;

– подбирать слова на заданный звук.

Кроме этого, у ребенка будут развиваться фонематический слух и память; посредством чистоговорок, скороговорок и других заданий сформируется правильное произношение; для него будет создана комфортная развивающая среда. Увеличится активный и пассивный словарь детей. Под руководством взрослого они научатся отвечать на вопросы полными предложениями, строить предложения, помогать сверстникам и обращаться за помощью к взрослым. Овладеют навыками правильного держания карандаша и ручки, научатся различать и писать печатные буквы, а также их элементы, раскрашивать картинки, проявлять интерес и положительное отношение к процессу познания.

Применение на практике цифровых технологий обучения, в том числе и ЦОР «Основы грамоты», способствует повышению интеллектуальной активности детей, приучает детей к самостоятельному восприятию информации, выполнению действий по образцу и способность принимать творческие решения. Все это способствует повышению эффективности организованной учебной деятельности. Даже самые пассивные дети включаются в учебную деятельность с огромным желанием, у них наблюдается быстрое запоминание изучаемого материала, развитие навыков креативного мышления, творческого подхода к решаемым проблемам. Дополняя широкий спектр педагогических технологий, цифровые издания помогают решить вопрос формирования коммуникативных навыков, как условие успешной социализации воспитанников и их подготовки к обучению в школе.

Оформление и качество видеосъемки роликов «Сауаташунегіздері. Основы грамоты» включают в себя большое разнообразие яркого иллюстративного материала, который соответствует педагогическим требованиям: эстетичность, национальный колорит, связь презентуемого материала с жизнью (соответствие цвета, величины и форм реальным предметам), занимательность (встреча с игровыми персонажами и сказочными героями, игры), спокойное, доступное пониманию звуковое сопровождение, как эталон грамотного произношение лексических единиц языка. На протяжении всего цифрового образовательного ресурса речь и стиль преподавания материала создают атмосферу сотрудничества педагога и воспитанника.

Небольшой по времени (6-7 минут) объем видеоролика исключает переутомление детей и нагрузку на их зрение, а также предоставляет возможность лавировать место видеоролика на протяжении ОУД.

В заключении также следует отметить, что цифровые образовательные ресурсы и их применение в учебно-воспитательном процессе способствуют выполнению государственной программы «Цифровой Казахстан» [4]. С маленького возраста дети, под руководством взрослого, познают, что компьютер или любой другой электронный носитель – это не только игрушка, но и средство получения новых знаний.

Список литературы:

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения, Приказ министра образования и науки Республики Казахстан от 5 мая 2020 года № 182.

2. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения от 6 марта 2020 года № 90.

3. Абдурахманова А.Т. Влияние онлайн-обучение на познавательную и психоэмоциональную сферу учащихся // Проблемы Науки, 2019. № 8 (141).

4. В мире волшебных звуков и слов. / Сост.: М. К. Абаева и др. Шымкент: Shuǵylakitap, 2017.

5. Полат В. Дистанционное обучение: идеи, технологии, проблемы и перспектива. М., 2005.

6. Сикырлыәріптер мен сөздерәлемінде. / Сост.: М.Сатимбекова и др. Шымкент: Shuǵylakitap, 2017.

ӘӨЖ: 821. 512. 122. «18»

Өмірзақов С.Ө., Насирдинов Б.

филология ғ.к., доцент, «Абайтану» ғылыми орталығының басшысы.

М.О.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

магистр, «Абайтану» ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері

М.О.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

ҚАЗЫҒҰРТ-ҚАРАТАУ АЙМАҚТЫҚ ӘДЕБИЕТ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗДЕРІ

Түйін: Мақалада қазіргі Түркістан облысының солтүстігін көлбей жатқан Қаратау тауының етегі мен Қазығұрт тауының айналасын қоршай орналасқан аймақтағы шашырай орналасқан елдімекен тұрғындарынан шыққан ақын-жыраулар шығармашылығы Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебін құрайтындығы тұңғыш рет арнайы қарастырылды. Қазірге дейін өлке мәдениетіне байланысты жазылған зерттеулер бар. Бірақ топтастыра зерттелиген. Мақала осы кемшіліктің түбірлі себебін анықтап, беймәлім он тоғыз ақынның әдеби мұраларын талдауға арналған. Ал мұралары шашыраңқы жатқан он бір ақынның, әлі күнге талдауға мүлдем алынбаған он алты ақынның мұраларын табуға, зерттеу нысанына алға бағыт сілтейтініне күмән жоқ. ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы Қазығұрт-Қаратау аймақтық мектебінен нәр алған ақын-жыраулар деп жүрген ақындар мен шайырларды өз дәуірінің бағамынан, сол кездегі тарихи оқиғалардан іздеуге және алдымен өмірі мен шығармашылық, қоғамдық қызметіне қарай анықтауға күш салынды.

Кілт сөздер: Қазығұрт-Қаратау, өмірбаяндары, шығармашылық қызметі, терме-толғау, арнаулары, дастандары, зерттеу жаңалығы, Шығыс әдебиеті, Балта ақын, мұраларының жариялануы.

Қазіргі Түркістан облысының солтүстігін көлбей жатқан Қаратау тауының сілемдері мен Шымкент-Ташкент тас жолының бойындағы киелі Қазығұрт тауының айналасын қоршай орналасқан аймақтағы және қазіргі Өзбекстан Республикасының шығыс аудандары (Бостандық, Шыршық т.б.)мен Алматы облысына дейінгі шашырай орналасқан ұланғайыр елдімекен тұрғындарынан шыққан ақын-жыраулар, би-шешендер шығармашылығы Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебін құрайды. Осы күнге дейін өлке тарихына байланысты жекелеген ақындар (Мәделіқожа, Майлықожа, Байзақ т.б.) ақындар шығармашылығы зерттеу бағытына алынғанымен кешенді топтастыра зерттеу

мәселесі мүлдем қалып қойған. Бұған біздіңше негізгі себеп: Оңтүстік өлкесі «Ислам дініне жақын» деген желбуаз саясаттың кешегі кеңес дәуірінде қатты орын алып, қиссашылдық-дастаншылдық дәстүрдің мүлде зерттелмей қалуынан. Кеңестік құрылымды сол кез саясатын жырға қосып, бір-екі айтысқа қатысып немесе бірнеше арнау, өлең шығарған ақынмын дегендерді айға көтере бағалау саясаты да өз жемісін аз берген жоқ. Әрі ғылыми органың (әсіресе, қоғамдық ғылымдардың) танымал өкілдері өз елінен шыққан әдеби мұраларды барынша көтеріп, дәріштеп жатты. Әйтпесе, қазақтың әр өңірінде қалыптасқан әдебиет мектебі зерттелді де, күңгей өлкесінің әдеби мұраларын не үшін зерттеуге алмады деген ой желісін таратып, талдап отырып салыстырсақ, жоғарыда айтылған «діншілдік сарынның» алдымыздан тағы да шыға келетіні анық көрініп тұрады. Бұл үрдіс Тәуелсіздік алғанға дейін жалғасып келді. Әдебиет тарихының небір білгірлері, араб, парсы, шағатай тілін меңгерген мамандардың көпшілігі қайтыс болып кетті. Осыдан келіп, бұл мәселе «жылы» күйінде жабылды. Мәселен, Арқадан шыққан Абай мектебі, Сыр сүлейлері, Жетісу мектебі, Батыс ақындары мектебі деп топтастырылып, зерттеліп келсе, өкінішке орай Оңтүстік Қазақстанның әдеби мектебі (жекелеген ақындар шығармашылығын айтпағанда) кешенді түрде мүлдем зерттелмей қалды.

Академик Мұхтар Әуезовтің «...қазақ әдебиетінде 140 кітаби ақындар болған» деген пікірін ескерсек, соның жартысынан астамы осы оңтүстік өлкесінен табылып отыр. Мәселен, ары үнілмей-ақ XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында дүниеге келіп, шығармашылық жолы қалыптасқан ақындар мұралары мүлдем атаусыз қалып кеткен. Әдебиет тарихынан ойып тұрып орын алар ең кемі шығармашылық мұрасы бір том болатын он тоғыз ақынның шығармашылығы, әдеби мұралары толық жиналып бітпеген он бір ақынның дүниесі, әлі күнге мүлдем зерттелмеген он бес ақынның әдеби мұраларын жинау, зерделеу, зерттеу, ғылыми айналымға түсіру – бұл үлкен бір ұжымның ұзақ жылдық еңбегі болары сөзсіз. Аттары аталып, кейбір зерттеулерге ілінді делініп жүрген Шәді Жәңгірұлы мен Нұралы Нысанбайұлының мұралары жиналып, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің қолдауымен жарық көрген «Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи, рухани мұраларына арналған көптомдық» жобасы аясында Шәдінің 23 томы, Нұралының 20 томы жарияланды.

«Ақындар» кітабы мен Кеңес энциклопедиясындағы мәліметтерді басшылыққа алсақ, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы Қазығұрт-Қаратау аймақтық мектебінен нәр алған ақын-жыраулар деп жүрген ақындар мен шайырларды өз дәуірінің бағамынан, сол кездегі тарихи оқиғаларға, өмірі мен шығармашылық, қоғамдық қызметіне қарай төрт топқа бөліп қарастыруға негіз болатыныны аңғарылады.

Бірінші топқа, ақындық қызметі XIX ғасырдың бірінші жартысында жарқырай көрінген: Жанкісі, Сүйінбай, Жәнкел, Ұлбике, Қылышбай, соқыр Құлман, Мәделіқожаны;

Екінші топқа шығармашылық қызметі XIX ғасырдың екінші жартысында шығармашылығы өрістеген Сүйіндік Тілегенұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Құлыншақ Кемелұлы, Италмас Түнқатарұлы, молда Мұса Байзақұлы, Шәді Жәңгірұлы, Жүсіпбек Шайхисламұлы, Нұралы Нысанбайұлы, Жамбыл Жабайұлы т.б. ақындарды кіргізуге болады.

Үшінші топқа XIX ғасырдың соңғы кезі мен XX ғасырдың басында өмір сүрген Мырзабек Байжанұлы, Еркінбек Ақынбеков (1863-1918), молда Мәди Меркішұлы (1865-1924), Қазанғап Байболов (1889-1946), Елеусіз Байырбеков (1892-1944), Зұлпықар Балғабаев (1874-1941), Мұса Жұманазаров (1890-1963), Санбай Қалмағамбетұлы (1861-1922), Ысқақ Құлыншақұлы (1880-1919), Орынбай Тайманұлы (1884-1946), Сұлтанбек Аққожаев (1876-1965), Белгібай Бектұрғанов (1894-1967), Байбосын Күзембаев (1886-1930), Исабек Майлықожаұлы (1895-1938), Балтабай Тебейұлы (1892-1968), Ерғөбек Құттыбайұлы, Кенжеқожа, Сауытбек, Орақбай, Келімбет Серғазиев (1876-1968), Айтбай Белгібаев (1889-1961), Ақберді ақын (XX ғ.), молда Бекеш, Құлшат, Жүргенбай Ешмұхаммедов, Керімқұл Жүнісов, Мыңбай Сұлтанбеков т.б. секілді ақындарды

топтастырамыз.

Төртінші топқа ХХ ғасырдың басы мен кеңес дәуірі тұсында жасаған Әйтпенев Қайыназар (1900-1975), Қалдыбек Әлікұлов, Көпбай Әлімбетов, Әбдірайым Байтұрсынов, Әбіш Бибосынов (1908-1971), Желеу Жақыпов (1904-1970), Отызбай Жұмабеков, Орал Қалдыбаев, Өмірсерік Қалдыбаев, Шайқым Қасымбеков, Тұрды Маханбетов, Айнабек Нысанов(1909-1972), Көпбай Омаров, Әмзек Сейітбеков, Асан Тәжиев (1907-1976), Тасболат Тәжиев, Құлжабай Төлеуов, Нұралының көзін көрмесе де, шығармаларынан нәр алған Тұрлыбек Сұлтанбекұлы секілді ақындарды топтастыруға болады. Бұлай топтастыру шарттылық екендігін де ескертеміз.

«Ақындар» кітабында және «Қазақ кеңес энциклопедиясында» жарияланған деректер бойынша Оңтүстіктен шыққан елу үш ақынның тізімі, қысқа түрде еңбектері аталған [1.111, 2.224].

Ал кейінгі жылдары жүргізілген зерттеулер аймақ мектебі өкілдерінің бұл айтылған саннан әлде қайда көп екендігін және ақындық қайнары көне дәуірлерден суат тартатындығын тағы да бір дәлелдеп берді. Оған ғылыми негіз де бар. Б.з.д. дәуірлерді айтпағанның өзінде түркілік, ортағасырлық әдебиет әлемінде шайырлық пен ғылыми еңбектердің негізін ғылыми тұрғыдан кестелеп берген А.Иасауи, С.Бақырғани, Н.Рабғұзи, Кердери, Уафи, Сопы Аллаяр, Ахмет Иасауи шәкірттерінің хикметтері мен қисса жанрының қалыптасып дамуына өзек болған Құтып, С.Сарай, Харазми, Атай, А.Жүйнеки мен Шәрифидің хикмет, назымдарын, Шымыр-би Алты Бармақ, Бабыр, М.Х.Дулат, Шайх Таразидың, Бекасыл әулиенің ғылыми еңбектері мен дастандары Шығыс ғұламаларының еңбектеріне қоса өлке ақындары мектебінің қалыптасуына іргелі негіз болды. Тамырсыз ағаш көктемейтінін ескерсек, аймақ мектебі өкілдерінің ақындық іргетасының болмысы ғылыми-теологиялық, дидактикалық поэзиядан мол нәр алғанын аңғарамыз.

Оңтүстік аймақтық әдеби мектебі, қалыптасу, даму тарихы және оның өкілдері кім деген мәселеге тоқталып өту, бұрын белгісіз ақындар мұраларын «әдебиеттану ғылымының талаптарына сай қарастыра отырып, қайта айналып, қайырыла соғар мәселелер дейміз. Бұл ретте Жылқыбай ақын мұрасымен қатар Майкөт, Италмас, Сүйіндік, Кейкі, Кенжебай, Оңғарбай шешен, Ұлбике секілді белгілі, белгісіз ақындар мұраларын соны талаптар деңгейінде пайымдау жөн болмақ. Өйткені, ХІХ ғасырдағы Қоқан хандығыны тарапынан, жалпы қазақ жерінің үш аймақтық жүйе негізінде отарлануы ел әдебиетінің қалыптасуына қатты әсері болған. Осы негізде біз жүйелеп жүрген Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдеби мектебінің өзіне тән үрдістері, дара бағыттары туғаны мәлім. Оңтүстік аймақтық мектебіне тән сондай бағыттың негізгісі – терме-жыршылық, қисса-дастаншылдықтың дара һәм биік көрінісін тудырған эпикалық дәстүр еді. Айтылған екі бағыттың да түпнегіз бастауларында Тәңірлік һәм Ислам қағидаттарына негізделген инсанияттың терең белгілері жатқаны анық. Майлықожа, Жылқыбай, Нұралы секілді ірі ақындардың өзіндік мектебі қалыптасқандығы кейінгі қолжазбалар, зерттеулер аясында айқындала түсуде. Осындай іргелі мектеп қалыптастырған ақындардың бірі – Сіргелі Жылқыбай ақын болатын. Оған әл-әзірге ақынның біздің қолымыздағы көлемді бірнеше толғауы, үш дастаны дәлел бола алады. Қандай әдеби мектеп болмасын оларға тән ортақ желі, ортақ тақырып болады. Күнгей ақындарына тән ортақ тақырыптарға: адамның туылғанынан қайту аралығындағы жас кезеңін суреттеу, ахлақ мәселелері, психотехникалық сезім, жақсы әйел мен жаман қатын, жақсылық пен жамандық, Иасауи іліміндегі «бенденің кәмалаттығы» яки кемелділікке жету жолдары, зарығып жүріп ұл көру т.б.

Осы ой желісінен және өлке ақындарының бүкіл шығармашылық мұраларын таразылап қарағанда аймақ мектебі өкілдерінің шығармашылық қызметін шартты түрде беске бөліп топтастыруға болады.

Біріншісі, күрескерлік әдебиет өкілдері: Жанкісі, Мәделікожа, Сүйінбай,

Екіншісі, эпикалық дәстүрдегі Жәнкел, Ұлбике, Жамбыл бастаған ақындар;

Үшінші, діни-ғибраттық поэзия өкілдері: Балта, Майлықожа бастаған ақындар легі;
Төртіншісі, Нұралы бастаған ағартушылық-дидактикалық сала болса,
Бесіншісі, «кітаби ақындық» дәстүріндегі Шәді бастаған ақындар.

Мұндай шығармашылық дәстүрдің қалыптасуына қазақ жерін отарлау идеологиясы бірден-бір себеп болған. XIX ғасырдағы Қоқан хандығының жиіркенішті басқыншылығы (1808-1964 ж.ж), 1860 жылдардан басталған патшалы Ресейдің Оңтүстікті отарлауы ақындардың негізгі жырлау объектісіне айналып еді.

Бұл туралы профессор М.Мырзахметұлы: «Шоқындырып, орыстандыру саясатының қазақ елінің тағдырына құрылған тұзақтары мен қақпандарын алдымен қазақ ақындары сезіне бастады. Сезіне бастауының елеулі бір көрінісі уды умен қайтару үшін қиссашыл кітаби ақындар ислам дінін насихаттауға ерекше мән беріп, араб, парсы тіліндегі діни тақырыптағы әңгіме, дастандарды аудару, не өзінше жырға қосу немесе нәзіралық жолмен жарыса жырлау тәсілдерін қолдану жолына түсті» – деп жазады [3,7].

Біз өлке ақындарының өмірі мен шығармашылық мұралары туралы бар деректерді пайдалана отырып, топтау әдіснамасы арқылы танымдық зерттеулерге ден қоямыз. Өйткені, әр ақынның шығармашылығы жеке-жеке зерттеулерге негіз болатындықтан біз бұл ақындардың өмір жолы мен шығармашылық мұраларын оқырманға таныстыру, кейінгі табылған ақындар мұраларымен байланыстыра отырып, жалпы шолу аясы негізінде ғана қалдыруға мәжбүр болдық. Мұның дәлелі 2010-2016 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен «Түркістан» айдарымен әзірше жарық көрген «Қазыналы Оңтүстік» көптомдықтары. Қазірге дейін 311 том мұралар жарияланса, оның 242 томы бұрын-соңды қазақ әдебиетінде жарық көрмеген. Сол себепті енді ғана табылған деректер табиғатына ден қоя отырып, шығармашылық қызметі мен өмірбаяны белгізіздеу болып келе жатқан Балта ақынның өмірбаянына қысқа ғана тоқталамыз.

Балта ақын

«Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығы қолжазбалар қорындағы мәліметтерге сүйенсек, Балта ақын 1758 жылы қазіргі Жамбыл облысында туылған. 1845 жылы Шымкентте қайтыс болған [4.6]. Балта ақын қазіргі Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Билікөл деген жерде туып өсті. 87 жасында Шымкент қаласында қайтыс болды. Руы – Ұлы жүз, Дулат. Оның ішінде – Шымыр. Шымырдың ішінде – Құттық, оның ішінде – Бәйімбет. Балта ақынның өз әкесі – Дауылбай. Мұның әкесі – Қарақозы. Осы Қарақозы атты қазірде Бәйімбет елінің ішінде бір ру аты болып кеткен. Қарақозы заманында асқан батыр болған кісі. «Қобыланды батыр» жырында суреттелетін батыр осы Қарақозы болуы да кәт емес. Оның дәулеті көп емес, тек күн көріске лайық болған екен. Ал Дауылбайға дәулет бітіп, орташа бай болған. «Дауылбайдың төрт ұлы болыпты. Тұңғышы – Балта, екіншісі – Қаумен, үшіншісі – Дәукен, кенжесі – Мырзаш. Балта ақын өмірінде үш некелі болған. Бәйбішесі Шымыр елінің ішіндегі Бәйтеректен шыққан Қоқым деген батырдың қызы. Аты – Қаныкей. Қаныкейді жиырма бес жасында айттырып алған екен. Балта ақынның Қаныкейден көрген перзенттері: Тілеуқабыл, Дәрікыз, Жанқабыл, Алтай, Толғанай, Көрпе, Дәулетбақ, Қанкей. Кенже баласын алпыс екі жасында туыпты. Балта ақын ақындық жолға түсіп, «кімсің – Балта ақын» деген атаққа ілінгенде Дулаттың ішіндегі Жаныс елінен шыққан атақты Төле би әулетінен бір қыз алып, некелескен. Бұл әйелінен – Сатпақ, Бұрнақ екеуі туылған. Бұл екі арада інісі Мырзаш қайтыс болған соң Балта ақын жесір келінін әмеңгерлік жолымен қосылады. Одан – Тілеуберді, Жалқы туады. Балта ақын Дәрікыз деген қызын Шымырдың ішіндегі Жаңабай датқасы Бәйтеректің Базарбай деген баласына өз қолынан ұзатқан. Бәйтерек Балта ақынмен құрдас екен. Екеуі сыйлас, дос болған. Бәйтерек ертеректе жастау қайтыс болып кеткен соң «достың түбін құда қосар» деген қағидамен Балта Дәрікыз деген қызын Бәйтеректің ұлына берген. Дәрікыздың

Дамуында ауытқулары бар баланың қабылдауын дамыту мен интеллектуалды бұзылулары бар балалардың дамуы арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Бұл балалар көптеген елдерден таңдай алмайды, оларды жақын судьялармен салыстыру қиын, дидактикалық ойындармен өзара әрекеттесудегі айырмашылықтарды ескере алмайды. Оларды бөгде заттардың сипаттамаларына сүйене отырып талдау, қатардан табу мүмкін емес. Есіңізде болсын, балалар негізінде таңдау жасаса да, іздеу әдісін пайдаланбайды. Егер олар сіздің мүдделеріңізді қолдаса, онда отандастардың қайсындары, олардың Женде алмаидары, пайдалы тәжірибесі мен бағдары. Олигофрениялық балаларда шаш біркелкі дамымайды, ал қисық стандарттармен бір тапсырмадан екіншісіне өту қиын. Балаларға сабақ берген кезде мұғалімдер өздері таңдай алмайды, олар ешнәрсе ойламайды, өз ісімен айналыспайды. Осылайша, ауылдық атаулары аз балалар үшін жедел даму баяулауымен сипатталады. Олардың басында кэш бар, ол сіздің сыртқы келбетіңіздің қоршаған орта мәселесі ретінде қалыптасуын тездетеді.

Қалыпты емес балалар пайда болатын ойлаудың бірінші түрі - визуалды ойлау. Ол тәжірибелік сюжетте пайда болды және оған қызмет етуге қуанышты болды. Көрнекі ойлау барлық ақыл-ой әрекетінің негізгі компоненттерінен тұрады: мақсат қою, әдістерді талдау, мақсатқа жету үшін әдістерді таңдау. Практикалық тапсырманы шешудегі танымдық-бағдарлық белсенділігі төмен сапалы ер адамдарда емес, ісіктердің

объектілермен байланысында көрінбейді[4].

Көрнекі ойлау - бұл ойлаудың ерте формасы ғана емес. Ол басында дұрыс форманы тапты, оның негізі алдымен кенкрек-профиль, содан кейін аюушаша-логикалық ойлау. Сондықтан визуалды-белсенділік ойлауды дамыту көбінесе баланың бүкіл танымдық іс-әрекетін қалыптастыру болып табылады.

Сонымен, ақыл есі кем балалардың ұжымда психикалық дамуы түзетіп оқытуынсыз үлкен ауытқушылықтармен жүретіндігін біз анықтадық[5].

1. даму темпінің баяулауы көрінеді: барлық психикалық процестер өте баяу және кеш қалыптасады;

2. Баланың барлық іс-әрекетінде белсенділіктің жетіспеушілігі байқалады. Бұл баланы қоршаған заттық әрекеттерге, айналадағы заттарға деген қатынасы сияқты, сонымен қатар әлеуметтік жағдайлар – баланың өзінің құрдастарына, үлкендерге және тіпті өз-өзіне деген қатынасында көрінеді;

3. Ақыл есі кем балалардың мектепке дейінгі жастың соңына қарай оларға тән әрекеттің қалыптаспағандығы білінеді: заттық, ойын, бейнелеу; танымдық процестері: қабылдау, ес, ойлау; сөйлеуі нашар дамығандығы; моторикасының едәуір жетілмеуі;

4. Дамуының артта қалуымен бірге сапалық ауытқушылық орын алады. Бұл кезде ауытқушылықтардың көбісі екіншілік дефект ретінде білінеді.

Инклюзивті білім ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін ғана емес, сонымен бірге дені сау балалар үшін де дамыған, адамгершілікке негізделген және тиімді білім беру жүйесі ретінде танылады. Инклюзия мектеп жүйесіне критерийлерге сай келетін-келмейтініне қарамастан, бәріне білім алуға құқық береді. Мектеп тек білім беру қызметін ғана емес, сонымен бірге бала өмірінің басты бағыты болып табылады. Олардың әрқайсысының жеке тұлғасын құрметтеу және қабылдау арқылы өзіндік тәрбиелік траекториясы бар тұлға қалыптасады]. Мектептегі оқушылар топ болып, бір-бірімен әрекеттесуді, қарым-қатынас орнатуды, мұғаліммен тәрбиелік мәселелерді шығармашылық тұрғыда шешуді үйренеді. Инклюзивті білім барлық балалардың жеке мүмкіндіктерін кеңейтеді, адамгершілік, толеранттылық және көмектесуге дайын сияқты қасиеттерді дамытуға көмектеседі деп сеніммен айтуға болады. Инклюзивті білім - бұл студенттер мен оқытушылар ортақ мақсат - қол жетімді және сапалы барлық балалар үшін жұмыс жасайтын түбегейлі жаңа жүйе[5].

Инклюзивті білім беру мәселесін зерттеу бізге инклюзияның келесі қағидаларын атап өтуге мүмкіндік береді:

- барлық студенттер мен оқытушылар үшін қоғам үшін тең құндылықты мойындау;
- оқушылардың жергілікті мектептердің мәдени өміріне қатысу дәрежесін жоғарылату және сонымен бірге кейбір оқушылардың мектеп өмірінен оқшаулану деңгейін төмендету;

- мектептегі жұмыс әдістемесін мектеп жанында тұратын барлық оқушылардың әр түрлі қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыра алатын етіп қайта құру;

- білім алуға кедергілерді алып тастау және мектептегі өмірге толық қатысу мүмкіндігі тек мүгедектерге немесе ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға ғана емес;

- кедергілерді жою және жекелеген оқушылар үшін мектептерге қол жетімділікті жақсарту әрекеттерін талдау және зерттеу, жалпы мектептің барлық оқушыларының пайдасына бағытталған реформалар мен өзгерістерді енгізу;

- студенттер арасындағы айырмашылықтар - бұл кедергілерді емес, педагогикалық процеске ықпал ететін ресурстар;

- оқушылардың тұрғылықты жерінде орналасқан мектептерде білім алу құқығын тану;

- жалпы мектептердегі жағдайды оқушылар үшін де, мұғалімдер үшін де жақсарту;

- оқушылардың оқу үлгерімін жақсартуда ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік

құндылықтарды дамытуда мектептердің рөлін мойындау;

Мектептер мен жергілікті қоғамдастық арасындағы қолдау және ынтымақтастық қатынастарын дамыту; білімге инклюзияны қоғамға қосылу аспектілерінің бірі ретінде тану.

Әдебиеттер тізімі

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 07.12.2010 г. № 1118 //Казахстанская правда. 2010. № 153–154. С.10–12.

2. Письмо Минобрнауки РФ от 18.04.2008, No, АФ 150/06 «О создании условий для получения образования детьми с ограниченными возможностями здоровья и детьми - инвалидами» «Вестник образования» Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 18.02.2014 г.)

3 Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби күзiреттiлiктерiне қойылатын талаптарды дайындау бойынша әдiстемелiк ұсынымдар.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. 32 б.

4 Нестерова А.А., Максименко Ж.А. Российский подход к инклюзии: междисциплинарность, комплексность, партнерство // Сборник материалов III Международной научно-практической конференции. М.: МГППУ, 2015. С.69 -74.

5 Ертанова О.Н. «Интеграция» и «инклюзия» в аспекте семантики // Инклюзивное образование: методология, практика, технологии: сборник материалов Международной научно-практической конференции. М.: МГППУ, 2011. С. 17 - 18.

ӘОЖ: 004.053

Момбекова С.С., Айхынбай К.Т.

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ОТЫЗ ЖЫЛДА ОРДА БҰЗҒАН ҚАЗАҒЫМ!

Түйін: Ақпараттық коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Орта білім беру жүйесіндегі рөлі ақпараттық білімнің, ақпараттық орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді етуде.

Кілт сөз: Саяси-экономикалық реформа, рухани жаңғыру, технологиялық мәдениет, ақпараттық қоғам, ақпараттық технология, ғылыми-техникалық прогрес

Алтайдан Алатауға дейін ұлан – ғайыр жерді мекен еткен ата – бабаларымыз тәуелсіздікті арман еткен. Осынау кең даланы көк найзаның ұшымен, сом білектің күшімен қорғаған бабаларымыздың аманатын орындау үшін талай боздақтар жанкештілікке барған. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Иса Досан, Шотан батырлар, беріректе Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар сол ел қорғауды ұран еткен, сол үшін құрбан болып, ел құрметіне бөленген батырлар.

Ресейдің езгісінде болып, тіліміз бен дінімізден безіп, орыстанғалы тұрғанда Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова сияқты қыршын жастардың құрбандыққа баруы арқасында ғана тәуелсіздік алып, егеменді ел болдық. Тәуелсіздік ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн.

Әрбір егеменді елдің өзіне тән мемлекеттік рәміздері болады. Оған Ту, Елтаңба және Әнұран жатады. Қазақстан Республикасының азаматтары сондай-ақ елімізде тұрып жатқан кез келген адам Мемлекеттік туды, Елтаңбаны және Әнұранды құрмет тұтуға міндетті. Олардың сипаттамасы және ресми пайдалану тәртібі Конституциялық Заңмен белгіленді.

“Біз алдымызға анық та айқын мақсат қойдық - біз жақсы өмір сүргіміз келді, біз еркіндікке ұмтылдық, біз бәрінен бұрын балаларымыз бен немерелеріміздің лайықты өмір сүруін қолдадық. Бұған сіздер мен біздер өз ғұмырымыздың біраз жылдарын арнадық. Еңбегіміз еш кеткен жоқ, біз бүгінгідей биікке көтерілдік.” Міне, осы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жасаған жолдауының негізінде Қазақ елі 30 жыл бойы өзінің алдына қойған мақсатына табанды түрде әрекеті мен берекетін асырып қол жеткізіп келеді.

Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар;

Әлемде Егемен Қазақстан бар;

Оның көпұлтты, тату, ынтымақшыл халқы бар;

Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар;

Ең бастысы – бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар;

Сол күнге берік сенімі бар!

Осы секілді кереметтей ұранды сөздерді өзіне пір тұтқан қазақ елі осынау 30 жылдың ішінде көптеген асулардан асып, өзінің білімі мен тәрбиесін дамытып, мәдениеті мен өнерін асқақтатып келе жатқаны айдан анық. Әрбір қазақтың өз еліне деген сүйіспеншілігі:

Мен - қазақтың мың өліп, мың тірілген,

Жөргегімде таныстым мұң тілімен.

Жылағанда жүрегім күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Мен - қазақпын, биікпін, байтақ елмін,

Қайта тудым, өмірге қайта келдім.

Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,

Айта бергім келеді, айта бергім! – осы өлең шумақтарының кез-келген қазақ жастарының жүрегінің түбінде жаттанды болып қалғаны нақты дәлел.

Әрбір қазақпын деген азаматтың көкірегіңде “Отан” деген сөз ыстық сезіммен сәуле шашып тұрады. «Отансыз адам – қанатсыз құспен тең» демекші, әр адамның Отаны өзі үшін ыстық. Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны – тәуелсіз Қазақстан Республикасы.

Елбасының басшылығымен мемлекетіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата заңымыз қабылданды. Шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды.

«Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдадық. Шығыстағы көршімізбен шекарамызды бекіттік. Басқа да іргелес мемлекеттермен шекара жөніндегі келіссөздер қарқынды жүргізіле бастады. Ел аумағын ядролық қарудан толық тазарттық. Елордамызды Арқа төсіне көшірдік. Нарықтық экономикаға өтіп, жекеменшік институтын берік орнықтырдық. Отандық бизнестің негізін қаладық. Жастар әлемнің маңдайалды оқу орындарында білім ала бастады. Түрлі дағдарыстардан аман өтуге мүмкіндік берген Ұлттық қорымыз құрылды. Дүние жүзіне тарыдай шашылған қазақ баласын атажұртқа шақырып, Ұлы көшке жол аштық. Соның нәтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілді.

Құрлықтағы барлық шекарамызды айқындап, заң жүзінде бекіттік. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымызды түгендедік. Солтүстік Аралды құтқарып, қашқан теңізді қайтардық. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің саммиттерін өткізуге және басқа да бірқатар маңызды халықаралық жобаларға бастамашы болдық. Елімізге шетелден қомақты инвестиция тарттық. Есілдің жағасында бой көтерген еңселі елордамыз ұлттық идеямызға айналды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Тұрғын-үй құрылысы да бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамыды.

Шаңырағымыз биіктеп, өсіп - өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық. Шекара мәселесін біржола шештік. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылуды межеледік.

Әр бағыт бойынша «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму», «Нұрлы жол», «100 нақты қадам» сияқты ауқымды бағдарламалар жүзеге асырылды. Саяси және экономикалық реформалармен қатар рухани жаңғыруға баса мән бердік.

Осынау толағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының һәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан, Елбасы Тәуелсіздігіміздің мәңгі символына айналды десек, ақиқатты айтқан болар едік.

Расында да арғы-бергі заманда адамзаттың қолынан шыққан қай мемлекетті алсақ та, оған үш тағдырдың бірі ғана бұйырады екен. Біріншісі – Тәңірі ел болатын жол да, ер болатын ұл да берген, бірақ тірлігі аз, тәлкегі көп, сөзі мол, бірлігі жоқ ел. Мұндай елдің бүгінгі бұлыңғыр, келешегі күңгірт. Екіншісі – Жаратқан терең тарих, танымды халық берген, бірақ билігі берекесіз, ғұмыры мерекесіз ел. Мұндай жұрттың жолы ауыр, жетер жағасы алыс. Ал үшіншісі – ғұмырын ұлт тағдырымен еншілеген жүректі Ері, астаналы Елі бар, алыс-жақын жақтаған, тұтастығын сақтаған саламатты мемлекет. Біздің мемлекет, міне, осындай мемлекет. Ал асқаралы Астана болса, дүбірлі дәуірдің дарабоз перзентіндей уақытпен бірге туып, заманынан озған, сол үшін де осындай күшті де құдіретті

мемлекеттің елордасы болу үшін жаралған жасампаз қала болып мәңгілікке қалмақ.

Осынау 30 жылдық ғұмыры бар мемлекетіміздің «Отызында орда бұзар» атты мақалаға сай ғұмыр кешкені жоғарыда айтылған әңгімемізге нақты дәлел.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Білім беру үдерісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды.

Ендігі біздің алға қойған мақсатымыз: өткенімізді білетін, бүгінді түсінетін, ертеңімізге сеніммен қарайтын азамат болу.

Осы жерде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» кафедрасының оқытушылар ұжымы еліміздің осы кереметтей қуанышты туылған күнінде өзінің ерекше ой - тұжырымдамасын ортаға салуын жөн көрді.

Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз демекші, бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем.

XXI ғасырда қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар: білім сапасын көтеру компьютерлендіру, интернет, компьютерлік желі, электронды және телекоммуникация, электронды оқулықтар даярлау. Бұлардың оқушылардың қазіргі заман талабына сай білім алуына, білік сапасын көтеруге тигізетін әсері мол. Жаңа электронды оқулықтардың дүниеге келуімен берілетін білім мазмұны да өзгерері сөзсіз. Болашақта әр оқушы компьютерлік технология арқылы интернет, электронды желі, электронды почта арқылы дүниежүзілік білім әлеміне еніп, онда өзінің қажетін өтейтін білімді толығымен алуға, қажетті ақпараттық мәліметтерді ғылым саласына байланысты озық тәжірибелерді, осы мәселенің шетелдегі жағдайымен танысуына толық мүмкіндік туады.

Ақпараттық бірліктердің білімге айналуы – әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Бүкіл әлем жаңа технологиялар ағымында өмір сүріп жатқаны айдан анық және сол ағымдағы ақпараттардың қазақ еліне қаншалықты әсер етіп жатқандығы да көз алдымызда. Жаңа заманауи технологиялар сағат сайын даму үстінде, сол технологияларды игеріп, өз білімін шыңдап, еліне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып өз үлесін қосып отырған жас мамандарымыз қаншама. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Ұлттық бәсекелестік білімділік деңгейімен айқындалады. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деген ұстанымға сәйкес Тәуелсіздігіміздің тұғырын берік ұстап, одан ары терең дамыту үшін мектеп табалдырығында білім алып жатқан жас өрендеріміздің қазіргі заман талабына сай компьютерлік білімдерін шыңдауға арналған жеке шағын мектептер «Программалау тілі», «IT - технология» атты көптеген тілдер мен заманның қажетіне сай қолданылатын көптеген бағдарламаларды үйретуде. Бастауыш білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр. XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу

көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үдерісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Себебі, еліміздің басқа да шет мемлекеттерімен теңесуі ең алдымен еліміздің жас буындарының компьютерлік сауаттылығының артуы ең басты мақсат деп ойлаймын. Компьютерлік сауаттылықтың артуы мемлекетіміздің дамуына үлкен үлес қосары сөзсіз.

Себебі қазіргі таңда әрбір қызмет орыны, әрбір мекеме, әрбір жұмыс орыны компьютерді жақсы меңгеруін талап етеді. Сол жаңа технологияны игеріп, еліміздің жарқын болашақта, өзге дамыған елдердің қатарында өмір сүруіне де осы ақпараттық технологиялардың ықпалы күннен-күнге артып келеді. Компьютерлік сауаттылық заманның ең басты талабы.

Ақпараттандыру ісінде білім жүйесінің адамзат тіршілігінің барлық әлеуметтік аймақтармен әрекеттесуі және олардың бір – біріне әсер етуі толық бейнеленеді. Білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі жаңа оқыту технологияларын дайындауды талап етеді. Білім беру жүйесін ақпараттандырудың теориясы мен әдістемесі мынадай зерттеу бағыттарынан тұрады:

- қазіргі ақпараттық қоғам мен ғаламдық коммуникация жағдайында студенттің тұлғасын дамыту міндеттеріне сәйкес оқытудың ұйымдық түрлері мен әдістерін, білім беру мазмұнын таңдаудың әдіснамасы мен стратегиясын жетілдіру;
- студенттің ақыл-ой әлеуетін дамытуды, оқу ақпаратын жинау, өңдеу, сақтау, беру, өндіру ісіндегі әртүрлі дербес әрекет түрлерін жүзеге асыра білуді қалыптастыру бойынша оқу әрекетін қамтамасыз ететін педагогикалық технологияны, оқытудың әдістемелік жүйесін жасау;
- бірлескен ақпараттық желілер мен ғаламдық коммуникациялар базасында жұмыс істейтін «виртуалдық» білім беру мекемелерін дүниеге әкелу, коммуникацияға қолжететін ашық білім беру жүйелерінің таратылған ақпараттық ресурстарының әлеуетін пайдалану;
- оқу-тәрбие ісін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету үрдісін және оқу орнын (оқу орындары жүйесін) ұйымдық басқаруды автоматтандыру негізінде білім беру жүйесін басқару механизмдерін жетілдіру, ғылыми-педагогикалық ақпараттық мәліметтер базалары мен банктерін, ақпараттық-әдістемелік материалдарды, коммуникациялық желілерді пайдалану;
- студенттің ақыл-ой қуатының деңгейін белгілеудің, оның білімі мен жетістігін бақылау және бағалаудың компьютерлік тестілеуші, диагностикалаушы әдістемелерін жасап пайдалану.

Қорыта келе оқу орындарын ақпараттандыру жұмысын жеделдету ақпараттық технологиялармен толық қамтамасыздандыруға және ақпараттандыру бойынша оқу-әдістемелік жүйені жетілдіруге тікелей байланысты. Білім беру жүйесін ақпараттандыру үдерісін дамыту отандық оқытуға бағытталған бағдарламалар дайындамайынша мүмкін емес. Олардың ауқымы кең. Бұлар - бақылау және тестілеу бағдарламалары, ақпараттық анықтама жүйелері, оқыту орталары, электрондық оқулықтар және мультимедиялық бағдарламалар. Компьютерлік сауаттылықты қалыптастырудан жеке адамның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға көшу қажет. Сонда ғана білім мекемелері ақпараттық қоғамда өмір сүре алатын жан-жақты дамыған қоғам мүшесін дайындап шығара алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>
2. <https://articlekz.com/kk/article/28196>
3. <http://rmebrk.kz/bilim/boribekova-kazirgi.pdf>
4. <https://qamshy.kz/article/44249-imanghalidynh-qazaqqa-qatysty-aytqan-qanatty-sozderi>

Ерболат А.Ә., Мәлік И.

«Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану» пәнінің оқытушысы
М. Әуезов ОҚУ колледжі, Шымкент, Қазақстан
«Құрылыс бұйымдары мен конструкцияларын өндіру» пәнінің оқытушысы
М. Әуезов ОҚУ колледжі, Шымкент, Қазақстан

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН: БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, цифрлық технология, цифрлы дәуір, цифрлы эволюция, франчайзинг, рейтингтік көрсеткіш, мамандандыру сапасы, білім бәсекесіндегі қабілеттілік, адами капитал

Кілт сөздер: {Цифрландыру технологиялары дегеніміз } – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары.

Цифрландыру – бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халқының тұрмыс сапасын жаңа деңгейге көтеруді мақсат тұтқан әлем мемлекеттері жаппай ұстанып отырған тренд. Аталған айтулы үрдіске ілеспеген, ең бастысы бел шешіп кіріспеген жағдайда, мемлекеттің болашағы бұлыңғыр болатындығы сөзсіз.

Ендеше ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жасаудың қажеттілігін айқындап берді: «... Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D –принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдер экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты. Осыған орай, Үкіметке

«Цифрлы Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырамын. Цифрлық

индустрияны дамыту басқа барлық салаларға серпін береді. Сондықтан Үкімет ІТ саласын дамыту мәселесін ерекше бақылауда ұстауға тиіс».

2017 жылдың 12 желтоқсанында Үкімет тарапынан ұлттық компаниялардың, мемлекеттік корпорациялардың сарапшыларын, халықаралық консультанттарды тарта отырып әзірленген бағдарлама қабылданды.

2018-2022 жылдарға арналған «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бес бағытты қамтиды.

Біріншісі – экономика салаларын цифрландыру. Бұл бағыт еңбек өнімділігін өсіру және капиталдандыруды арттыруды мақсат тұтып, серпінді технологияларды пайдалану арқылы экономиканың дәстүрлі салаларын түрлендіруді көздейді.

Екіншісі – «Цифрлы мемлекетке көшу». Бұл бағыт мемлекеттік қызмет көрсету саласын жаңа сапаға көтеруді мақсат етеді; қағаз жүзіндегі жұмыстар электронды нұсқаға көшірілуімен ерекшеленбек.

Үшіншісі – «Цифрлы Жібек жолын жүзеге асыру». Бұл бағыт мәліметтерді беру, сақтау және өңдеудің жоғары жылдамдығына қол жеткізуді міндет етіп қойған.

Төртіншісі – «Адам капиталын дамыту». Бұл бағыт бойынша «білім экономикасына» көшу үшін креативті қоғам құру қолға алынады.

Бесіншісі – «Инновациялық экожүйені құру». Бұл бағытқа сәйкес бизнес, ғылыми орта және мемлекет арасында тұрақты байланыс орнатылып, технологиялық кәсіпкерлік пен инновацияны дамытуға қолайлы жағдай жасау мәселелері қамтылып отыр.

Білім саласындағы цифрландыру мәселесі «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының төртінші бағытына, АДАМ КАПИТАЛЫН ДАМУ ҮРДІСІМЕН

сабақтасады.«Адами капитал» ұғымын алғаш рет ғылыми ортаға енгізген Нобель сыйлығының иегері, экономист Теодор Шульц терминге

«Адам бойындағы барлық қабілет туа бітеді немесе өмірлік дағдымен қалыптасады. Тиісті қаржы бөлу арқылы дамытылатын адам бойындағы туа және жүре қалыптасқан құнды қабілеттерді адами капитал дейміз»сынды анықтама берген-ді. Ендеше капитал дегеніміз – табыс әкелетін құндылық. Табыс әкелмеген кез келген байлық капитал бола алмақ емес. Демек адами капиталға айналмаған жан бәсекелестікке қабілетті болмайтындығы түсінікті жайт.

Адам капиталын дамыту үшін Қазақстанда сапалы кадрлық әлеует құру керек. Сол себепті«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасында орта, техникалық жәнекәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттырушаралары қарастырылған:

- 2-сыныптан бастап «Бағдарламалау негіздері» пәні кезең-кезеңімен енгізіледі;
- жоғары сыныптардағы бағдарлама роботты техника, виртуалдышындық, 3D принтинг және басқа пәндермен толығады;
- талантты жастарды дамыту және қолдау мақсатында тұрақты түрде хакатондар, олимпиадалар мен конкурстар ұйымдастырылуда;
- роботты техника мен бағдарламалау бойынша түрлі үйірмелер ашылуда;
- елді мекендерде тұрғындар, оның ішінде жұмыссыздар, сұранысқа ие цифрлық машықтарға оқытылатын болады және т.б.

Демек,білім және ғылым саласын цифрландыруды дамыту бойынша елде үш бағытта жұмыс атқарылып жатыр. Біріншісі – орта білім жүйесін ақпараттандыруды дамыту, екіншісі – білім беруді және ғылымды басқару үрдісін автоматтандыру, үшіншісі – IT мамандарын даярлау.

Қазақстанның цифрлы қоғам орнатуға, соның ішінде білім саласы үрдісіне, қатысты анықтамалық мағлұматтарды сараласақ, төмендегідей міндеттер айғақталмақ.

Елде балаларға арналған тегін IT-сыныптар ашу қолға алынды. Жоба аясында ел бойынша 1 мың сынып ашылып, 150 мың бала бағдарламалау және робот техникасының негіздері жайында тереңдетілген білім алады. Бұл бастама мектептерге факультативті пән ретінде енгізіліп, үш айлық және алты айлық курс ретінде жүргізілу көзделуде.

Арнайы WEB-сайт арқылы бастауыш сынып оқушыларына арналған денсаулық сабағы оқытылады. Спорт алаңдары да қысқы және жазғы мезгілге сай қайта жабдықталып, сабақтан тыс уақытта ақылы негізде өзге азаматтарға пайдалануға беріледі. Осы бастамалар аясында елдің мектеп асханалары бірыңғай үлгі бойынша арнайы қондырғылармен жабдықталып, ас мәзірі де мемлекеттік стандарт бойынша дайындалады. Аталған жұмыстар жергілікті әкімдіктермен бірлесіп жүргізіледі. Сөйтіп, елдің 3 миллионға жуық мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасалмақ.

IT аясында адам капиталын дамыту бағытында орта және жоғары білім беру орындарының бағдарламасы қайта қаралмақ. Бастауыш сыныптарға арналған «Бағдарламалау» және «Робот техникасы» пәндері бойынша жаңа әдіс-тәсілдер енгізілді. Бағдарламалар тілі жаңартылды. Қазіргі таңда 3 мыңнан астам мектеп пен оқушылар сарайында роботты-техника бойынша элективті курс енгізілген.

Жоғары оқу орындарында студенттер Data Science, Enterprise Architecture сынды жаңа үлгідегі, сұранысқа ие бағыттар бойынша оқитын болады.

IT-мамандар даярлау ісі жүзеге асырылады. Бұл жоба бойынша елде жұмыс беруші IT-компаниялар мен жоғары оқу орындарының базасында 20 IT-орталық ашылып, жылына 35 мың адам білім алады. Олардың қатарына жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастар да жұмылдырылады. Аталған орталықтарда бүгінде әлемдік деңгейде сұранысқа ие цифрлау тәсілдері мен Java, Python, PHP, Swift сияқты бағдарламалау тілдері оқытылады. Орталық түлектеріне бір жыл бойы қолдау көрсетіліп, олардың жұмысқа

орналасуына да мейлінше жағдай жасалады. Сыныптар мен орталықтар Astana Hub халықаралық IT-стартаптар технопаркімен бірлесіп жұмыс атқармақ.

IT-орталықтар жобасы барысында ең алдымен қазақстандықтарға фриланс-биржада жұмыс істеуді үйрететін 40 ментор-тәлімгер даярланады. «Атамекен» ҰКП-ның есебі бойынша, осы бастамадан кейін 20 мыңға жуық азамат аталған биржада жұмыс істеп, ондаған мың адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Жоба жемісті іске асқанда, елдің аудан орталықтары тұрғындары да әлемнің ең ірі мегаполистерінде орналасқан компанияларға қызмет көрсетуге мүмкіндік алмақ.

IT-хабтың базасында Эколь бағдарламалау мектебі мен арнайы шеберхана жобасы ашылады. Мұнда елдің экожүйесінің инновациялық стартаптарын дайындайтын жастар оқитын болады. 2018 жылдың ақпан айында үздік IT-жобалары бар жастар мен компанияларға арналған бағдарлама іске қосылды.

Цифрландыру үрдісіне ілескен өңірлер санатынан Қарағанды, Қостанай Оңтүстік Қазақстан және т.б. облыстары табылуда. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысында IT-технологияның көмегімен мектеп оқушыларының себепсіз сабақтан қалу көрсеткіші 22 мыңнан 2 мыңға дейін қысқарған, бұл, өз кезегінде, олардың оқу үлгеріміне де оң ықпалын тигізіп отырған игі қадам екендігі даусыз. Қолданысқа енгізілген электронды журналдар мен күнделіктер ата-аналарға балаларының үлгерімін бақылауға, оқу бағдарламасы мен үй тапсырмалары туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Өңірде онлайн-сабақтар секілді жаңашыл үрдістер шалғайда орналасқан аудандар мектептеріндегі мамандар жетіспеушілігі мәселесін шешуге жол ашуда. Интернет байланысы арқылы оқушыларға сабақ немесе мұғалімдерге семинарлар өткізу қолға алынбақ.

Жалпы электронды журналдар мен күнделіктер жүйесі республика бойынша 6 мыңнан астам мектепте енгізілді.

ЖОО-да оқу үдерісін автоматтандыру процесі жүзеге асырылып жатыр. ҚР -ның ЖОО да студенттер электронды портал арқылы сабақ кестесін алады, барлық оқу-әдістемелік кешенді, тестілік және емтихан тапсырмаларды табады.

Білім беру саласын цифрландыру үрдісінде белең алып отырған кемшіліктер де баршылық. Біріншіден, білім беру ақпараттық жүйелерінің мемлекеттік органдардың басқа да жүйелерімен интеграциялануы төмен деңгейде. Екіншіден, білім беру ұйымдарының жеткілікті түрде жаратандырылмауы, интернет желісіне қосылу жылдамдығының төмендігі өзекті проблемаға айналып отыр. Үшіншіден, білім беру жүйесін цифрландыруды қолдау бойынша бірыңғай оператордың жоқтығы келеңсіздік тудыруда. Төртіншіден, ақпараттық-коммуникациялық технология инфрақұрылымын қамтамсыз ету үшін бірыңғай техникалық талаптардың болмауы, бесіншіден, кәсіби күзінеттілік деңгейінің төмендігі кері әсер етуде.

2017 жылдың қыркүйек айында цифрландыру мәселесі бойынша өткен республикалық кеңесте ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Мен әркімнің цифрландыру мақсат емес екенін түсінуін қалаймын, ол жаһандық бәсекелестікке әкелетін біздің абсолюттік артықшылығымызға қол жеткізудің құралы. Онсыз өзін құрметтейтін ел қалыпты өмір сүре алмайды. Бәсекелестік болмаса, біз артта қаламыз және алда келе жатқан мелекеттердің шаңын жұтатын боламыз. Пайданың, өнімділіктің және капиталдандырудың күрт артуы – мәселе осында. Цифрлы экономика осыны береді», -деп ескертті.

Елбасының сөзінен шығатын қорытынды – Қазақстан цифрлы болашаққа қарышты да нық қадам басуы керек. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының шешуші мақсаты – инновациялық экономиканы қалыптастыру, 2050 жылға қарай бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылу және қоғам мен өндірісті жаңарту.

Білім сферасындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық дейгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды

интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті Ел жастарын дайындау.

Қазақстанның үшінші жаңғыруы аясында экономиканың жедел технологиялық дамуына жол ашып, цифрландыру мәселесіне ерекше ден қою – Елбасы қойып отырған маңызды стратегиялық міндет.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік.- ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Халқына Жолдауы.- Егеменді Қазақстан. 2017.31 қаңтар
- 2 Қастер Сарқытқан. Адами капитал мамандық таңдаудан қалыптасады // President & Haluq.- 2018. 29 маусым. Б. 6.
- 3 Игілігі мол цифрлы қоғам // Егемен Қазақстан. 2018. 2 ақпан. Б. 12.
- 4 Абай Асанкелдіұлы. Білім саласын цифрландыру мәселесі қаралды // Егеменді Қазақстан.- 2018. - 20 наурыз. Б. 21.
- 5 Жаңа әлемге бастайтын жаңа жобалар // Айқын. 2018. 24 сәуір. Б. 8.
- 6 Егеменді Қазақстан. 2018. 3 қазан. Б.20.

ӘОЖ: 48.13

¹Қалдыбекова Г.Ж., ²Жунисов А.Б.

¹магистр, информатика пәнінің 2 санаты оқытушысы, әдіскер
М.Әуезов ОҚУ колледжі. Шымкент, Қазақстан

²технология пәнінің мұғалімі, 88 ЖОБМ. Шымкент, Қазақстан
**БІЛІМДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ-
ЗАМАН ТАЛАБЫ**

Түйін: Бүгінгі күні Қазақстан әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру міндетін қойып отыр, ол жаңа инновациялық дамуды және жеделдетілген технологиялық жаңаруды талап етеді. Экономика дамып, студенттер жақсы үйреніп, білім сапасы бұрын-соңды болмаған биіктікке дейін көтерілді. Цифрландыру түрлі салаларға еніп, қоғамның маңызды қажеттілігіне айналууда.

Кілт сөз: ақпарат, мағлұмат, ақпараттық технологиялар, цифрландыру.

Цифрлық трансформациялау идеясын әлемдік тренд деуге болады. Цифрлық технологиялар көптеген елдердің экономикасын дамытуда маңызды рөлге ие.

Цифрлы жүйеге көшу - жаһандық бәсекеге қабілеттілік негізі. Оқыту – бұл жекеленген құбылыс немесе дағды емес, ол студенттердің оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық әдіс-тәсілдердің біртұтас кешені деп айқындалған. Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев білім беру жүйесі еліміздегі саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру ісінде ерекше рөл атқаратынын атап өтті.[1]

Қазақстан халқына арналған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасында білім беру ісіне зор мән берілген. Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы жас ұрпаққа заман талабына сай білім беруде оқытудың озық технологияларын меңгеру қажеттілігі туып отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқыту сапасын арттыруға, сондай-ақ, білім мен ақпарат алмасу ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты - студенттердің оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында

электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер студент үшін оқу құралы, ал оқытушы үшін жұмысшы болып табылады. Оның қолданылуы нәтижелі болуы үшін бағдарламалық құралдар толық түрде оқытушының және студенттің алдына қойған мақсатына жетуін және шығару жолдарын қамтамасыз ету керек.

Қазіргі ақпараттық технологияларды білім жүйесіне енгізгенде, оқыту материалдарының педагогикалық мазмұндылығы мен әркімнің өзінің үйренуіне жағдай жасаудың маңызы зор. Цифрлық оқыту ісінің тиімділігі мен сапасы көбінесе өздігінен оқып үйрену процесін тиімді ұйымдастыру мен пайдаланатын материалдардың сапасына тәуелді болады.

Ақпараттық технологияларды қолдану оқыту сапасын арттыруға, сондай-ақ, білім мен ақпарат алмасу ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Оқытушылар ақпараттық қоғамға қадам басар жолда «жол сілтеуіш» қызметін атқаруы тиіс. Мұнда базалық білім беруді жетілдірумен қатар, ақпараттандыру саласы бойынша жоғары білікті және тәжірибелі мамандар даярлауды қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық пәндер саласында біліктілікті арттыру маңызды рөл атқарады. Ақпараттандыру білім беру процесінде маңызды ықпал ететін білімнің динамикалық құраушысы болып табылады. Студенттердің интеллектуалдық іскерліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.[3].

Қазіргі уақытта көптеген елдерде цифрландыру дамудың стратегиялық басымдығы болып табылады. Әлемдік жетекші сарапшылардың болжамдарына сәйкес, 2020 жылға қарай әлемдік экономиканың төрттен бір бөлігі цифрлық болмақ және мемлекетке, бизнеске және қоғамға тиімді өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін экономиканы цифрландыру технологияларын енгізу ауқымды және динамикалық үдеріске айналып келеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді цифрландыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» - делінген. [2] Осыған орай, бүгінгі оқытушының алдында студентке білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерлерін, яғни жан-жақты, азат, шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттері тұр.

Елбасы Қазақстан халқына жолдауында: "Біз бүкіл ел бойынша білімнің сапалы қызмет етуін әлемдік стандарттар деңгейінде ұсынуға қол жеткізуге тиіспіз. Онлайн режимінде оқыту практикасын дамыту, жаратылыстану - ғылыми бағдарлы арнайы дәрісханалар жүйелерін қарастыру қажет", - деген болатын. Білім және ғылым министрлігі білім саласын компьютерлендіру, оларды ғаламторға қосу мен телефондандыру бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Цифрландыруға қол жеткізу соның айқын дәлелі.

ҚР Білім және ғылым министрі оқулықтарды да онлайн желісіне көшіру жобасын қолға алу жайында айтқан болатын. Білім беру саласын цифрландыру қандай жетістіктерге жетелейді? Және сандық оқыту жүйесі біздің дәрісханаға бейімделе ала ма? Елімізде электрондық оқулықтар пайда болып, қарапайым оқулықтардың орнын алмастыратыны жайында талпыныстар бар. Білім министрі оқулықтарды да онлайн жүйесіне көшіруді айтқан болатын. Цифрландырудың болашағы зор. Қашықтықтан оқыту, онлайн жүйесінде телекөпірлер арқылы сұхбаттасу да цифрландырудың жемісі.

Жаңа ақпараттық технология құралдарын кіріктірілген сабақтарда пайдалану, шәкірттердің шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде

пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді. Компьютермен жұмыс жасату шәкірттердің дүниетанымын қалыптастырады, өз әрекетін саналы түрде жоспарлайды, құбылыстарға модельдер құра біледі.

XXI ғасырда білімгерлердің жанын рухани жағынан кемелдендіріп, қызығушылығын арттыратын ақпараттық техникалық құралдар екені бәрімізге белгілі. Сондықтан барша оқытушыларға ортақ міндет – заман ағымына ілесе алатын жаңа тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Ұлы педагог Ушинский «Бала балқытылған алтын, оны қандай қалыпқа салып құям десе де оқытушының қолында» дегені, шәкіртті тәрбиелеп оқытуда, әр оқытушының шеберлігі мен әдіс-тәсіліне қойылатын көрсеткіші деп білемін. Ал, ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білім беру оң нәтижесін беріп отыр. Білім саласы - күрделі процесс. Үнемі дамуды, жаңаша деңгейді талап етеді. Өйткені бүгінгі білім алып жатқан білімгерлер, ертеңгі мамандар. Шәкірттерімізді заманауи қоғамға ілесе алатындай етіп цифрландырудың игілігін пайдаланудамыз. Теориялық ақпараттық технологиямен қаруланған жастар еңбек майданында еркін көсілетініне сенім мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім берудің және ғылым дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. 2018-2022 жылдар
3. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Астана 2010.

ӘӨЖ:1174

Джумагулова А.Б.
бастауыш сынып мұғалімі, №102 ЖОББМ, Шымкент. Қазақстан
**ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚҚА ДЕГЕН
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ОЯТУ**

Аннотация: Мақалада мектеп жасындағы оқушылардың мотивациясын көтеру қазіргі мектептің өзекті мәселелерінің бірі, қоғамдық маңызы бар мәселе қарастырылған. Сонымен қатар «мотивация», «тұлғаның мотивациялық сферасы» ұғымы мәселелеріне, оқу іс-әрекетіндегі мотивацияның мәніне және сабақта оқушылар арасында мотивацияны қалыптастырудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану аясына арналған. Ежелгі даналық: сіз атты суаға апара аласыз, бірақ оны сусындата алмайсыз- дегендей. Оның өзектілігі білім беру мазмұнының жаңаруымен, мектеп оқушыларының бойында білім мен танымдық қызығушылықты өз бетінше меңгеру әдістемесін қалыптастыру міндеттерін тұжырымдау, олардың бойында белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастырумен байланысты.

Кілт сөздер: мотив, мотивациялық сфера, қажеттілік, табыс, мотивациялық әдістер, қалыптастыру, нәтижелер.

Мотивация отандық және шет ел психологиясындағы іргелі проблемалардың бірі болып табылады. Қазіргі күнгі психологиядағы зерттеме үшін оның маңыздылығы адамның белсенділігінің көзін, оның іс- әрекетін, мінез-құлқын қозғаушы күшін талдаумен байланысты. Адамды іс- әрекетке не итермелейді, оның түрткісі қандай, ол оны не үшін жүзеге асырады деген сұрақтарға жауап оның сәйкес түсіндірмесінің негізі болып табылады. Ең жалпы түрде түрткі -бұл адамды осы түрткімен анықталатын іс-әрекетке енген қандай да бір әрекетке итермелеуші, ынталандырушы, анықтаушы.

Оқушылардың оқу үлгеріміне ең көп әсер ететіні оқу мотивациясы. Оқу мотивациясы – (латын тілінен “moveo” – қозғалтамын) – білім алушылардың білім мазмұнын белсенді меңгеруге, өнімді танымдық әрекеттерді оятатын процесс. Білім игеру процесі – белсенді процесс. Ол тек әрекет арқылы ғана жүзеге асырылады. Бұған қоса іс-әрекеттердің түрлері мен өзінділік дәрежесі неғұрлым көп және жоғары болса, білім игерудің тиімділігі де арта түседі. [Жұманбаева А.О.]

Кез келген елдің басты капиталы ол - үздік технология және қазіргі заманға сай білімді адамдар, инновациялық жаңалықтарға ашық, өзін-өзі дамыта алатын және шығармашылықты жүзеге асыра алатын тұлғалар. Осыған орай Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында бірінші міндет ретінде ұлттың бәсекеге қабілеттілігі факторы ретінде білімділік деңгейін жоғарылату ұсынылады. Жиырма бірінші ғасырдың маңызды міндеттерінің бірі - өмір сүру сапасын жоғарылату, оның ішінде тұлғаның даму шарттарын анықтайтын білім беру сапасын жақсарту болып табылады.

Әдетте сабақта оқушы көбіне-көп екі жұмыс атқарады, олар – тыңдау мен жазу (көшіру). Ал белсенді әрекеттер дегеніміз өздігімен түсіну, таңдау, талдау, шешім қабылдау, жаңа мазмұн құрастыру, өз білімінді бағалауға негізделген ойлану, талқылау, өз пікірінді қалыптастыру, оны дәлелдей және қорғай білу, пікір алмасу мен таластыру, өзгенің пікірін тыңдап, оны қабылдау, өз пікірінді жазу секілді жеке және бірлескен жұмыс түрлері. Осындай белсенді әрекеттер тұлғаны жан-жақты дамыта түсіп, оның білім игерудегі көкжиектерін кеңейтеді.

Оқушылардың оқу мотивациясын көтеру мәселесі бойынша ұсыныстар:

• *Тұрақты танымдық қызығушылықты қалыптастыру:* қызықтырып оқыту, оқу материалының жаңалығы, жаңа және дәстүрлі емес оқыту формаларын қолдану,

компьютердің көмегімен оқыту, интерактивті компьютерлік, мультимедиалық құралдарды пайдалану, өзара оқыту, эвристикалық оқыту, жарыс, проблемалық оқыту.

- *Сабақ барысында оқушының жеке ерекшелігін есепке алу* - бұл әрбір оқушының қызығушылығын, сапасын, талабын, мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беруде педагогикалық әдіс, құрал, әдістемелердің барлығын пайдалану.

- *Оқушыларға жеке тапсырмалар беру*: реферат, өзіндік жұмыстар, жоба жасауға дағдыландыру.

- *Оқушылардан жауапкершілікті талап ету*. Сан-қилы кедергілерді өз батылдығы мен табандылығының арқасында жеңе білген кейіпкерлерді сабаққа енгізу.

- *Қарапайымнан күрделіге көшу принципін ұстану*: күрделілігі жоғары тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

- *Қажетті білім көздерімен жабдықтау*: компьютер, т.б. құралдармен қамтамасыз ету

- *Оқушыларды ғылыми жұмыстарға араластыру*: ғылыми жобалар, олимпиадалар.

- *Логикалық ойлауын дамытып сенімдерін қалыптастыру*: аргументацияға, дәлелдерге және өз көзқарасын негіздеуге үйрету.

- *Интерактивті әдістерді қолдану*: Интерактивті оқытудың мәні оқыту үрдісінде мысалы: - «Өрмекшінің торы», «Аквариум», «Дебат», «Ыстық орындық», «Миға шабуыл», «Пікірталас жүргізу әдістемесі», «Рольдік пікірталас», «Уақыт шеңбері», «Алтын балыққа арналған аквариум», «Психологиялық-педагогикалық консилиум», «Мозайка», «Ақылдың алты қалпағы», топтық, жұптық және тағы басқа әдістерді қолдану арқылы оқушыларды таным үрдісіне тартып, өздері білетін және ойлайтын нәрселерін қайта қарауға, түсінуге мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастыру.

Сабағымды жоспарлауда нақты мақсат қоя отырып, күтілетін нәтижені анықтауға басты назар аударамын. Өз тәжірибеме оқытудың жаңа әдіс- тәсілдері мен оқыту үшін бағалауды енгізе отырып, алдыма мынандай мақсат қойдым: Оқушыларының пәнге деген ынтасы мен қызығушылығын оқыту үшін бағалаудың әртүрлі тәсілдерін ұйымдастыру арқылы арттыру және сабаққа деген көзқарастарын өзгерту. Осыдан «Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін оқыту үшін бағалаудың түрлері мен тәсілдерін ұйымдастыру арқылы қалай арттыра аламын?»,- деген сұрақ туындады. Осы сұрақ негізінде жұмысымның нысанын «Оқыту үшін бағалаудың әртүрлі тәсілдерін ұйымдастыру арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыру және сабаққа деген көзқарастарын өзгерте отырып, табысты оқуға қол жеткізуге бағыттау» деп қарастырып келемін.

Бүгінгі білім беру үрдісінде жеке тұлғаның қалыптасып, ой-өрісінің дамуы, өздігінен қоршаған ортаны танып білуі, белсенділігінің артуы, шығармашылық міндеттерді ойдағыдай шешуде мұғалім және мектеп психологының тарапынан көп жұмыс жасалуы тиіс.

Мектептегі оқытудың негізгі мәселелері- оқушылардың оқу үрдісіндегі танымдық қызығушылығын арттыру, танымдылық жан қуаттарының оятуына түрткі болу. Денсаулығы дұрыс дамыған кез келген оқушы мектеп бағдарламасын толық игеруі керек. Оқушылардың көпшілігі оқу бағдарламасын қиындықпен, ал кейбіреуі негізгі пәндерден ұзақ уақыт бойы үлгермейді.

Үлгермеуші оқушыларды зерттеу кезінде ғалымдар екі мәселеге тоқталады: біріншісі – Оқытушы қалай оқытады?, екіншісі – Оқушы қалай оқиды және осы кезде оның дамуы қалай жүзеге асады?

Дидактиктер бұның себептерін педагогикалық психологиялық жағдай, оқу- тәрбие үрдісі жағынан қарастырады. Ал психологтар үлгермеуші оқушылардың оқу үрдісіндегі оқу іс –әрекетінің жеке ерекшеліктеріне тоқталады.

П.П.Борисов үлгермеушіліктің себебін айқындауда оны ірі төрт топқа бөлген:

— Педагогикалық себептерге: жеке пәндердің берілуі, былтырғы білімінде қалыс қалушылықтар, келесі сыныпқа дұрыс көшірілуі;

— Әлеуметтік –тұрмыстық себептер: өмір сүрудің жағымсыз жағдайы. Ата-анасының дұрыс үлгі бермеуі. Отбасының материалдық қамтамасыздығы, отбасы тәртібінің жоқтығы, баланың бақылаусыздығы.

— Физиологиялық себептер: ауру, денсаулықтың жалпы әлсіздігі тыныс алу жолдарының ауруы. Жұқпалы аурулар, орталық нерв жүйесінің қимыл функциясының бұзылуы, нерв жүйесінің аурулары.

— Психологиялық себептер: зейін, есте сақтау, ойлаудың даму ерекшеліктері, түсінудің нашарлығы, сөйлеу қабілетінің дамуының жеткіліксіздігі, танымдық қызығушылықтың қалыптасуы, дүниетанымының тарлығы.

Қазақстан бойынша үлгермейтін оқушылардың 20% йод жетіспеушілік, 12% бастың ішкі қысымының жоғары болуымен тікелей байланысты.

Сонымен қатар үлгермеуші оқушыларды үш топқа бөлуге болады:

Барлық пәндерден үлгермейтін оқушылар.

Негізгі пәндерден ұзақ уақыт үлгермейтін оқушылар.

Кей кездерде үлгермейтін оқушылар.

Оқушылардың ұзақ уақыт үлгермеуінің себебі, психикалық функцияның әлсіз, нашар дамуында оқушылардың есте сақтау мен зейін ерекшеліктерінің айырмашылығы айқын көрініс алады.

Оқушының ойлау әрекеті сапасының жоғарылығы оқуға деген теріс қатынасының болуы және оқушының бағыттылығы толық емес жарым – жартылай болуы.

Оқушының ойлау әрекетінің сапасының төмендігін, оқуға деген теріс қатынастың болуы және оқушының бағыттылығы жарым- жартылай емес толық жойылуы.

Осы ерекшеліктер үлгермеуші оқушылардың типтерін анықтайды және үлгермеушіліктен құтылудың жолын көрсете алады.

Үлгермеуші оқушылардың танымдылық белсенділігін арттыруда мұғалім тарапынан шығармашылық пен ізденісті қажет етеді.

Оқушылардың таным үрдісін тиімді ұйымдастыру арқылы оқу белсенділігін және танымдық қызығушылығын дамыту жөнінде зерттеулер қатарына психологиялық тұрғыдан: С.Рубинштейн, Л.Эльконин, В.Давыдов педагогикалық жақтан Ю.Бабанский, Г.Щукина, ал әдістемелік тұрғыдан Н.Хмель, А.Әбілқасымова жатқызуға болады.

Үлгермеуші оқушыға көмек көрсетудің тиімді жолдарын айқындауда ең алдымен оқушының мектептегі проблемаларының себептерін және оқу – танымдылық іс –әрекеті мен жүріс – тұрысына тән ауытқулардың ерекшеліктерін түсіну қажет.

Осының нәтижесінде баланың жалпы дамуына, бағдарлама талаптарына танымдылық мүмкіндіктерінің сәйкестігі оқушыға кешенді бағалау психо-педагогикалық және медициналық көмек көрсету жолдарын айқындайды.

Оқудағы үлгермеушілікке апаратын ауытқушылықтар жеке дара дамуының бір немесе бірнеше аспектіде көрінуі мүмкін: физикалық және психикалық денсаулығы, баланың танымдылық деңгейінің қарқыны, оның эмоционалды- тұлғалық даму ерекшелігі. Сондықтан баланың даму қарқыны мен көмек көрсету бағдарламасын құруда көптеген мамандар қамтылуы керек (дәрігер, психолог, логопед, әлеуметтік педагог, пән мұғалімдері).

Мұғалім мен оқушының іс-әрекетіндегі өзара байланысының күрделі үрдісінде қалыптасатын оқуға деген субъект – объективтілік қарым – қатынасқа өтудің маңызы зор. Оқушының ойын ояту, түйінді сұрақ қою, оны таңғажайыптармен таңырқата білу, танымдық қызығуды тұрақтандыратын белсенді өзіндік іс-әрекеттерге қатыстыру шараларын ұйымдастырғанда мұғалім мен мектеп үлгермеуші оқушыны жоя алады.

Үлгермеуші оқушының негізгі принциптері:

Тиісті пән негізіндегі нақты және арнайы білімде қалыс қалулар, оның негізінде оқушы оқылатын түсініктердің, заңдылықтардың, теорияның негізгі элементтерін сипаттап бере алмайды және практикалық іс- әрекет орындай білмейді.

Оқу – танымдық іс-әрекетінде дағдылардың қалыс қалуының салдарынан, берілген уақыт ішінде оқушы білім, білік, дағды көлемін меңгере алмайды, жұмыс қарқыны төмендейді.

Даму деңгейі мен тұлғалық қасиеттердің тәрбиеленуінің жеткіліксіздігі негізінде, оқушы сәтті оқуға қажетті өзбетінділік, ұйымдастырушылық, шыдамдылық және басқа қасиеттерді көрсете алмайды.

Үлгермейтін оқушыға көрсетілетін көмектің тиімді жүйесі:

Оқу іс-әрекетін жоспарлау (қайталауды қалыс қалуды алдын алуға бағытталған жаттығуларды орындау, талдау және қатемен жұмыс жасау негізінде оқу іс-әрекетін жүйелеу);

Оқу іс-әрекеті барысында нұсқау келтіру;

Оқу іс-әрекетін ынталандыру (мадақтау, жетістік жағдаятын ұйымдастыру, белсенді еңбекке ұмтылдыру т.б.);

Оқу іс-әрекетін диагностикалау (оқушыны жиі сұрау, барлық үй тапсырмаларын тексеру, оқу іс-әрекет барысында өзіндік бақылауды белсенді ояту т.б.);

Өзара көмекті ұйымдастыру;

Н.Добролюбов былай деген: «...нағыз тәрбиеші бәрін білуге тиіс, сонымен бірге ол тәрбиеленушіні ойландыратын барлық сұрақтарды алдын ала шеше білуге, бала жанын мазалайтын барлық ойлар мен пікірлерді, қиындықтарды, тұжырымдарды талдап, талқылай білуі тиіс». Ол үшін мұғалім қазіргі заманғы ғылым негіздері жайлы жан-жақты, терең біліммен қарулануға, оқу пәнінің мазмұнын мүлтіксіз білуге, өз мамандығымен байланысты басқа ғылым салалары жайлы хабардар болуы тиіс.

Мектеп психологтарының бұл істегі атқаратын міндеті қандай? Енді соған қысқаша тоқталсақ, ең алдымен, психологтар мұғалім мен сынып жетекшісінің жұмысымен танысуы керек (үлгермеу себептерін айқындау, біліміндегі олқылықтар сипаты) Оқушылардың үлгермеушілігінің себептерін зерттеу мақсатындағы мектепте педагогикалық дөңгелек үстелдер, семинар, тренингтер өткізілуі тиіс. Олардың тақырыптары: «Нашар үлгеретін және үлгермейтін оқушыларға білім беру үрдісін белсендіру», «Үлгермеушілікті болдырмау және алдын алу жөніндегі ұстаздар қауымының іс-әрекеті», т.с.с. бұл шараларда оқушыны зерттеудің жалпы бағдарламасы қарастырылып, пікірлер тыңдалып, үлгермеушілік себептерінің айқындалуы және жеке оқушыны оқыту мен тәрбиелеуді жетілдіру шаралары қарастырылуы қажет. Бұл жұмыстар оқушы үлгермеушілігінің себептерін білуге, алдын алуға бағыт береді, көмектеседі.

Үлгермеушілікті болдырмаудың әдістері мен түрлері:

-бірінші жарты жылдық барысындағы мұғалімнің қойған бағаларын және олардың нормаларға сәйкестігін талдау (бақылау жұмыстарын, оқушылардың дәптерлерін, журналдағы, күнделіктердегі бағаларды талдау);

-мұғалімнің сабақ барысында үлгермеушілікті болдырмау жөніндегі жұмысының түрлері (сыныптағы және үй жұмыстарының саралық сипаты, қателерінің алдын алу);

-қателермен жұмыс жүйесі және оқушылардың жадынамаларымен саналы түрде жұмыс істей білу;

-оқушылардың үлгермеушілігінің болдырмау жөніндегі әкімшіліктің іс-әрекеті.

Нашар үлгеретін оқушылар үшін жеке тапсырмалар қарастырылған ба? Оқушының үлгеріміне ықпал етуші қоршаған орта дегенді кең мағынада қолдануға болады. Оған табиғат, жан-жағындағы жолдастары барлығымен орнатылған тығыз қарым-қатынас жақсы нәтиже береді. Сол сияқты денсаулықтың да сабақ үлгеріміне әсері зор.

Оқушылардың үлгерімін жақсарту бағытындағы жүргізілетін жұмыс түрлері

Әлеуметтік жағдайы төмен

Ата-ана баланың жағдайын жасауға көмектесе алмайды. Өзі күнде ішкілікке салынып жүреді. ГДН есебіне алып ата-аналық құқықтан айыру. Ішкіліктен арылу жолдарынан көмек көрсету. Мектеп тарапынан көмекке келу.

Мұғалім мен ата-ана байланысының төмендігі

Мектепте ата-ананы қызықтыратын іс-шаралар ұйымдастыру. Ата-анамен жиі қарым-қатынаста болу жолдарын қарастыру. Айына бір-екі рет ата-ананың сабақ қатысуына мүмкіндік жасау. Мұғалім мөзталаптарын жете білу. Баланың төмендеу себептерін ата-анаға баласының іс-әрекет барысында ашып көрсете білу

Денсаулығының нашарлығы

Денсаулық – зор байлық. Ендеше денсаулығы дұрыс бала болмаса, баланың сабақты қабылдау деңгейіне кедергі келтіреді. Мектепке бала қабылданғанда әр мұғалім өз алдындағы баланың денсаулығын жетік білуі қажет. Мектеп дәрігерлерімен бірлесе отырып, балалардың денсаулық куәлігімен таныса отырып, ауру себептерін білу. Диагностикалық карта жасап, ауруды алдын ала пән мұғалімдеріне мектеп басшыларына ескерту.

Еріншектік пен жалқаулықтың қалыптасуы

Бұл кемшілік ата-ана мен мұғалім тарапынан кетуі мүмкін. Бұл көбінесе ата-ананың тарапынан жиі қадағалаудың болмауынан туындайды. Мұғалім тарапынан баланың психологиялық жағдайын жетік білмегендіктен, пәнге белсенділік пен қызығуын жоғалтады. Сондықтан кемшілікті алдын алып тез жою үшін оқушы бойында ерінбей еңбек етуге, кітап оқуға, оқығаннан жазбаша түрде жазып беруге, өлең, мақал-мәтелдерді жатқа айтуға, жұмбақтарды шешуге бала кезден қалыптастыру керек. Жалқаулықты бала бойында болдырмау үшін үнемі жаса, аң істеріне баға беріп, еңбекпен келген нанның тәтті болатынын сездіру керек.

Ата-ана қадағалауының төмендігі

Ата-ана қадағалауының төмендігі оқушының оқу сапасының төмендеуіне әсер етеді. Ата-ана мен мұғалім арасындағы жиі қарым-қатынас ата-ана қадағалауына мүмкіндік ашады.

Сабақты себепсіз босатуы

Ата-ана қадағалауының аздығы, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың төмендігі баланың жаман қылықтарға әуестенуіне жол ашады. Сол себепті мұғалім баланың сабақтан қалу себептерін айқындап ашып, ата-анасымен кездесіп, пікір алысуы және мектеп басшысына осы жайында хабарлама түсіріп отыруы керек.

Қоғамдық ортадағы кері әсерлер

Оқушының мектептегі және үй ауласындағы достарын біліп отыру. Жас жағынан үлкендермен араласпауын қадағалау. Баланың басқа ортаның адамдарымен араласуын болдырмау. Бос уақытын көшеде не аулада өткізуіне жол бермеу, баланың мектептен тыс уақытында үйірмелерге, спорт түрлерінің секцияларын сынып балаларымен бірге баруын қалыптастыру.

Жұмыс түрлерін ұйымдастыруда оқушылардың үлгерімін жақсарту барысында үш түрлі бағытты атап көрсетуге болады. Осы үш бағыттың бірлігінде жұмыс үнемі орындалса, мұғалімдер қиыншылыққа ұрынбас еді. Олар: психо-педагогикалық, медико-биологиялық және әлеуметтік бағыттар.

Бұл бағыттар оқушының даму дәрежесіне, сабаққа қатысуына, оқу үрдісіне жеке оқушының өз қабілеті мен мүмкіншілігін пайдалану жолдарын ашуға көмек береді.

Қорытынды

Сонымен қорытындылай айтсақ, әртүрлі авторлардың мотивация түсінігіне берген анықтамаларына сүйене отырып, оқу мотивациясы дегеніміз - адамды білім алуға итермелейтін, жалпы бағыт - бағдар беретін, адам мінезіне энергетикалық импульстер беретін, психикалық үрдістер жиынтығы екенін анықтадық. Бүгінгі мұғалім, жаңа заман

қойып отырған талаптарға, керемет қарқынмен өзгеріп жатқан заман ағымына ілесетін, мұғалімге тән барлық мүмкіндіктерді игерген ұстаз. Ол тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын, оқушының жан дүниесін түсінетін, олардың биік жетістіктерге жетуіне көмектесетін қолдаушысы, көмекшісі досы болуы керек. Ж.Аймауытов айтқандай баланың ақылы, сезімі, қайраты мұғалімнің жігерлі ықпалы арқасында жетіледі. Мұғалім балаларына салақ, селқос қараса, олардың жан қуатын кемітіп, тәрбие де бере алмайды. Сондықтан да бүгінгі күні біздер мұғалімдер оқушылардың оқуға деген мотивациясын көтеру мақсатында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, сабақтарды түрлендіріп өткізсек, жақсы нәтижелерге жетуге болады. Білім сапасын көтерудің бір үлкен көрсеткіші – бағалау. Бағалаудың белгілі екі түрі бәрімізге аян. Ол – оқушыны бағалау және оқушының өзін-өзі бағалауы. Бұл бағалаудың білім сапасын көтеруде мәні өте зор [Бегляров Э. 2010].

Әдебиеттер тізімі

1. Психология. Адамзат ақыл – ойының қазынасы ІУ. том Алматы, 2005ж. Алдамұратов Ә. Қызықты психология. А, «Қазақ университеті», 1992 ж
2. Жарықбаев «Жантану негіздері» Алматы, 2002 жыл.
3. Петровский А.В. «Педагогикалық және жас ерекшеліктер психологиясы» Алматы, 1987ж.
4. Алдамұратов Ә. Оқушылардың грамматикалық ұғымдарды меңгеру психологиясы. Алматы. «Мектеп», 1983 ж
5. Алдамұратов Ә., М. Мұқанов. Психология пәнінен лабораториялық практикалық сабақтар. Бірінші бөлім. Алматы, 1978

ӘӨЖ: 3054

Раджапова К.С. Карибаева К.Х.

математика пәнінің мұғалімі, №102 ЖОББМ, Шымкент. Қазақстан

математика пәнінің мұғалімі, №102 ЖОББМ, Шымкент. Қазақстан

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ МЕКТЕПТІҢ ДАМУ ҮРДІСІ

Аннотация: Бұл мақалада Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы әзірленді, ол республикадағы технологиялардың қарқынды өсуіне және қызмет көрсетудің электронды форматына қайта бағдарлануға негіз болуы тиіс. Тұжырымдаманы әзірлеушілер атап өткендей, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды қолдану арқылы экономикалық даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын арттыру, сондай-ақ Цифрлық Мектеп жобасына түбегейлі көшу шарттары қарастырылған.

Кілт сөздер: цифрлы Қазақстан, цифрлық мектеп, интернет, технология, АКТ, жаһандық желі, реформа, үрдісі.

«Біз тәуелсіздік жылдары ішінде әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына қосылдық. Қазір дамыған озық 30 елдің қатарына ену міндеті тұр. Ол Қазақстаннан жаңа инновациялық дамуды және жедел технологиялық жаңғыруды талап етеді. Сондықтан мен осы жылдың басында Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда Үшінші жаңғыру жөнінде жарияладым. Оның негізі цифрландыру болып табылады», деді Президент.

Бүгінгі таңда Қазақстанға әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосылу міндеті қойылды, бұл жаңа инновациялық дамуды және жеделдетілген технологиялық жаңаруды талап етеді. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында өзегі цифрландыру болып табылатын Үшінші жаңғыруды жариялады.

Цифрландыру жөніндегі республикалық кеңесте еліміздің цифрлық бәсекеге қабілеттіліктің 30-шы халықаралық рейтингіне ену мәселелері талқыланды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен өткен кеңеске мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың басшылары, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, шетелдік ірі кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдері қатысты.

Бағдарламаның мақсаты орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды қолдану арқылы республика экономикасының дамуын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын арттыру, сондай-ақ Қазақстан экономикасының іргелі экономикаға көшуіне жағдай жасау болып табылады. ұзақ мерзімді перспективада болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін жаңа даму траекториясы.

Елбасы цифрландыру кәсіпорындар мен жалпы еліміздің бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін қажет екенін ерекше атап өтті. Елбасы сондай-ақ, цифрлық экономика үшін алдымен халықтың техникалық сауаттылығын көтеру қажеттігін айтты. Себебі, цифрлық экономиканы дамыту үшін халықтың техникалық жағынан сауатты болуы өте маңызды. Бұл тұрғыда осы салаға қатысты адамдардың дағдысын жетілдіру керек. Шара аясында Мемлекет басшысы өнеркәсіп, көлік, қаржы, білім беру, қала инфрақұрылымы және басқа да салалардағы 30-дан астам ІТ-жобасы қойылған арнайы көрмені аралады. «Көпшілік біз енгізбекші болып отырған технологияларды пайдалануды білмейді, оларға соны үйрету қажет. Смартфонды қалай пайдалану керектігін де үйреткен абзал. Сондықтан бізде атқаратын жұмыс көп және оны неғұрлым жиі айтып, насихаттауымыз керек», деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мектептің білім беру жүйесіндегі цифрландыру. Цифрландыру жаһандық трендке айналды. Дүние жүзінде 35 миллиард құрылғы жұмыс істейді, бұл деректерді үздіксіз генерациялауға және алмасуға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіш әлем халқының санынан 5 есе көп. Мұның барлығы цифрландыру процестеріне жаһандық қатысуды көрсетеді, ең алдымен бұл жастарға қатысты.

Білім беруді цифрландыру аясында мектептер компьютерлік техникамен қамтамасыз етілді. Оқушылар электронды күнделіктер мен журналдарды пайдаланады (7014 мектептен 6703-і). Мектептердің 90%-ы (6336 мектеп) жылдамдығы 4 Мбит/сек және одан жоғары Интернетпен қамтамасыз етілген. Мектепке дейінгі балаларға білім беру мекемелерінің 78,5%-ында қабылдауға кезекті электронды қою енгізілген, мектептердің 70,3%-ы оқушыларды онлайн қабылдайды. Мемлекеттік білім беру қызметтерінің 74%-ы автоматтандырылған. Жалпы, білім беру жүйесін цифрландыру ауыл мен қала мектептерінің білім беру сапасының арасындағы айырмашылықты 30%-дан астамға қысқартуға мүмкіндік берді. Мемлекеттік бағдарлама аясында ШОБ қолдауға және шағын және орта бизнес үшін қолайлы ахуал жасауға көп көңіл бөлінеді.

Қазақстанда мектептегі білім беруді цифрландыру оны реформалау үдерісіндегі жетекші үрдістердің бірі болып табылады. Болашақ мектептерінің болжамы көбінесе барлық пәндердің бұлтты оқыту жүйесіне кезең-кезеңімен көшуімен байланысты. Әңгіме онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар, ашық білім беру мазмұны, әрбір студентке икемді және жеке көзқарас туралы болып отыр. Оқушылар онлайн режимінде үй тапсырмасын бірге орындай алады. Мектеп кітапханалары ақпараттық-компьютерлік орталықтарға айналууда. Бүкіл оқу процесі әрбір студенттің жеке куәлігіне байланысты болады деп жоспарлануда, бұл бағаларды қоюға және рейтингтерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Америка болашағының тарихы, 1584-2069» кітабының авторлары болып саналады. Олардың теориясы бойынша адамның мінез-құлқының жасөспірім кезінде өмір сүрген және тәрбиеленген жағдайларына байланысты, т.б. 12-14 жасқа дейін. Дәл осы кезеңде адамдардың тұлғасы мен мінез-құлқын қалыптастыратын ұрпақ құндылықтары қаланған.

Қазақстандықтардың күнделікті өміріне цифрлық технологияларды практикалық енгізудің нәтижелерінің бірі 17 жасар Иван Крепактың жобасы болып табылады, ол «Жарыс» мобильді қосымшасын жасаған – мектеп оқушылары мен оқушыларына арналған алдағы жарыстар мен олимпиадалардың ғайлы агрегаторы. Студенттер, қазақстандық жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Қазіргі қазақстандық жастар технологиялық тұрғыдан озық әрі белсенді. Нил Хоу мен Уильям Штраустың теориясына сүйене отырып, белгілі бір тарихи кезеңде туғана да марәлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси жағдайлар мен процестердің әсерінен қалыптасқан ұқсас құндылықтарды тасымалдаушылар болып табылады. Осы орайда білім беру жүйесінде жастарды оқытуға қолайлы әрі тиімді жағдай жасалғаны өте маңызды.

2017 жылдан бастап қазақ мектептері 40 000 бейне және интерактивті сабақтарды қамтитын цифрлық білім беру ресурстарына (ЦБ) қосылды. Әзірге барлық мектептерде интернетке қолжетімділік қамтамасыз етілмегенін ескере отырып, цифрлық білім беру ресурстары мектептердің арнайы серверлеріне орналастырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы жүргізген зерттеу нәтижесі бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының педагогтары цифрлық білім беру ресурстарын барынша белсенді пайдаланады. Өлшем 2017 жылдың 1 қыркүйегінен 2018 жылдың 10 қаңтарына дейінгі кезеңдегі деректерге сәйкес құрастырылды.

Электрондық оқулықтарға көшу мектеп кезеңінің басында жыл сайын жаңартылатын ауыр мектеп сөмкесі мәселесін шешудің бір нұсқасы болуы мүмкін. Отандық стандарттарға сәйкес, мектептің ішінде жоқ рюкзактың салмағы 1 келіден аспауы керек. Оның барлық мазмұнымен салмағы баланың жалпы салмағының ең көбі 10% болуы керек, оның физикалық даму көрсеткіштері нормалар бойынша олардың жасына сәйкес келеді.

Сондай-ақ қазіргі таңда білімді жетілдіру бүкіл өмір бойғы қажеттілікке, нормаға айналғанын, бір кездердегідей «университетті бітірдің – диплом қалтада» деп жүре беретін уақыттың келмеске кеткенін тілге тиек етті. Адамның табиғатынан бейімделгіш келетінін, әсіресе қазақстандықтарды заманға бейімделгіш деп есептейтінін жеткізді. «Қазақстандықтардың математика мен физикадан мүмкіндіктері жоғары екендігін жиі айтады, оған дәлел көптеген отандастарымыздың халықаралық олимпиадаларда жеңіске жетуі», деді Президент бұл орайда.

Мемлекет басшысы одан әрі өкілетті органдар мен кәсіпорындар тарапынан ерекше мән беруді қажет ететін цифрландырудың жекелеген бағыттарына назар аудартты. Бұл ретте Елбасы мемлекеттің, жеке кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара іс-қимылын жолға қою маңызды екенін айта келіп, бизнеске цифрлы технологияларды кең ауқымда енгізуі үшін жағдай жасау керектігін тілге тиек етті. Сонымен қатар, біліктілігі жоғары мамандарды даярлаудың маңыздылығына тоқталып, білім беру саласындағы саясатты қайта қарау қажеттігін атап өтті. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының базасында, сондай-ақ инновациялық кластерлер аясында құзыреттілік орталықтарын дамыту мәселелеріне тоқталды.

Президент IT-стартаптар халықаралық технопаркінің жаңа технологияларды әзірлеу мен оларды енгізу мәселесінде басты рөл атқаратынын айтты. «Еліміздің қаржы секторы озық технологияларды мейлінше сергек сезінетін сала болғандықтан, цифрландыруға қатысты шешімдерді кеңінен қолдана бастады. Ол алдағы уақытта да осы үдерістің басында болуы керек. «Астана» халықаралық қаржы орталығының алдында жаңа қаржылық технологиялар мен құралдарды дамыту міндеті тұр», деді Елбасы. Белгіленген міндеттерді шешіп, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді ынталандыру үшін нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді тапсырды.

Мемлекет басшысы болашақтағы жаһандық сын-тегеуріндер мен технологиялық трендтерді зерттеу қажеттігіне назар аударды. Жиында айтылған мәселелердің барлығы еліміздің Үшінші жаңғыруы аясындағы маңызды міндеттер болып саналатынын, Үкіметтің оларды мемлекеттік бағдарламада ескеруі қажеттігін айтты.

«Президент жанынанарнайы комиссия құруқажет. Жұмыс органы Премьер-Министр мен оның Кеңесі болады. Бағдарламаны ескертпелерді қаперге ала отырып сонына дейінаяқтандар, оны нақтыландар және іскекөшіңдер. Жылдың сонына дейіңіздерге уақыт беріледі. Келесі жылдың 1 қаңтарынан жеке өзім ай сайын бақылауға алатын боламын», деді Нұрсұлтан Назарбаев. Сондай-ақ Елбасы ортақ мәселелерді шешу үшін Еуразиялық экономикалық комиссия аясында арнаулы комиссия құру керектігін айтты.

Жиында елімізде цифрландыру бағытында қолға алынған шаралар жөнінде Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев, сондай-ақ Қазақстанда қызмет ітп жүрген бір қатар шетелдік мамандар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және инновациялар сала-сындағы сарапшылар баяндама жасады.

Үкімет басшысы «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы жобасын таныстырып, оның негізгі басымдықтарын атақталды.

«Бағдарламаны даярлау кезінде Үкімет тарапынан Қазақстан экономикасы үшін цифрлы дәуірдің қамтып отырған жаһандық сын-қатерлері мен мүмкіндіктері ескерілді. Осыған байланысты екі бағыт айқындалды.

Біріншіден, цифрландыру процесінің тұрақтылығы үшін инновациялық дамудың ұзақ мерзімді институттарын құру болса, екіншіден, нақты сектордағы белгіленген жобалардан тұратын бағдарламаның прагматикалық басталуын қамтамасыз ету көзделген», деп атап өтті

Екіншіден, еңбек өнімділігінің ауқымды өсіміне қажетті жағдай қалыптасады. Атап айтқанда, бағдарламаның басты мақсаттары айқындалды. 2025 жылға қарай Қазақстан цифрлы бәсекеге қабілеттіліктің халықаралық рейтингінде 30-шы орынды иеленуі тиіс. Бұл өз кезегінде стратегиялық маңызды көрсеткішке жетуге мүмкіндік береді, яғни жыл сайын экономика өсімінің үштен бірін цифрлы экономиканың есебінен құруға жол ашады», деді

Бүгінде Қазақстанның 77 пайыз ересек тұрғындары базалық цифрлы сауаттылықты игерген және интернетке қол жеткізіп отыр. Бұл көрсеткіш алдағы уақытта арта түспек. Мемлекеттің барлық өңірлерін интернетпен қамтамасыз ету цифрлы экономиканың көптеген секторларын үдемелі дамытуға жағдай жасайды. Олардың ішінде ең маңыздылардың бірі ретінде қашықтықтан білім беру, телемедицина, медицинадағы жасанды интеллект, электронды сауда бағыттары ескерілген. «Мәселен, соңғы 10 жылда Қытайда электронды сауда көлемі 100 есеге артты. Атап айтқанда, елде интернетпен толықтай қамтудың нәтижесінде үкіметке осы қызметтік секторлардың әлеуетін кеңінен ашуға мүмкіндік берді», деді Б.Сағынтаев. Оның пайымынша, еліміздегі ақпараттық технологияларға «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы тың серпін береді. Бұл шешімдер электронды үкіметке және киберқауіпсіздікке қатысты болады. Бағдарлама басымдықтарының бірі қоғам өміріндегі барлық салаларға цифрлы қызметті кеңінен енгізуге негізделген. «Қазақстан Үкіметі цифрлы қоғамның өтпелі жүйесін құруды жоспарлап отыр, яғни ол тұтынушыға қолайлы жағдай жасау мақсатын көздейді.

Ғаламшардағы цифрлы мегарендер елдердің алдына озық технологияларды қандай тәртіппен енгізу жайындағы мәселені қойып отыр. Өз кезегінде дұрыс таңдау жасаған мемлекеттер үлкен мақсаттарды шешудің жаңа салалары мен әдістерінің мүмкіндігіне ие болады», деді Премьер-Министр. Осы орайда Үкімет басшысы Қазақстанда нақты реттеуші шешімдер арқылы болашақ экономикасының жаңа секторларын құруда зор мүмкіндік бар екенін айтты.

Жаһандық «цифрлық қадамдар» Қазіргі уақытта цифрландыру көптеген елдерде дамудың стратегиялық басымдығы болып табылады.

Жетекші әлемдік сарапшылардың болжамдарына сәйкес, 2020 жылға қарай жаһандық экономиканың төрттен бірі цифрлық болады және мемлекет, бизнес және қоғамның тиімді өзара әрекеттестігіне мүмкіндік беретін экономиканы цифрландыру технологияларын енгізу барған сайын ауқымды және серпінді бағытқа айналуға процесс.

Әлемнің 15-тен астам елі цифрландырудың ұлттық бағдарламаларын жүзеге асыруда: Дания, Норвегия, Ұлыбритания, Канада, Германия, Сауд Арабиясы, Үндістан, Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур, Австралия, Жаңа Зеландия және Қазақстан. Қытай өзінің Internet Plus бағдарламасы арқылы цифрлық және дәстүрлі салаларды біріктіреді.

Сингапур ақылды экономиканы қалыптастыруда, Канада Торонтода (Оңтүстік Корея) АКТ хабын құруда «Шығармашылық экономика» бағдарламасы адами капиталды, кәсіпкерлікті дамытуға және АКТ жетістіктерін таратуға бағытталған және Дания мемлекеттік секторды цифрландыруға назар аударады. «Көріп отырғанымыздай, әртүрлі елдер цифрлық трансформация саласында әртүрлі басымдықтарды белгілейді.

Қорытынды

Қазіргі таңда 2017-2021 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында Thesis.kz білім порталы «1 қыркүйек» республикалық ақпараттық-әдістемелік орталығымен 1september.kz бірлесіп «Цифрлық мектеп» жобасы – «Цифрлық Мектеп». Бұл жоба ең алдымен мұғалімдерге бағытталған: заманауи мектепте ақпараттық мәдениетті дамыту, цифрлық білім беру ортасын құру, жаңа электрондық білім беру өнімдерін танымал ету және тәжірибелік түрде дамыту.

Қазақстандық мектептерді цифрландыру осы процеске қатысатын барлық ойыншылар: оқушылар, олардың ата-аналары, мұғалімдер, білім беру жүйесінің әкімшілері үшін ыңғайлы және тиімді құралдарды құруды көздейді. Сонымен қатар, оқу процесін цифрландыруға талпынуда адамның жанды қарым-қатынасы мен виртуалды ортада болудың оңтайлы теңгерімін, нақты және цифрлық әлемнің синтезінің бір түрін сақтау маңызды. Тек осы жағдайда ғана біз «Қоғам 5.0» стратегиясының парадигмасында – супер интеллектуалды қоғамда дами аламыз.

Қолданылған сайттар тізімі:

1. <https://qamshy.kz/article/43728-tsifrlыq-qazaqstannynh-negizgi-maqsaty-omir-sapasyn-dgaqsartu>
2. <https://www.primeminister.kz/kz/news/reviews/2019-zhyly-cifrlыk-k-azak-stan-memlekettik-bag-darlamasyn-iske-asyru-ayasynda-8-myn-zhu-mys-orny-k-u-ryldy>
3. <https://profit.kz/articles/13397/I-eto-vse-o-nem-Cifrovoy-Kazahstan/>
4. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38537960

ӨОЖ: 82-31

Әділбекова Ж.Қ., Асылбекова А.А.

филолог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

М.МАҒАУИННИҢ «АЛАСАПЫРАН» РОМАН-ДИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Түйін. Ел-жұртты елеген, халқы қалаған азаматтарды ардақтаудың ана тілімізде атаулары мен дәріптеу, бейнелеу сөздерін айтып тауысу қиын. Оны қазақ теңеп те, бейнелеп те, асқақтатып та айта білген. Мақалада М.Мағауиннің «Аласапыран» роман-дилогиясындағы тарихтан белгілі ірі тұлғалардың сөз саптауын шешен де шебер көрсеткендігі сөз болады.

Кілт сөздер: шешендік өнер, сырлы сөз, сипаттау, параллель түзілімдер, сөз өнері

Халық ауыз әдебиетінің үлкен әрі күрделі бір саласы – шешендік сөздер. «Халық өмірімен бірге туып, біте қайнасқан халық тағдырының жыры мен сырын, қуанышы мен қайғысына ортақ, халық ішіндегі туып өскен от ауыз, жезтаңдай шешендер жағынан шығарылған мұра» [1, 243-б.]. Шешендік сөздер – сөз өнерінің жілігін шағып, майын ішкен шешендер аузынан шыққан, даналық ойды білдіретін, қиыннан қиыстыратын, таңдап, талғап алынған сөздер жиынтығы. Шешендік сөздер пернелі сөз және термелі сөздеп екі топқа жіктеледі. Пернелі сөз өлең ретінде беріліп, ұйқасқа құрылады. Ал термелі сөз көркем қара сөзбен беріледі. Мұнда ұйқас мүлдем болмайды деуге болмайды. Шешендер іш қайнаған уақытта айтар сөзін желдірмелетіп, жеделдетіп сөйлеген кезде ұйқастан гөрі шешеннің айтар ойының ұтымдылығына, сөздің мағыналық тұтастығы мен тұжырымдылығына баса мін беріледі. Қоғамдағы кез-келген адам шешен сөйлей алмайды. Шешен сөйлеу адамның, біріншіден, білім, ақыл-ой, санасының тереңдігін білдірсе, екіншіден, оның қоғамдағы рөлін, лауазымын көрсетеді. Шешендік сөзді көбінесе ханның уәзірлері, көмекшілері және ел арасындағы билер мен дана кісілер айтатын болған. «Шешендік – дарындылық. Ол – тілі ғана емес ойы да жүйрік кісілерге, тілдік сезімі күшті адамдарға тән қасиет» [2, 55-б.].

М.Мағауиннің «Аласапыран» роман-дилогиясы тарихи шығарма болып табылады. Бұл шығармада есімі тарихтан әйгілі талай ірі тұлғалардың аты кездеседі. Олардың бейнелері шынайы көрінуі үшін автор сөз өнерінің озық үлгісін қолданады және көбінесе шешендікті кейіпкерлердің аузына салады. Бұл шығарма – тіл кестесі анық өрілген, сан алуан ою-өрнегі мен түрлі-түсті бояуы бар шығарма. Шығарманың әр бетін оқыған сайын, автордың сөзді қолдану шеберлігіне қайран қаласыз. Ол кейіпкерлерге есімдер беріп қана қоймай, оларды айшықты эпитеттер арқылы оқырманмен таныстырады. «Төңіректің төрт бұрышына қылыш сермеген Хақназар», «берекесі кеткен елдің атының басын бір кермеге тіреген Тәуекел», «батырлығы мен байыптылығын бірдей атнытып үлгерген» Шығай-хан ұлы Шах-Мұхамед, «ерлігі елге әйгілі, тұлғасы таудай» Шығай-хан ұлы Ес-Мұхамед, «қазақтың қызыл күрең туына берік тұғыр болған» Тұрсын-Мұхамед (Аласапыран, 8, 14-беттер) сынды сәтті шыққан эпитеттер шығармада толып жатыр. Мұндай сөздер бейнелілігімен, сондай-ақ автор бейнелеген халықтың немесе адамдардың мінезін, сипатын әсем түрде білдіру қабілетімен ерекшеленеді. Мұндай сөздер, әрине, қаламгердің кез-келген еңбектерінде кездеседі. Дегенмен, біздің айтпағымыз осындай олжалар мен астарлы сұлу сөздердің М.Мағауиннің «Аласапыран» роман-дилогиясынан көптеп кездестіре алатынымызда.

Шығарма Тәуекел ханның ашқан құрылтайын суреттеумен бастау алады. «Марғасқалар мәжілісінде» сөз алған, шешен сөйлей білген Тәуекел хан сөзін автор былай береді: «Жетісу ата жеріміз еді. Әз-Жәнібек хан заманынан бері жағат-мағұлмен қырқысып келеміз. Әуелі жеңдік. Қойдай қырдық. Содан соң жеңілдік. Әдіктен тараған бес ұлдың ұрпағы – жиырма төрт сұлтан қатарынан шәйіт болған, отыз мың аламан өлген ойранды ұрыс ұмыттындар ма? Тоғым хан мен Бәшібек ағамыз бастаған отыз жеті сұлтан түгел қырылған, әрқайсысы онға

татыр елу мың аламан өлген сойқанды соғысты ұмыттыңдар ма?! Жиырма жылда оңалдың, қырық жылда қайтадан қара нор қол құрадың, өшкенің жанды, бірақ өлгенің – тірілгені қане? Жабығың бүтінделді – жараң жазылды ма?!» (Аласапыран, 12-бет). Автор тура осындай қуатты сөздерді Тәуекел ханның аузына салып, көркемдік тәсіл арқылы «деді» дегенмен аяқтап отырады. Өз кейіпкерінің тілін шешен де шебер құра білу, сөзсіз, автордың да тіл байлығынан хабар берсе керек. Әйтпесе, ол мұндай керемет сөз өрнегін жасай алмас еді. Автор кейіпкердің тілі шешен болу үшін қазақ тілінің кең мүмкіндіктерін жақсы қолдана білген. Біріншіден, М.Мағауин тіліне тән синтаксистік құбылыс парцелляцияларды жиі байқаймыз. Олар сөйлемнен бөлініп шығып, оқырман назарын аударады. Кей тұстарда олар бірінен соң бірі үдей түсіп, градация ретінде қолданылса, бір кезде екі парцелляция қарама-қарсы мағына беріп, оқырманға ой салу қызметін атқарады. Сонымен қатар, шешендік сөздерді беру кезінде біз салыстыруды, перифразаларды, эпитеттерді, теңеулерді сөздердің өзара ұйқасып жатуын, сондай-ақ риторикалық сұрауларды жиі кездестіре аламыз.

Шығармада Тәуекел ханнан басқа Қадырғали, Томан, Сүтемген сынды билер, Құл-Мұхамед сияқты елші, Ораз-Мұхамед сұлтан, ел анасы Әз-ханым да өте шешен жандар, олардың қоғамдағы өзі арқалаған ауыр жүк, биік беделіне қарай қарапайым сөйлемей де занды.

Шығарманың бас жағында аты кездескен «жеті атасынан бері билік кетпеген, өз басы қара халық алдында айрықша қадірлі» Сүтемген бидің ханның *«Менімен бірге туған деп, немере деп жақындатпа, шөбере деп, шөпшек, туажат деп алыстатпа – батыр інілерімнің, білікті бауырларымның бірін қалаңдар, қалаңдар да қалға сайлаңдар!»* (Аласапыран, 13-бет) деген тапсырмасына жауап бергендегі сөзін алайық. *«Бөрі боп туған баһадүр көп. Арыстан боп туған асылзада көп. Бәрі де жақын бауырың. Бәрі де сүйенішің»* (Аласапыран, 14-бет). Мұндай сөздерді айтып тұрған – би, яғни, шешен сөйлеуге міндетті адам. Ал билер аузынан шыққан шешендікке бірнеше талаптар қойылатыны белгілі. Ол талаптар: біріншіден, әлеуметтік мәні бар болуы керек, екіншіден, шаршы топ алдында айтылуы тиіс, үшіншісі әрі ең күрделісі, тыңдаушыға әсер ететін эстетикалық қасиеті болуы керек, яғни, тілі айшықты, астарлы, әуезді болуы шарт. Осы шарттар толық орындалғанда ғана ол сөз шешендік сөздің түпкі мақсаты – біреуді не бір топты белгілі бір нәрсеге ұмтылдыра алатын сөз болады. Сүтемген бидің сөздері бұл талаптарға толығымен жауап беріп тұр. Қалға болуға лайық үміткерлерді атағанда Сүтемген би ендігі сөзін Тәуекел ханға емес, барша жұртшылыққа арнай айтады. Себебі, хан қалға сайлауды көпшілікке тапсырған, Ал Сүтемген би көпшілік пен хан арасындағы көпір іспеттес, бүкіл көпшіліктің сөзін жеткізіп тұр. *«Өзіңе ізбасар, қазаққа – қалға болуға лайық інілеріңнің ішінде үшеуінің орны бөлек. Жас та болса бас, жиырмаға жаңа келсе де, батырлығы мен байыптылығын бірдей танытып үлгерген, өзіңнің кіші шешең Сұлу ханымнан туған бауырың – Шығай-хан ұлы Шах-Мұхамед сұлтан бар. Өзіңмен бір анадан туған, он сегіз жасында ерлігі елге әйгілі, тұлғасы таудай бауырың – Шығай-хан ұлы Ес-Мұхамед сұлтан бар. Он тоғызында тоқсандағы қарттың даналығына жеткен, өзінен мүшел үлкен жұрт аға тұтатын, атасы – атаңның алдына шықпаған, тұқым-тұяғымен қазақтың қызыл күрең туына берік тұғыр болып келе жатқан бауырың – Жалым сұлтан ұлы Тұрсын-Мұхамед сұлтан бар»* (Аласапыран, 14-бет). Бұл сөздің үлкен әлеуметтік мәні бар. Би сөзін Тәуекел ханға емес, өзге сұлтандарға, бектерге, батырлар мен оғландарға және қаумалаған қалың жұртқа қаратып айтқан. Сонымен қатар, әр сұлтанды сипаттаған кезде олардың ерекше қырларын әсем жеткізе отырып оқырман психологиясына, эмоциясына әсер еткен. Сөздің мұндай өрнекті болып шығуы біраз жылдық тәжірибиесі бар, талай жерде топжарған Сүтемген бидің өзіне тән көрсеткішін толық сақтай алған. Бұл көрсеткіш дыбыстық үйлесімдер, авторлық және дәстүрлі түрде берілген эпитет, метафора, метонимия, синекдоха, гипербол, теңеу сынды троп түрлері мен шендестіру, қайталама құрылымдар, градация, параллельдер сияқты толып жатқан фигура түрлері арқылы жүзеге асқан әрі күрделі етіп берілген. *«Бөрі боп туған баһадүр көп. Арыстан боп туған асылзада көп»* деген жолдардағы «бөрі, арыстан» сөздерін

метафора деп шатастыруға болмайды. Бұлар негізінен теңеулер. «**Бөрідей** боп туған баһадүр көп. **Арыстандай** боп туған асылзада көп» десе де болар еді. Демек, теңеуде қолданылуы тиіс «-дай, -дей» тұлғалы жұрнақ қолданылмаған, сонысымен де әсерлі болып шыққан. «Жас та болса бас», «заманында ел бастап көсем де болған, сөз бастап шешен де болған» деген сияқты ұйқасты сөз тіркестері, «жақындық – жан жарастығында», «Жетісуда жатқан жау», «ата салтында алтын тақ – ағадан ініге мұра», «кұрылтайға қатысушы қауым», «қылышпен қидаласып, сүңгімен сайысу» сынды дыбыстық үнділік те шешендік сөздердің мінсіз шығуына үлкен әсерін тигізген.

Сүтемген бидің әрі қарай айтқан сөзінде қалға болуға лайықты басқа да үміткерлер аты аталады. Баһадүр сұлтанды атау үшін қазақ халқының күнделікті сөйлеуінде де жиі қолданылатын құбылыс – метафораны пайдаланады: «*хан иемнің үзеңгісіне ілесіп, бүкіл түстікті тітіретті*» (Аласапыран, 14-бет). Бұл сөздерді қарапайым тілмен «ханмен қатар шабуылдар мен соғысқа қатысып, оңтүстікте жатқан жауларды жеңді» деп айтсақ, сөз өзінің алғашқы қуатын жоғалтады. Осыған қарап автордың сөз қолдану шеберлігіне тәнті боласың.

Ораз-Мұхамед сұлтанның әкесі, ерлігі елге аян Ұзын оқты Ондан сұлтанның еткен еңбегін айту барысында автор би сөзіне риторикалық сұраулы сөйлемдер мен пафосты лепті сөйлемдер салады. «... *бес-ақ мың қолымен жиырма мың жауға қарсы соғысқанда ертауыл мыңдықтың басында кім шауып еді?... Баба-сұлтанның басын шапқанда қасында тұрған кім еді? Бөлекей-Қоян сұлтан ұлы Баһадүр сұлтан!*» (Аласапыран, 15-бет). Осы сөздер арқылы қалға болуға лайықты үміткерді айтуға негізгі көпір салынады. «...*Хақ-Назар ханның қалың қолының алдындағы қара дауыл болған... Ондан сұлтанның аруағына кім бас ұрмас? Ораз-Мұхамед сұлтан сол Ондан сұлтанның өзі болмаса да көзі емес пе?*» (Аласапыран, 15-бет).

Шығармадағы тағы бір би – Томан ибдің сөздерінен тек көпшілік арасында ғана емес жеке адамдар арасында да кездесетін шешендік сөздің үлгілерін көруге болады. Мысалы, еруден соң Ораз-Мұхамед сұлтанның ордасында болған Қоянақ, Көкбөрі баһадүр, Томан би және Ораз-Мұхамед сұлтан арасында болған әңгімеде Томан би тарапынан мақал-нақыл сөз ретінде ұсынған даналық сөздер кездеседі: «...*хан билігінен ар бидігі зор, ханның құты – қарашаның күші, сұлтан ызғары – өткір сүңгінің жүзі, аламан жұрттың ызғары – үңірейген көрдің өзі ...тірі жүрген күннің бәрі тірлік пе, бірге жүрген күннің бәрі бірлік пе...*» (Аласапыран, 62-бет). Бұл нағыз қысқа қайырылған, теңеуге, балауға құрылған дидактикалық нақыл сөздер. Би сөзі диалог арасында айтыландықтан оның қысқа болуы да дұрыс берілген.

Ал мына бір тұста шешендік сөзді жасау кезінде қазақ шешендік өнерінде жиі қолданылатын, айтпақ идеяны тұспалдап жеткізуде аса әсерлі берілетін көріктеу тәсілдерінің бірі аллегория қолданылған: «*Хан ашуы – қара қылыш, қайтпай шапқанымен, қара орманды отап түгесе ала ма; халық ашуы – қаптаған өрт, жалыны жапандағы орданы шалса, оған адам жұғыса ала ма*» (Аласапыран, 64-бет). Халық қара орманға, халықтың ашуы өртке теңеліп, қара орманды отап түгесе алмау – халықты тегіс қырып біте алмау, орданы өрт шалу – халықтың ханға қарсылық көрсетуі, ордасын шауып алуы. Мұндай шебер қолданылған аллегорияның үлгілерін шығарманың кез-келген монолог пен диалогтарынан кездестіруге болады.

«*Әркім өз үйінің төбесіндегі тудың тұғырлы болғанын қалайды... ажал жетсе қабіріміз қатар болады; иір мүйізді арқардың топатай құлжасын күлге лақтырып, қолайына жаққан қой асығының өзін сақа сайлаған салуалы қауым*» (Аласапыран, 91-бет). Берілген микромәтіндегі сөздер сырттай күрделі болып көрінгенімен, ана тілмен ауызданған, астарлы, тұспалды, теңеулі сөздің мәнін түсінетін адам бұл мәтіннің мағынасын еш қиналыссыз түсіне алады.

Шешендік сөздерде жиі қолданылатын әдістердің тағы бір түрі – параллель түзілімдер. Параллелизм – екі түрлі нәрсені не құбылысты, ұғымды, сезімді қатар қойып салыстыра суреттеу. Мұндай параллель түзілімдер М.Мағауин шығармаларындағы диалог пен

монологтарда өте жиі кездеседі. *«Жазала! Аяма! Бейпіл ауызға қақпақ, ақылы азға тоқпақ болсын!; аузымнан жырып асымды берем, астымнан түсіп атымды берем; сен үшін аранға түсер биің, ажалға аттанар батырың болсын...; сұлтанымызға сүйеу, бізге тілеу болар деп...»* деген сияқты берілген тіркестерде параллельдік түзілімдерді байқауға болады.

Шешендік – сөз өнері, ал сөздің қазақ қоғамындағы маңызы айтпаса да белгілі. Қазақ қоғамында бұрыннан дамыған, шұғылданған өнер түрлері өте көп, ал соның ішінде ең қарқында жетіліп, шырқау шегіне жеткен өнер – сөз өнері. Ал бұл өнерінің биік деңгейі, сұрыпталған үлгісі көрінетін сөз майданы – шешендік өнер. Қазақ қоғамында белгілі бір лауазымы, беделі бар адамның қалай болса солай сөйлеуге қажысы жоқ. Әсіресе, көпшілікті аузына қаратқан ел-жұрт билеушілері, әмір-бұйрық берушілер, үкім мен жарлық шығарушылар, қысқасы, қоғам мен адам тағдырына қатысты тікелей сөз айтатындар билерше төгіліп тұрмағанымен, әсерлі де әдемі сөйлеуі керек болған. Сондықтан, тегі, хандық дәуірлердегі би, бек не әмірші адам бір жағынан ұлыс, ру басы болып танылса, екінші жағынан, ол шешен болмағы керек. Сірә, би сөзінің шешен сөзімен мағыналас болып келуі кейінгі уақыттарда қалыптасса керек. Би болу – адамның әуелі жететін статусы, би болған адам ғана шешен бола алады, себебі, доғарыда айтқанымыздай билер әсем сөйлеуге міндетті.

Шығарманы оқи отырып жо,арыда айтылған заңдылықты жазушының жақсы білетініне көз жеткізуімізге болады. Сол себепті де ол ханды, сұлтандар мен елшілерді, Әз-ханым мен Ай-Шешек сынды дана әйелдерді салмақты сөйлетеді. Әсіресе, Ораз-Мұхамед тілін жақсы орайластырған. Бастапқы берілген кездерде Ораз-Мұхамед ойы толық толыспаған, жас сұлтан ретінде сөйлесе, уақыт өте келе автор оның аузынан шыққан сөздері арқылы-ақ оның ержетіп, ақ пен қараны таразылап үйренгендігін көрсетіп отырады. Қызыл тіл мектебінен өткен жас сұлтан ұйқасты, мәнді, әлелді сөйлей алатын болады.

Ал, енді. Әз-ханының сөздеріне назар аударсақ. *«Егер Тәуекел хан алаш бегін қоңыраттан, ұлыс бегін жалайырдан қойса, бір қазақты тең тұтам деп жар салғаны емес пе? Бегін белге шығарып, еліне қоныс берсе, жау қолында қалған барлық руға ұран шашқаны емес пе? Жетім қозы тас бауыр, жат болып кетсе, қайтесің... Бірақ, балам, өкпе арты өкінішке ұласатын кеп бар, наз арты түңіліске ұласатын кез бар... Мен ақылы қысқа әйелмін, көсемдігімнен емес, көргендігімнен айтам»* (Аласапыран, 116-бет). Ақылды әженің бұлай шешен сөйлеген тұстары жетерлік. Дыбыстық үйлесімдер, параллель тізілімдер мен мақал-мәтелдердің қатысуы арқылы жасалған шешен сөз әже образын жақсы ашып тұр. Осындай даналықты айта отырып, соңында өзін «ақылы қысқа әйелмін» деуі оның немересіне деген жүк артуы, оның әр істі сараптай білуіне жол салуы болса керек.

Бізге еңбектері арқылы есімі таныс Қадырғали би атын шығармадан кездестіре аламыз. Автор Қадырғали биді көп сөйлетпейді. Дегенмен, сөздерін аса сұлу етіп шығарады: *«Тең азамат анда болмақ, текті ауылдар құда болмақ. Андалық – ақыл ісі, құдалық – құдай ісі. Бұл – кеңшілікке, кеңесті күнге лайықты сөз екен... Асауды ауыздықтайтын – бұғалық, алысты ағайындастыратын – құдалық...»* (Аласапыран, 87-бет).

М.Мағауин – тілі шебер, сөзі әсем жазушы. Ол шығармасындағы «Е, мінеки, не деген сөз десеніңші!» деп таңдай қағатындай сөз өнерінің үздік үлгісін жасаушы. Әнші мүсін соға алмайды, ал биші күй тарта алмайтыны сияқты, жазушы да шешен сөзді келтіре алмайды. Шешендік бөлек сала, ал ойды тербеп, жүрекке жететін шешендік сөзді тек шешен ғана шығарады. Осыған қарап, М.Мағауинді шешен жазушы деуімізге әбден болады. Бұл туралы Ә.Кекілбаев та «М.Мағауин алдымен өзі шешен, сондықтан, қажет жерде кейіпкерлерін де шешен сөйлете білген» деген пікірі өте орынды дер едік.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Райыс Ғ. Сөз өнерінің теориясы: Оқулық кітап. Алматы, 2010. 524 б.
- 2 Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 2004. 140 б.
- 3 Мағауин М. Аласапыран. Алматы, 1983. 456 б.

УДК: 15,98

Жумабаева Б.Ж., Есенгельди А.О.

преподаватель биологии. Шымкентский многопрофильный колледж.

Шымкент, Казахстан

преподаватель педагогики и психологии.

Шымкентский многопрофильный колледж. Шымкент, Казахстан

РАЗВИТИЕ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ В ПРОЦЕССЕ САМОАКТУАЛИЗАЦИИ ПОДРОСТКОВ

Аннотация: Главной задачей среднего учебного заведения, согласно Закону Республики Казахстан «Об образовании» является реализация образовательно-профессиональных программ среднего образования путём создания необходимых для этого условий, направленных на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе общечеловеческих ценностей, достижений науки, практики.

Ключевые слова: ценности, ориентации, процесс самоактуализации

Современное реформирование системы образования Республики Казахстан в свете ускоренной социально - политической модернизации выдвигает в качестве приоритетной право на саморазвитие и самореализацию будущих специалистов. Н. Назарбаев в своём Послании народу Казахстана подчёркивает: «Одним из главных критериев образовательной реформы является достижение такого уровня, когда любой гражданин нашей страны, получив соответствующее образование и квалификацию, может стать востребованным специалистом в любой стране мира» [1].

Главной задачей среднего учебного заведения, согласно Закону Республики Казахстан «Об образовании» является реализация образовательно - профессиональных программ среднего образования путём создания необходимых для этого условий, направленных на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе общечеловеческих ценностей, достижений науки, практики [6].

Вопросы саморазвития личности освещались в работах казахских просветителей - педагогов, таких как Ч. Валиханов, Ж. Аймауытов, А. Байтурсинов, А. Кунанбаев, И. Алтынсарин. В их работах ярко выражена мысль о том, что человек должен всегда двигаться к поставленной цели, стремиться к знаниям, преодолевать препятствия, благодаря внутреннему потенциалу. Д. А. Леонтьевым, С. Л. Рубинштейном самоактуализация рассматривается как реализация – способ обозначения индивидуальности; самоосуществление – стремление к персонализации [7;8]. Самоактуализация определяется опредмечиванием ресурсов личности в социальной деятельности. Л. И. Анцыферова считает, что самоактуализируясь, человек строит планы на будущее в определённой конкретной деятельности [9].

В книге «Казахстанский путь» Н. Назарбаев пишет: «Кажется, что все проблемы появляются перед человеком лишь для того, чтобы он смог преодолеть эти трудности и найти оптимальный путь для достижения своих целей. Настоящее счастье, когда человек делает правильный выбор в каждое мгновение своей жизни и через это достигает гармонии с самим собой. Успех будет сопутствовать молодым, если они выберут гуманизм, знание, ответственность, справедливость и не будут эгоистичны» [2, с. 365].

В современных реалиях проблема духовных ценностей является одной из самых актуальных. Сегодня на всех ступенях образования остро ощущается необходимость в формировании личности, отличающейся высоким профессионализмом и чувством гражданской ответственности. Модернизация общественной жизни, определяющая цели образования с учетом духовно - нравственных, социальных и профессиональных

ценностей, вносит коррективы в совокупность требований к ключевым компетенциям специалиста. В Государственном образовательном стандарте среднего образования отражен эталон личности будущего специалиста, который включает в себя чувство собственного достоинства, высокую гражданственность, толерантность, ориентацию на социальное и профессиональное самоопределение и самореализацию, способность самостоятельно принимать решения и нести за них ответственность.

В контексте решения данной проблемы особая роль отводится системе общего среднего образования, которая, с одной стороны, призвана вооружить выпускника учебного заведения профессиональными компетенциями, а с другой - выступает в качестве важнейшего института социализации будущего специалиста, формируя духовно - нравственные, социальные и профессиональные ценностные ориентации, способствующие личностному и профессиональному становлению учащегося.

Анализ психолого - педагогической литературы показывает, что проблема формирования ценностных ориентаций учащихся средних учебных заведений в процессе образования раскрыта недостаточно полно. Недостаточность знаний по вопросам формирования ценностных ориентаций учащихся старших классов будет являться для нас научной проблемой.

Актуальность исследования объясняется тем, что большинство исследователей считают, что возрастной период, в котором находятся учащиеся средних школ, характеризуется наибольшей сензитивностью для формирования ценностной сферы будущего выпускника, поскольку именно в этом возрасте проявляется острая потребность в профессиональной ориентации, самоопределении, самоутверждении, самоактуализации, самосовершенствовании и развитие гражданской позиции личности. Иначе говоря, в этот период происходит формирование ценностных ориентаций личности, от которых зависит ее последующее профессиональное и личностное становление.

Цель исследования: изучить особенности проявления ценностных ориентаций в процессе самоактуализации учащихся старшего звена средней школы.

Объект исследования: процесс самоактуализации учащихся старших классов средней школы.

Предмет исследования: проявление ценностных ориентаций в процессе самоактуализации учащихся 8 - 11 классов.

Задачи исследования:

провести содержательный анализ понятия «самореализация личности» и ее исследование в зарубежной психологии;

проанализировать проблему типологии систем ценностных ориентации личности;

рассмотреть характеристики и ценности самоактуализирующейся личности учащихся 8 - 11 классов;

отобрать и обосновать методы и методики для эмпирического исследования;

провести количественный и качественный анализ результатов исследования, сделать соответствующие выводы;

составить рекомендации.

Методы исследования:

анализ научной литературы;

психодиагностический метод (методика диагностики самоактуализации личности А. В. Лазукин в адаптации Н. Ф. Калинина, методика М. Рокича «Ценностные ориентации»);
математико - статистический метод обработки данных.

